Мереке күндері балалар үшін - әсерлі әндер мен күйлердің, әсем билердің, қызықты көріністердің қызықты әлемі. Сондықтан әртәрбиеленуші мереке күндерін асыға күтеді, жолдастарына, тәрбиешілері мен ата-аналарына өз өнерін көрсетуге асығады. Мерекелік кештердің барлық түрлері (ән айту, музыка ырғағындағы қозғалыстар, би, музыкалық аспаптарда ойнау) - бұл балаларды музыкаға деген махаббатпен таныстырудың ерекше түрі. Бірге қуанып, серпін балаларды достық ұжымға біріктіріп, ұжымды жауапкершілікке тартады. Әр мерекеге арналған ертеңгілік жас ұрпаққа осы мерекенің үлкен қоғамдық маңыздылығын, идеялық мақсаттарын білдіруге және сол арқылы мерекеге өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Балалар мерекенің ертеңгілігін дайындау мен өткізуде ересектер ерекше орын алады. Сондай-ақ, ата-аналар балаларымен бірге ерекшелік үшін мерекелерге қатысуға тырысады. Өйткені, балалар көрсеткен өнер, орындау ерекшеліктері - бұл көңілді де, мазмұнды ойындар, онда ата-аналар өз шеберліктерін көрсете алады, сыйлықтар, түрлі естелік кітаптар бере алады - бұл балалар өміріндегі ең қуанышты сәттердің бірі, мұқият жоспарланған.

Мерекелік шара мағыналы ойын ретінде ұйымдастырылғаны өте жақсы. Мысал ретінде, балалар өнер көрсеткенде, ойыншықтары бар машиналар келеді, немесе қолында сиқырлы таяқшасы бар бөтен адам немесе екі адам бірге тұрып, пілдің бейнесін жасайды немесе сыпырғышта отырғанда дауыл соғып тұрған қарт әйел немесе ескі Қанбақ шал немесе Алдар Көсе, және, әрине, балалар өздерін бір ертегі сияқты сезінеді, іштері қатып қалғанша күледі. Осындай көріністерден кейін қызықты

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

атрибуттарды қолдана отырып, би билеп, түрлі ойындар ойнаған орынды болады. Күтпеген жерден сый-сияпаттар таратылып, мысалға бір заттың ішінен немесе қонаққа келген адамның кәрзеңкесінен, бөлке нан немесе бауырсақ түріндегі қораптардан тосын түрде шығарылып жатса, балалар дүрліге мәз болып қуанып қалады.

Осыған байланысты қорытындылай келе, күнтізбелік жоспарды құру кезінде балаларды өздерінің тұрғылықты жері бойынша еңбек сіңірген адамдарының мерекеге дайындықпен таныстыруға арналған оқу іс-әрекеттері ерекше ескерілуі

керек. Оқу іс-әрекетінің жоспары оқылатын әңгімелердің, жатталған өлеңдердің, көрсетілген суреттердің жинақталған жүйелерін, оларды бұзбай қамтуы керек. Ескеру керек басты мәселе – бұл балаларға түсінікті болуы қажет. Басты мақсат – барлық дайындық жұмыстарын мереке тақырыбына біріктіру, бірақ ата-аналарды шетте қалдырмау. Алдағы ертеңгілік туралы ата-аналарға хабарлап, қажет болған жағдайда оларға көмек сұраған жөн. Сондай-ақ, тәрбиешілер ата-аналарға мерекелерді үйде қалай атап өту керектігі туралы кеңес беру өте орынды болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» №5 (141) қыркүйек-қазан 2010 жыл.,
2. Введенский В. Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. 2003. № 10.





Алпысова Гульнафис Қабыкенқызы
Зайсан ауданы, Жалшы ауылы, «Шекарашы»
орта мектебінің КММ «Балбөбек» шағын
орталығының тәрбиешісі

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

*«Егер педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, оны жан-жақты білуі керек»
К.Д. Ушинский*

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміз бен дүние танымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көшбасындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Елдің ертеңгі мен ұлт болашағын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда мектепке дейінгі ұйымдарада де үлкен жүк отыр. Осыған орай, балабақша және шағын орталық мекемелеріне көмек көрсету мақсатында жеке тұлға ретінде қалыптасуы сәби кезінен басталады. Сондықтан ол үшін балаға барлық жағдай жасалу тиіс. Өмірге келген бала бақытты болу. Сондықтан балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірін гүлдендіріп, саналы тәрбие мен сапалы білім – біздің басты мақсатымыз.

Бала-бақша қабырғасында жүрген бүгінгі жас бүлдіршін – еліміздің ертеңгі келешегі. Тәуелсіз мемлекеттің болашақ азаматы жас ұрпақтың елін сүйген азамат болып ер жетуі жан-жақты білімді болуы, қандай мемлекет болмасын өте маңызды. Осы маңызды іске ерекше көңіл бөлген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында ел Үкіметіне «Балапан» бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырған болатын. Мақсаты:

2020 жылға дейін бүлдіршіннің барлығын мектепке дейінгі тәрбиемен қамту.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа Жолдауында «Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін көшіру керек. Үкімет пен әкімдер алдында балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100 % қамтуға қол жеткізу міндетін қоямын» – деп атап көрсетті. Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен мыңдаған балбөбектердің бақытты балдәуреніне жол ашатын бағдарлама елімізде қалыпты ырғақ пен ойдағыдай жүргізілуді. Шағын орталықта әр үйдің еркесі, әлпештеген ұлы мен қызы тәрбиеленетін орын. Балалық шақты қызықты өткізу қазіргі заман баласын жалықтырмай тәрбиелеу және ана бауырынан жаңа шыққан балаға ерекше көңіл бөліп, әр нәрсені қызықты, оны еліктіріп әкететіндей әсерлі болуы, тақырыпты таңдаудан бұрын баланың бейімділігін анықтап алу керек. Ести білуі, түсінуі, сезінуі күрделі, бірақ шешуге болатын педагогикалық тапсырма болу керек.

Балаға тақырыпты нәтиже беретіндей жұмыс жасау. Баланы осы ойға жетелей әкелу арқылы өзіміз барынша жұмыс енгізу, өзін-өзі ортада көрсете білуі, жаңа пайдалы білім,

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

іскерліктер және дағдылар алуы күрделі жұмыс. Негізінен әр бала үшін оң нәтиже осы іс-әрекетті ұйымдастыруда жыл көлемінде жүргізілетін жұмыстар тақырыбына сәйкес күнтізбелік жұмыс жасап, оны арнайы ашық сабақ ретінде өткізуге көңіл бөлдім. Жабдықталған дамытушылық ортада қарапайым іс-әрекеттің ұйымдастыруында «Мен өскенде кім болам?», «Табиғат біздің анамыз», «Қызықты математика», «Ерте-ерте-ертеде-ертегі сыр шертеді», т.б. Мысалы: Жануарлар әлемінде, тіл дамыту оқу қызметінде балалардың сурет бойынша әңгіме айта білуге, олардың төлдері, олардың дыбысталуы, қалай шақыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шығармаларды оқытқан кезде қоғамдық өмірге, іс-әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп отырған жөн. Төрт түлік туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ырым-тыйымдар және оның қандай пайдасы бар екендігі туралы сурет арқылы әңгіме айта отырып, ойларын ұштастыра отырып бала ойлау қабілетін дамыту. Үй жануарлары мен дала жануарларын ажырата білуге сабақты қортындылап шығардық.

Математикада негіздері оқу қызметімен бірге геометриялық пішіндерге байланысты арнайы дайындалған үй макеттерін, яғни бөренелерді құрастыра отырып ойларын ұштастыра отырып, дамытып, ұшбұрыш, төртбұрыш, сопақ, ұзын-қысқа деген ұғымдары қалыптасады. Сонда балалар өз ойларын айтып, болжамдарын жеткізе алады. Сандардың санамақтар арқылы тілдері мен ойлау қабілеттерін дамыта отырып сипау арқылы т.б ажырата алуға дамыту. Мысалы: Сандардың таңбаларын ажырата алуы, әр түрлі суреттердің үстіне сан таңбаларын қойып, мысалы: Аю қай санның астында орналасқан, қоян қай санның астында тұр деген сияқты сұрақтар арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамытуға болады. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Баланың логикасын дамытып, нешінші, қандай деген сұрақтар арқылы жауап табуына мүмкіндік береді. Халық даналығында «Ойнай білмеген бала, ойлай

білмейді», «Ойыннан озған бала өмірде озады.» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі баланың тілін дамыту, сөйлеу білуге үйрету, ой-өрісін дамыту. Үйренген сөздерін күнделікті еркін қолдану. Түрлі ойындардың ішінде, балаға ұнайтын ойынның бірі сахналау, театр алды ойын. Бұл ойындар сюжетті көбіне ертегілер, әңгімелер, көріністер және рольдік ойындар болып табылады. Кейіпкер бейнесін балалар өздері бейнелей алады. Баланың ойын түрлерін мазмұнды ролді ойындарынан салыстырса, айырмашылықты бірден байқауға болады.

Мұндай ойындарда балалар әдеби шығармашылығы, кейіпкердің бейнесін, мінезін беретінін көреміз. Мысалы: сәбилер тобында «Маймақ аю», «Секірген қоян» т.б. ертегілердің мінез-құлқын, қимылын, көркем бейнесін үйренеді. Бұл қимылдар өте қарапайым болсада қимыл көрсетумен ғана шектелмейді. Қимылмен бірге кейіпкердің мінез-құлқын беруге тырысады. Қалай жүруін, қимылдарын көрсетіп мәз болады. Бұл дәстүрлі әдіс баланың сөздік қорын байытып, диалог құрып сөйлеуге үйретеді. Баланың байланыстырып сөйлеуін дамумен қатар сөздік қоры дамиды. Тақырыпты жоғарыда айтылғандай іс-әрекеттің бірі-тақырыпқа жинақталады. Комплексі бұл сабақтың мақсаты баланың театр, сахналау, ән, әуен, би, бейнелеу өнері туралы түсініктерін толықтыру. Дайындық сабақ қойылымды ертегіні қайталау, дайындық мақсатында өткізіледі. Театрдің сан түрі бар. Басты кейіпкерде арнайы киіммен, маска, қуыршақ – ойыншық болғанымен де, олардың орнына бала сөйлейді. Әр қуыршақтың, әр кейіпкердің орны басқаша, ескертетін жайт, рөлді ойнайтын бала. Кейіпкердің қимылын берумен қатар, дауыс ырғағына келтіріп өз еркінімен ойнау тиіс. Бұл жағдайда біз тығырыққа тірелеміз. Яғни, екі іс-әрекетті бір мезгілде атқару балаға көп қиындық туғызады. Сондықтан тәрбиешілерге қойылатын талап, баланың бойына сол қасиетті бере білу керек. Яғни, баланың шығармашылық дамуына көңіл бөлу керек.

Ертегілер іс-әрекеттің бейнелеу өнерімен тығыз байланыста болады. Бала көргенін, естігенін, сахналап қойғанын көркем құрастырумен байланыста болатырып, шығармашылықпен бала өз ойымен сурет салуға талпыныс болуы мүмкін. Шағын орталықта қоршаған ортамен күнделікті өмірмен тығыз байланыстар жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар, қимылдық көру, есту, қайталау, тыңдау, жаттау, еске сақтау қабілеттерін жетілдіріп отыру балаларды сөйлеу білуге, тәрбешінің сұрағын түсініп дұрыс жауап беру мақсаты көзделеді. Ойынның түпкі ниеті бұл баланың қандай ойынды қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: дүкен, аурухана, шаштараз, қонақта т.б. ойын үстінде бала өзін еркін ұстауы, ал еркіндік дегеніміз дамуының баспалдағы. Сондай-ақ ойын баласының болашақ өміріне жол ашып, оның ізденпаздық, тапқырлық қабілетін оятады. Мен өз жұмысымда ойын арқылы өткізетін сабақтардың көмегімен балаға білім беріп қана қоймай, оларға қалай ойнауды үйретемін. Балалар ойнағанды ұнатып, ынталарымен беріліп ойнайды.

Қорыта айтқан да ойын баланың жан серігі. Ойын сырттай қарағанда оңай көрінеді. Ал, іс жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысады. Өзінің ойлағынын іске асыра алады. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуі, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді.

Оқу жылының басында әр баланың тілді даму деңгейі есепке алынады. Жыл ортасы мен жыл соңында тілді меңгеруі бойынша қорытынды жасалып, ата-аналарды ашық-іс шараларға қатыстырып, жыл көлеміндегі жұмыстарын көрсету. Барлық істелген жұмыстарға жыл соңында қорытынды шығарылады. Әрбір оқу қызметін өткізуге тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс-тәсілдерін пайдалануы, оқу қызметін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақ қолдануы баланың дамуын шарықтатады. Білімді меңгеру үстінде баланың ойлау қабілеті ұшталады. Жас бала еліктегіш келеді, үлгі тұтатын заттың бейнелі жағына көңіл аударғыш келеді. Тәрбиешілердің жеке тұлғаны дамытуда жан-жақты ізденпаздылығы, шығармашылығы мықты болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» 2009 ж №4. (7-8 бет); № 6. (24-25 бет)
2. «Отбасы және балабақша» 2000 ж. №5 (15 бет)
3. «Отбасы және балабақша» 2010 ж. №5 (12 бет)





**ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!
СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА
ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН КРИТЕРИЙЛЕРДІ
ҰСЫНАМЫЗ**

«Мектепке дайын болу – оқи алу, санау, жаза білу емес. Мектепке дайын болу - осылардың барлығын үйрене білуге дайын болу». (Венгер Л.А.)



ТҮЛҒАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- ☐ қоғамда «Мен... істей аламын» деген мәртебеге ие болуға ұмтылады;
- ☐ өз әрекеттерін бағалауға тырысады, ұқыпты, әрі тиянақты;
- ☐ басқалармен ортақ тіл табысып ойнайды;
- ☐ бастаған ісін соңына жеткізуге талпынады.



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- ☐ ұқсас заттарды шатастырмайды (шаршы, тікбұрыш және басқа) (қабылдауы);
- ☐ 3-4 секунд ішінде заттарды еске сақтайды және оларды атайды (зейіні);
- ☐ тақпақтарды, жаңылтпаштарды біледі, ертегі құрастырады;
- ☐ цифрлардың ретін біледі, 10-ға дейін тура және кері санайды;
- ☐ ұқсас екі суреттің айырмашылықтарын табады (логика);
- ☐ заттардың негізі белгілерін және олардың арасындағы қарапайым байланыстарды біледі.
- ☐ сурет салу, мүсіндеу, жапсыру техникасын меңгерген (шығармашылық қиялы);
- ☐ таныс әндерді айтады, әуендер шығарады (қабілеті).



ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- ☐ үйдегі, көшедегі, қоғамдық орындағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі;
- ☐ жіпке моншақты, түймені өткізеді, жармаларды сұрыптай біледі ;
- ☐ дәптердегі торға өрнектер салады;
- ☐ жедел жәрдем, өрт және полиция қызметтерінің телефондарын атайды;
- ☐ «жаяу жүргіншілер өткелінің», бағдаршам белгілерін түсінеді;
- ☐ пайдалы тағам өнімдерін біледі, дене жаттығуларын жасайды.



ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- ☐ эмпатия мен төзімділік танытады;
- ☐ ересектермен бірлесіп еңбек әрекеттерін орындайды;
- ☐ жақындарына, айналасындағы адамдарға, туған үйі мен өлкесіне сүйіспеншілігін көрсете алады;
- ☐ топтың мүддесін қорғай біледі.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы Сізде сұрақтар туындаса, келесі байланыс желілері арқылы хабарласыңыз: 8(7172) 28-09-50; rc-dd.kz



УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ! ВАШЕМУ ВНИМАНИЮ ПРЕДЛАГАЕТСЯ КРИТЕРИИ ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ГОТОВНОСТИ РЕБЕНКА К ОБУЧЕНИЮ В ШКОЛЕ

«Быть готовым к школе-не значит уметь читать, писать и считать. Быть готовым к школе-значит, быть готовым всему этому научиться».
(Венгер Л.А.)



ЛИЧНОСТНАЯ ГОТОВНОСТЬ

- ☐ стремится занять в обществе статусную роль «Я умею....»;
- ☐ старается оценивать свои действия и поступки ;
- ☐ выполняет задание по образцу с помощью взрослого;
- ☐ старается доводить дело до конца.



ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА

- ☐ не путает похожие предметы (квадрат,прямоугольник);
- ☐ запоминает предметы в течение 3-4 секунд и перечисляет их (внимание);
- ☐ знает стихи, скороговорки, сочиняет сказки;
- ☐ Знает последовательность цифр, умеет считать до 10 в прямом и обратном порядке;
- ☐ находит различия в двух почти одиноковых рисунках (логика);
- ☐ знает основные признаки предметов, элементарную связь между ними.
- ☐ Владеет техникой рисования, лепки, аппликации (творческое воображение);
- ☐ Поет знакомые песни, импровизирует мелодии (способности).



ФИЗИОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА

- ☐ знает элементарные правила безопасности в доме, на улице, в общественном месте;
- ☐ нанизывает бисер, пуговицы на нитки, рассортировывает крупы ;
- ☐ рисует узоры по клеточкам в тетради;
- ☐ называет телефоны скорой помощи, пожарной и полицейской служб;
- ☐ Понимает дорожную разметку «пешеходный переход» и сигналы светофора;
- ☐ знает полезные пищевые продукты, выполняет физические упражнения



СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА

- ☐ проявляет эмпатию и толерантность;
- ☐ совместно со взрослыми выполняет трудовые действия;
- ☐ проявляет любовь к близким, окружающим людям, родному краю;
- ☐ Подчиняется интересам группы.

Республиканский центр «Дошкольное детство» Если у Вас остались вопросы, обращайтесь по контактному данным 8(7172) 28-09-50; rc-dd.kz



Қазіргі кезде баланың мектепке дайындық мәселесі өзекті болып табылады. Бұл «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының алты жастан бастап 1-сыныпқа балаларды қабылдауға қатысты нормаларының күшіне енуімен байланысты.

Бала мектепке барар алдында не білуі керек деген мәселе ата-аналарды толғандырады. Егер 5-6 жастағы бала оқи алса, санай білсе және жасына қарай зияткерлік дамыған болса, бұл оның мектепте оқуға дайын екенін білдірмейді, яғни мотивациялық саланы дамыту маңызды бағыт болып табылады. Бастауыш мектепте оқу үшін баланың:

- оқуға ынтасы;
- оқи алуы;
- өз күшіне сенімді болуы әлдеқайда маңызды.

Зерттеуші-ғалымдар мектеп жасына дейінгі баланың дамуындағы сапалы жаңа деңгейге көшуде ең бастысы, оның оқу қызметіне психологиялық дайындығы деп есептейді.

Мектепке психологиялық дайындық нені білдіреді?

Оларға: танымдық процестердің белгілі бір даму деңгейі (зейін, есте сақтау, ойлау), жаңа әлеуметтік ұстанымды қабылдауға дайын болуы, өзін-өзі бағалау, оқуға ынтасы, сондай-ақ зияткерлік саланың, қарым-қатынас деңгейінің және ерікті мінез-құлықтың жеткілікті дамуы жатады.

Балаларды мектепке дайындау тұрғысынан маңызды фактор балалардың мінез-құлық дағдыларын: өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеруіне байланысты.

Шетелдік және отандық авторлардың көптеген ғылыми зерттеулерінде психологиялық дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді.

Балалардың мектепке психологиялық дайындығының құрылымы: тұлғалық, зияткерлік және еріктік дайындықты қамтиды

Жоғарыда аталған барлық компоненттердің маңызы бірдей, сондықтан баланың мектепте табысты бейімделуі және жақсы оқуы үшін олар белгілі бір деңгейге сәйкес келуі керек.

Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Тұлғалық дайындық мыналарды қамтиды

- **мотивациялық дайындық** – әлеуметтік мотивтердің қалыптасуы (әлеуметтік қажеттілік, әлеуметтік маңызды мәртебеге ие болуға ұмтылу), сондай-ақ оқу және танымдық мотивтердің қалыптасуы мен басымдығы;
- өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы – баланың физикалық мүмкіндіктерін, біліктерін сезінуі, сондай-ақ өзінің жетістіктері мен жеке қасиеттерін бағалау қабілеті;

коммуникативтік дайындық – құрдастарымен, ересектермен іскерлік қарым-қатынас орнату мүмкіндігі. Басқа



адамның көңіл-күйін сезінуі, мінез-құлқын ережелерге бағындыруы, сонымен қатар мектептегі жағдаймен бірге оқушы рөлін орындау мүмкіндігі;

эмоционалды жетілу - баланың өз сезімдерін білдірудің әлеуметтік нормаларын игеруі, жоғары сезімдердің қалыптасуы - эстетикалық (әсемдікті сезінуі), зияткерлік (таным), адамгершілік (жауапкершілік, мейірімділік);

• **Мектепке зияткерлік дайындық** – баланың қалыптасқан белгілі бір ой-өрісінің, нақты білімі, біліктері мен дағдыларының болуын болжайды. Оның құрамдас бөліктері:

танымдық дайындық - белгілі бір білім, түсініктер мен біліктердің жиынтығы, негізгі ойлау операцияларын меңгеру (салыстыру, талдау, синтез, жалпылау, жіктеу),

сөйлеу дайындығы – баланың байланыстырып, грамматикалық және фонетикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуді меңгеруі: басқаның өзіне тікелей айтылған сөзді түсініп қана қоймай, өз ойын білдіру үшін сөйлемдер құрай білуі;

қабылдау, есте сақтау, зейін және қиялдың дамуы -сенсорлық эталондар жүйесін қолдану (түс, пішін, көлем); есте сақтаудың ауқымдылығы (кеңістікті, уақытты бағдарлау және т.б.), зейін (қимылдарға, сөздерге, белгілерге, заттарға назар аударуы);сенсомоторлық үйлесімділік пен ұсақ моториканы дамыту.

• **Мотивациялық дайындық** - бұл баланың мінез-құлқын басқаруға, ойын жинақтауға, алаңдамауға, тәртіп сақтауға, педагог талап ететін әрекетті орындауға, өз әрекетінің нәтижесін бағалауға қабілеттілігі. Бірақ, бұл жаста ерікті әрекеттің барлық компоненттері жеткілікті дамымағанын естен шығармаған абзал.

Сондай-ақ, шығармашылық әрекет түрлері (сурет салу, мүсіндеу, құрастыру және т.б.) зор маңызға ие, онда баланың әрекетті реттеуі дамиды - жоспарлау, түзету, бақылау.

Баланы ересектер түрлі әрекеттерге қызықтыратын болса, баланың бойындағы ең жақсы адами қасиеттерін ашып, оны дамыту мүмкін болады.

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

1. Істеу керек емес

Сіздің күш-жігеріңіз тиімді болу үшін мына кеңестерді пайдаланыңыз:

1. Мектеп жасына дейінгі балалар қатаң түрде регламенттелген, қайталанатын, қызықсыз сабақтарды нашар қабылдайды. Сондықтан сабақтарды ойын түрінде өткізген дұрыс.

2. Ата-аналар балаға мектеп туралы айтып, қорқыныш тудырмауы керек: «Мектепке барғанда, мұғалім сені тыңдауға мәжбүр етеді!». Мұндай мәлімдемелер баланың мұғалімге деген сенімсіздігін тудырады.

3. Балаға дөрекі сөйлеуден, айқайлаудан және мынадай нұсқаулар беруден аулақ болуға тырысыңыз: «саған бір нәрсені қанша рет қайталау керек», «сен тағы да дұрыс жасамадың... олай емес...».

4. Жағымсыз бағалаудан аулақ болыңыз, қолдау көрсетіңіз, баланы шыдамдылық, табандылық танытқаны үшін жиі мадақтаңыз. Балаңызды ешқашанда басқа балалармен салыстырмаңыз, оның әлсіз жақтарын баса айтпаңыз. Оның өз күшіне деген сенімін қалыптастырыңыз.





- ✓ Үйінің мекен-жайы.
- ✓ Тұратын қаласын, елді мекенін білу.

3. Балаңыз мультфильм қарап болғаннан кейін оның мазмұны туралы айтып беруін сұраңыз – бұл сөйлеуді дамыту үшін жақсы жаттығу болып табылады. ондай-ақ, бала сізге шынымен қызықты екенін көруі үшін сұрақтар қойыңыз. Бала сөйлегенде сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтып жатыр ма, соған назар аударыңыз, егер қателіктер болса, онда балаға қателіктерін айтып, түзетіңіз.

4. Балаңызбен мектепке барыңыз, мектептегі мінез-құлық ережелерін және т. б. талқылаңыз.

5. Танымдық процестерді дамыту бойынша ата-аналарға ұсыныстар:

1) зейін:

- 15-20 минут бойы алаңдамай, қандай да бір іспен айналысу;
- заттар мен суреттерден ұқсастықтарды, арасындағы айырмашылықтарды табу;
- үлгі бойынша жұмысты орындай білу, мысалы, қағаз парағында үлгіні дәл шығару және

т. б.;

- жылдамдықты қажет ететін ойындарды ойнау жеңіл болып келеді.

мысалы, ойын алдында ережелерді талқылағаннан кейін: егер бала үй жануарларының дыбысын естісе, онда ол қолын шапалақтауы керек, егер құстың дауысын естісе, қолын бұлғайды.

5. Жаттығуларды қайталаңыз. Баланың ақыл-ой қабілетінің дамуы уақыт пен тәжірибемен анықталады. Егер қандай да бір жаттығу сәтсіз болса, үзіліс жасаңыз, кейінірек оған қайта оралыңыз немесе балаңызға жеңілірек нұсқаны ұсыныңыз.

6. Баланы дұрыс жұмыс жасағаны үшін мадақтауды ұмытпаңыз, тіпті егер жақсы жасалмаса да: «бүгін жақсы, бірақ бір нәрсені ұмытып кеттің...» деп қолдау көрсетіңіз.

7. Балаға өзіне ұнайтын нәрсені жасауға мүмкіндік беріңіз.

8. Табыстарының жеткіліксіздігіне алаңдамаңыз.

9. Шыдамды болыңыз, асықпаңыз, балаға зияткерлік мүмкіндіктерінен тыс тапсырмалар бермеңіз.

10. Балада қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастықта әрекет ету қабілетін дамытыңыз. Сізде балаңызбен тіл табысуға тамаша мүмкіндік пайда болғанын естен шығармаңыз..

Сізге сәттілік, өзіңізге және балаңыздың мүмкіндіктеріне көбірек сеніңіз!

2. Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс:


- ✓ Өз атыңды және тегіңді ата.
- ✓ Жасың нешеде?
- ✓ Ата-аналарының аттарын білу.
- ✓ Анам қайда және кім болып жұмыс істейді?
- ✓ Әкем қайда және кім болып жұмыс істейді?
- ✓ Ағаң немесе қарындасың (сіңілің) бар ма? Олар неше жаста? Олар сене үлкен бе немесе кіші ме?



СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

Зейінді дамытуға арналған жаттығулар:

- пазлдардан, таяқшалардан үлгі бойынша сурет құрастыру;
- артық затты алып тастау («Төртінші артық»);
- екі ұқсас суреттегі айырмашылықтарды табу;
- көптеген заттар арасынан екі бірдей затты табу;



- торкөздер бойынша сурет салу.

2) есте сақтау:

- 10-12 заттық суреттерді есте сақтау;
- өлеңдерді, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, ертегілерді және

т. б. жатқа айту;

- 4-5 сөйлемнен тұратын мәтінді қайталау;

3) математика негіздері:

- 0-ден 10-ға дейінгі сандар;
- 1-ден 10-ға дейін санау және 10-нан 1-ге дейін кері санау;
- дөңгелекті, шаршыны екіге бөлу, төрт бөлікке бөлу;
- кеңістікте және қағаз парағында бағдарлау: «оң, сол, жоғары, төмен, астында, үстінде, арында және т. б. Егер бала шатасып кетсе (әсіресе солақай балаларда кеңістіктік бағдарлаудың бұзылуы жиі кездеседі), алаң болмаңыз, бірақ шыдамдылықпен бірнеше рет түсіндіріңіз.

- негізгі геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажырату және дұрыс атау, заттарды көлемі бойынша (үлкенірек, кішірек) салыстыру және ажырату. Жаттығу үшін арнайы сабақтар қажет емес; оларды күнделікті жүргізуге болады.

4) ойлау:

- сөйлемді аяқтау, мысалы, «аю үлкен, қоян ...», «сорпа ыстық, шырын...» және т. б.;
- «үстел, орындық, кереует, етік», «түлкі, аю, қасқыр, ит, қоян» және т. б. сөздер тобынан артық сөзді табу;
- алдымен оқиғалардың реттілігін анықтау, содан кейін не болады;
- суреттерде, өлең-ертегілерде сәйкессіз-діктерді табу;
- ересектің көмегінсіз пазлдарды жинау;
- ересекпен бірге қағаздан қарапайым затты бүктеу: қайық, кеме;
- оқиғалардың желісі бойынша суреттерді орналастыру және толық әңгіме құрастыру.

5) сөйлеу:

- бірнеше сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру;
- суреттер мен суреттер сериясынан дәйекті әңгіме құрастыру;
- өлеңдерді интонациямен мәнерлеп айту;

6) ұсақ моториканы дамыту:

- қаламды, қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстау және жазу мен сурет салу кезінде оларды дұрыс басу;

- сызықтың сыртына шықпай заттарды бояу және штрихтау;

- қағазға салынған сызық бойынша қайшымен қию;

- жапсыруды орындау.

7) қоршаған әлем:

- негізгі түстерді, үй және жабайы жануарларды, құстарды, ағаштарды, көкөністер мен жемістерді және т. б. білу;

- жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жыл құстарын және қыстайтын құстарды, айларды, аптаның күндерін, қандай мамандықтар бар екенін атау.





В настоящее время проблема готовности ребенка к школе приобрела особую актуальность. Это связано с тем, что за последнее время были внесены изменения в связи с вступлением в силу нормы Закона Республики Казахстан «Об образовании», касательно приема детей в 1 класс с шести лет.

Волнения родителей вполне обоснованы: что ребенок должен знать и уметь перед поступлением в школу. Если ребенок 5-6 лет умеет читать, знает основы элементарного математического счета и развит интеллектуально по возрасту, то это не значит, что он готов к обучению в школе. Особенно важным направлением является развитие мотивационной сферы. Намного важнее, чтобы к началу обучения в начальной школы ребенок:

- хотел учиться;
- умел учиться;
- был уверен в своих силах.

Ученые-исследователи считают, что самое главное при переходе на качественно новую ступень в развитии ребенка дошкольного возраста – его психологическая готовность к учебной деятельности.

Что означает психологическая готовность к школе?

К ним относятся: определенный уровень развития познавательных процессов (внимание, память, мышление), готовность к принятию новой социальной позиции, самооценка, желание учиться, а также достаточное развитие интеллектуальной сферы, уровня общения и произвольного поведения.

Важным фактором в плане подготовки детей к школе придается овладению детьми некоторыми навыками поведения: самообслуживания, гигиенические и культурные.

В большинстве научных исследованиях зарубежных и отечественных авторов особое место отводится именно психологической готовности.

Структура психологической готовности детей к школе включает в себя следующие подвиды: личностную, интеллектуальную и волевою.

Все вышеперечисленные компоненты равнозначны, и для успешной адаптации и плодотворного обучения ребенка в школе должны соответствовать определенному уровню.

Рассмотрим более детально, что представляет собой каждая из них.

- **Личностная готовность** включает

мотивационную готовность – сформированность социальных мотивов (потребность в социальном признании, стремление к приобретению социально значимого статуса), а также сформированность и доминирование учебных и познавательных мотивов;

сформированность самооценки - осознание ребенком своих физических возможностей, умений, переживаний, а также способность оценить свои достижения и личностные качества;

коммуникативная готовность - умение устанавливать деловые отношения



со сверстниками, взрослыми. Умение, чувствовать настроение другого человека, подчинять свое поведение правилам, а также исполнять роль ученика с ситуацией школьного обучения;

эмоциональная зрелость - освоение ребёнком социальных норм выражения своих чувств, отсутствие импульсивных реакций, сформированность высших чувств – эстетических (чувство прекрасного), интеллектуальных (радость познания), нравственных (отзывчивость, доброта).

- Интеллектуальная готовность к школе – предполагает наличие у него сформированного определенного кругозора, запаса конкретных знаний, навыков и умений. Ее составляющие:

познавательная готовность - наличие определенного набора знаний, представлений и умений, овладение основными мыслительными операциями (сравнение, анализ, синтез, обобщение, классификация),.

речевая готовность - владение им связной, грамматически и фонетически правильной речью: умение не только понимать, прямо обращенную к нему речь другого, но и самостоятельно строить предложения для выражения своих мыслей;

развитость восприятия, памяти, внимания и воображения - использование системы сенсорных эталонов (цвет, форма, величина); большая опосредованность памяти (умение ориентироваться на месте, во времени и др.), внимания (реакция на жесты, слова, знаки, предметы); развитие сенсомоторной координации и мелкой моторики.

- Мотивационная готовность - заключается в способности ребенка управлять своим поведением, сосредоточиться, не отвлекаться, соблюдать дисциплину делать то, что от него требует педагог, оценить результат своего действия. Но нельзя забывать, что в данном возрасте все эти компоненты волевого действия еще недостаточно развиты.

Также большое значение имеют творческие виды деятельности (рисование, лепка, конструирование и др.), где развиваются высшие формы регуляции деятельности – планирование, коррекция, контроль.

Таким образом, от того как мы сможем заинтересовать ребенка, раскрыть и развить в нем лучшие человеческие качества зависит от нас, взрослых.

РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ ПО ПОДГОТОВКЕ ДЕТЕЙ К ШКОЛЕ

1. Не следует делать

Чтобы ваши усилия были эффективными, воспользуйтесь следующими советами:

1. *Дети дошкольного возраста плохо воспринимают строго регламентированные, повторяющиеся, монотонные занятия. Поэтому при проведении занятий лучше выбирать игровую форму.*

2. Не следует родителям пугать ребенка школой: «Пойдешь в школу, учительница быстро заставит тебя слушаться В школе не пикнешь!». Такие высказывания вызывают у ребенка недоверие к учителю.

3. Старайтесь избегать укоряющего тона, грубых окриков и таких вот руководящих указаний: «Сколько раз повторять одно и тоже», «Опять ты делаешь не то... не так...».

4. Избегайте неодобрительной оценки, находите слова поддержки, чаще хвалите ребёнка за его терпение, настойчивость и т.д. Никогда не подчеркивайте его слабости в сравнении с другими детьми. Формируйте у него уверенность в своих силах.

5. *Повторяйте упражнения. Развитие умственных способностей ребёнка определяется*





временем и практикой. Если какое-то упражнение не получается, сделайте перерыв, вернитесь к нему позднее или предложите ребёнку более легкий вариант.

6. Не забудьте похвалить ребенка за правильно выполненную работу, даже если сделано не все и не совсем так: «Сегодня уже лучше, но вот ты забыл...».

7. Предоставьте ребенку возможность заниматься тем делом, которое ему нравится.

8. Не проявляйте излишней тревоги по поводу недостаточных успехов и недостаточного продвижения вперед.

9. Будьте терпеливы, не спешите, не давайте ребёнку задания, превышающие его интеллектуальные возможности.

10. Развивайте в ребёнке навыки общения, дух сотрудничества. **Помните, что у вас появилась прекрасная возможность подружиться с ребёнком.**

Успехов вам и больше веры в себя и возможности своего ребёнка!

2. Ответы на эти вопросы должен знать каждый ребенок

- ✓ Называть свое имя и фамилию.
- ✓ Сколько лет?
- ✓ Знать имена родителей.
- ✓ Где и кем работает мама?
- ✓ Где и кем работает папа?
- ✓ Есть ли у брат или сестра? Сколько им лет? Старше они или младше?
- ✓ Домашний адрес.
- ✓ Город, страну, где проживает.

3. Если ваш ребенок посмотрел мультфильм, попросите рассказать о его содержании – это станет хорошей тренировкой речи. При этом задавайте вопросы, чтобы ребенок видел, что это для вас действительно интересно. Обращайте внимание на то, правильно ли ребенок при рассказывании произносит слова и звуки, если есть какие-то ошибки, то деликатно говорите о них ребенку и исправляйте.

4. Посетите с ребенком школу, обсудите правила поведения в школе и т. д.

5. Рекомендации родителям по развитию познавательных процессов:

1) внимания:

- заниматься каким-либо делом, не отвлекаясь, в течение 15-20 минут;
- находить сходства и отличия между предметами, картинками;
- уметь выполнять работу по образцу, например, с точностью воспроизводить на своем листе бумаги узор и т.д.;
- легко играть в игры на **внимательность, где требуется быстрота реакции.** (н/р, обсудив перед игрой правила: если ребенок услышит домашнее животное, то он должен хлопнуть в ладоши, если птица – помахать руками.

Упражнения на развитие внимания:

- выкладывание рисунка из пазлов, фигур из палочек по образцу;
- исключение лишнего («Четвертый лишний»);



СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

- нахождение различий в двух похожих картинках;
- нахождение двух одинаковых предметов среди множества предметов;
- срисовывание по клеточкам.


2) памяти:

- запоминание 10-12 предметных картинок;
- рассказывание по памяти стихов, скороговорок, пословиц, сказок и т.п.

- пересказывание текста из 4-5 предложений;

3) основ математики:

- цифры от 0 до 10;
- прямой счет от 1 до 10 и обратный счет от 10 до 1;
- деление круга, квадрата напополам, четыре части;
- ориентирование в пространстве и листе бумаги: «справа, слева, вверху, внизу, над, под, за и т. п. Если ребенок путается (особенно часты нарушения пространственного расположения у леворуких детей), не нервничайте, а терпеливо объясняйте, и не один раз.



- различать и правильно называть основные геометрические фигуры (круг, квадрат, треугольник, прямоугольник), сравнивать и различать предметы по величине (большой, меньший).

Для тренировок вовсе не обязательны специальные занятия; их можно вести по ходу обыденной жизни.

4) мышление:

- заканчивать предложение, например, «река широкая, а ручей...», «суп горячий, а компот...» и т. п.;
- находить лишнее слово из группы слов, например, «стол, стул, кровать, сапоги, кресло», «лиса, медведь, волк, собака, заяц» и т. д.;
- определять последовательность событий, чтобы сначала, а что – потом;
- находить несоответствия в рисунках, стихах-небылицах;
- складывать **пазлы без помощи взрослого**;
- сложить из бумаги вместе **со взрослым простой предмет: лодочку, кораблик**;
- разложить картинки по хронологии событий и составить полноценный, развернутый рассказ.

5) речь:

- составлять предложения из нескольких слов;
- составлять связный рассказ по картинке и серии картинок;
- выразительно рассказывать стихи с правильной интонацией;

6) мелкой моторики:

- правильно держать в руке ручку, карандаш, кисть и регулировать силу их **нажима при**


письме и рисовании;

- раскрашивать предметы и штриховать их, не выходя за контур;
- вырезать ножницами по линии, нарисованной на бумаге;
- выполнять аппликации.

7) окружающий мир:

- знать основные цвета, домашних и диких животных, птиц, деревья, овощи, фрукты и т. д.;
- называть времена года, явления природы, перелетных и зимующих птиц, месяцы, дни недели, какие бывают профессии.





Бекбаева Динара Дулатқызы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
КМҚК №15 «Рахат» балабақша бөбекжайы
педагог-модератор, педагог-психолог

«МЕН МЕКТЕПKE БАРАМЫН...» (ата-аналарға психологиялық кеңес)

Аңдатпа: Болашақ бірінші сынып оқушысын мектепке психологиялық тұрғыдан үй жағдайында дұрыс дайындау жөнінде ата-аналарға кеңес беру.

Түйін сөздер: Мектепке дайындық, бейімделу.

Мектепке дайындық - бұл даулы және екіұшты мәселе. Бір жағынан, баланы бірінші сыныпқа дайындау, әрине, қажет. Бірақ бұл үшін болашақ бірінші сынып оқушысын қалай дұрыс дайындау керек? Болашақ бірінші сынып оқушысы не білу қажет? Үй жағдайында баланы мектепке қалай дайындауға болады? – деген көптеген сұрақтар қазіргі жас отбасыларды толғандырады. Қазіргі мектептің талаптарын ескере отырып, баланы бірінші сыныпқа үй жағдайында да дайындауға болады.

Мектеп табалдырығын аттау – әр баланың өміріндегі өтпелі кезең. Мектепке барған баланың күнделікті тіршілігіне өзгеріс енгізеді. Мектепке дейінгі жасқа тән еркелік, бейқамдық, ойынға берілу көптеген талаптар міндеттер және шектеулері бар өмірмен алмасады. Енді бала әр күні мектепке баруы керек, күн тәртібін орындауы, мектеп өмірінің ережелеріне бағынуы керек, мұғалімнің талаптарын орындау, сабақта мектеп бағдарламасы талабына сай шұғылданду, үй тапсырмаларын тиянақты орындау, оқу жұмысында жақсы нәтижелерге қол жеткізу, т.б.

Мектепке баратын балада психологиялық тұрғыда өзгерістер болады. Бала өзінің есейгенін сезіп, үлкен болғанына мақтанады. Жеке адамдық, танымдық

және ақыл-ой мүмкіндіктері, көңіл-күй, қарым қатынас ортасы өзгереді. Осы кезде ата-ана баланың сәтсіздіктеріне шыдамдылық, талпыныстарына қолдау көрсетуі қажет. Әр ата-ана мектепке даярлауда баланы зияткерлік біліммен ғана емес, қарым-қатынас, дос болу, өзін-өзі күту дағдыларымен де қаруландыруды қажет ететінін түсінуі керек. Әр баланың өзіндік жеке ерекшеліктері мен даму қарқыны әр түрлі, соны ескере отырып жұмыс істеген жөн.

Ата-аналарға кеңес: Ешқашан балаңызды басқалармен салыстырмаңыз, өйткені бұл кемшілік кешенін тудыруы мүмкін. Сонымен, үйде мектепке дайындалу кезінде мынаны жасаңыз:

- баламен көбірек сөйлесіңіз, бірге оқыңыз, талқылаңыз және оқылғанды қайталаңыз,
- жиі санаңыз: өнімдер, ойыншықтар, көшедегі заттар, адамдар,
- әріптерді атаңыз және белгілерді, қораптардағы сөздерді оқыңыз,
- әр түрлі қолөнер жасаңыз,
- жұмысыңызды бағалауға, кемшіліктерді көруге және түзетуге үйретіңіз,
- қиындықтарды жеңуге, тапсырмаларды соңына дейін аяқтауға, басталған жұмысты жарты жолдан тастамауға үйретіңіз,

– бірге оқыңыз, кітаптарды талқылаңыз, әсерлеріңізбен бөлісіңіз, мектеп өмірі туралы әңгімелерге артықшылық беріңіз,

– өзіңізді сенімді және сізсіз сезіну үшін оған көбірек еркіндік пен тәуелсіздік беріңіз.

Мектепке психологиялық дайындық жұмыстары танымдық қабілеттерін дамыту үшін жаттығулар жасауды қамтиды.

Есте сақтау мен зейінді дамыту: Үстелге әртүрлі заттарды салыңыз (мектеп тақырыбына байланысты – қалам, дәптер, қарындаштар, альбом). Бала бөлмеден шыққан кезде, заттарды ауыстырыңыз немесе бір нәрсені алып тастаңыз. Қайтып оралғанда ол не өзгергенін айтуы керек.

Қиялдың дамуы: Т.Рибонның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды деп тұжырымдайды. Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамиды уақыты [2]. Суреттерді мектеп тақырыбына орналастырыңыз (мысалы, кірпі сабаққа кешігіп келді). 5 минуттан кейін бірінші сынып оқушысы оларға дәйекті әңгіме жазуы керек.

Ойлауды дамыту: Ретсіз орналастырылған сандар қатарын жасаңыз. Балаңызға сандарды ретімен орналастырып шығуын сұраңыз.

Сөйлеуді дамыту: Мысалға бір немесе екі сөзден тұратын сөйлем құрастыру. 5 жәнк 6 жастағы балалар барлық дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, әдеби шығармаларды мәңгерлеп оқуға, бес және алты сөзден тұратын сөйлемдерді ересектердің көмегінсіз құрастыра алуға, өз тәжірибиелеріне сүйене отырып әңгіме құрастырулары тиіс. Тәрбиеші балалның ересектермен немесе құрбы-достарымен еркін сөйлесуге жағдай жасап қоймай, сонымен қатар оны әрі қарай жүзеге асыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын ең алдымен ойын іс-әрекетімен байланыстыру қажет. Себебі ойын іс-әрекеті барысында баланың ақыл-ой қабілетімен қатар сөздік қоры молаяды.

Мотивацияны дамыту: Мектепке бармайтын жануарлар мен балалардың өмірде қалай қиын болатыны туралы ертегілерді оқыңыз. Керісінше-одан үйрену қаншалықты қызықты және пайдалы екендігін түсіндіріңіз. Күнделікті осындай 1-2 жаттығуды орындау – бұл мектепке жақсы психологиялық дайындықтың бірі деп санаймын. Балаңызбен бірге күнделікті 30 мин шұғылдансаңыз жеткілікті. Ұзақ уақытқа созылса балаңызды жалықтырып, мектепке деген қызығушылын жоғалтуыңыз мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шестилетний ребенок в школе Москва 1986 год В.С.Мухина
2. Кулагина И.А. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет. – М., 1998.
3. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики - М., 1981.





Сагындыкова Сауле Солтановна

Ақмола облысы, Көкшетау қаласы
МКҚК «Арай» балабақшасының
тәрбиешісі

БАЛАБАҚША – БАҚЫТ БАСПАЛДАҒЫ

*«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып,
оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».
В.А. Сухомлинский*

Аңдатпа. Баланың дамуының іргетасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі – балабақшада. Әрі қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бірізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, «Мені» танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады.

Түйін сөздер: балабақша, тәрбиеші, бүлдіршіндер, тәрбиешінің шеберлігі, ұрпақ тәрбиесі.

Еліміздің өркендеуі мен гүлденуі - болашақ ұрпақ қолында. Бүгінгі күннің айдарындағы басты мәселе бала тәрбиесі. Бала тәрбиесі тәрбие жұмыстарында ғана емес, тәлім, таныс үрдістерінде жүзеге асады. Тәрбие мен білім өмір жолындағы үзіліссіз процесс. Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына танымдық қабілет дарыту міндетіміз. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу - қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Адам бойында ең тамаша қасиеттер балалық шағынан қалыптасады. Ұрпағым өнегелі, жақсы азамат болып өсіп жетілсін десек, ең алдымен бесігінді түзе – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың сөзі тегін емес. Тірбиенің әліппесі баланың белі бесіктен шықпай жатып ана сүтімен сіңіріліп, ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері сол сәби шақтарынан-ақ үлгі етіп тартыла басталуы керек. Балалабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі

жан-жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Балабақша – білім мен ортаға бейімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім-тәрбие алып, 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол – балабақша тәрбиешісі. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты,

жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта - тағы да балабақша.

Бақшадағы оқу қызметері бес сала бойынша іске асып, барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп, қарым-қатынасқа икемдейді. Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын-қысқа, үлкен-кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізуші. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Бақшаны - бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны - болашақтың қақпасы деп білуіміз керек.

Болашақтың қақпасы - әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай

өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те бақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын - адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де, тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?» - деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша - тек балаға бас-көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін - сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Балабақшада дұрыс тәлім - тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді - әділдікке үйрету, дәрігерлерді - жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды - нақтылыққа тәрбиелеу - барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Қорытынды: Балабақша - баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға,

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ


нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты. Баланын болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – балабақша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана

тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әрбір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР«Білім туралы» заңы. 2007 жыл, 27 шілде Астана
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2009 жыл
3. Республикалық педагогикалық журнал «Бала мен балабақша» №1, 2017жыл, Алматы.
4. «Отбасы және балабақша» журналы. №3, 2012жыл. Алматы
5. *otbasy_jane_balabaqsa-15267*. «Отбасы және балабақша» сайтынан





Казимова Оксана Есенкелдиевна
Екібастұз қаласы, Солнечный кенті,
№17 сәбилер бақшасының
тәрбиешісі

МЕЙІРІМДІ БОЛУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Білім саласы: Қатынас

Бөлімі: Көркем әдебиет

Құндылық: Ақиқат

Қасиеттер: Қарапайымдылық, адалдық, әділдік

Топ: Ересек жас

Сабақтың мақсаты: Балалардың санасына мейірімділікті сіңдіру және үйрету.

Білімділік: Балаларға өзін тани білудің мәнін түсіндіре отырып қарапайымдылық қасиеті туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Балалардың өзін-өзі тануға, өзін-өзі түсінуге бағыттау арқылы адалдық қасиетіне баулу.

Тәрбиелік: Балаларды өзін-өзі тануға, әділдікке тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Мультимедиялық тақта, мазмұнды суреттер, мақал-мәтел, дәйексөз, маркер, кітаптар аққағаз, гүл, жүрек, көбелек суреттері, қалам немесе бояу, қағаз.

Билингвальді компонент: Қарлығаш – ласточка, мейірімділік-доброта, қамқор болу-заботиться, көмектесу-помогать

Сөздік жұмыс: Шәкәрім Құдайбердіұлы «Өзіңді өзің танысаң – істің басы»

Дәйексөзді бірінші кезекте ұл балалар қайталап айтады Содан соң қыз балалар қайталап айтады.



Шаттық шеңбер:

Білер қазақ баласы,

Сәлем – сөздің анасы.

Алдымыздан кезіккен

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем береміз.

- Балалар, бүгін біз сендермен адамның бір қасиеті жайлы әңгімелесеміз, адам онсыз өзін адаммын демейді.

Мақал-мәтелдер: Мейірімділік – жүректен

Мейірімсіздік – білектен

Мейірімділік – кісінің көркі (Балалар тәрбиешінің көмегімен қайталайды және мейірімділік туралы бір бір тақпақ жаттап келуге үйге тапсырма береді) Біздің топтың балалары осыны қалай әңгімелейді екен. Тақтаға назар аударайық.

Суретпен жұмыс:

- Балалар, суреттен кімдерді көріп тұрсындар? (Құстар мен балалалар.)

- Қай балалар жақсы деп ойлайсындар? (Құстарды ұясына салып жатқан балалар жақсы.

- Неге олай ойлайсындар? (Олар құстарды ренжітпейді)

- Ал, мына балаларды неге жаман деп ойлап қалдыңдар? (Олар құстарға тас лақтырып жатыр.)

Әңгімемен таныстыру:

«Қайырымдылық»

(Баяу жағымды әуеннің ырғағында әңгімені мәнерлеп әңгімелеп беру)

Сәулет пен Келбет далада ойнап жүр. Ыстықтан тершігендеріне қарайтын емес. Келбет допты Сәулетке қарай лақтыра беріп

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

тоқтай қалды. Екі көзі қалықтай ұшып жүрген қарлығаштарда.

-Ананы қарашы, әне! Сәулет жоғары қарады. Қарлығаштар төмендеп ұшып, қайта көтерілді. Екі бала қарап тұрды. Қарлығаштар шырылдап айнала ұшып жүр.

- Ой, - деді сүрініп кеткен Сәулет тізесін сипалап. – Әне, ана балапанды қарашы!

- Кәне, қайсы? Қай жерде?

- Әне! Байқа, басып кетпе! Келбет келіп қарады. Кіп – кішкентай тұмсығын жерге тіреп, қызылшақа балапан жатыр. Көздерін ашып – жұмып, дір – дір етеді. Сәулет балапанды абайлап көріп:

- Ұядан ұшып түскен ғой, - деді.

- Тірі ме?

Иә, тірі сияқты.

Бізден қорқып тұрған шығар? Онда ұясына салайық, - деді де сатыны әкеліп, үйдің қабырғасына сүйеді. Балалар балапанды ұясына салды. Қарлығаштар енді көңілді. Олар көкке көтеріліп, балалардың төбесінен екі – үш айналып өтті. Бірнеше рет оқиды. Түсініксіз сөздерді қарапайым сөздермен түсіндіреді.

Сөздік жұмыс: Қарлығаш – деген құс бар. Оның құйрығы айыр болады, бірақ ол үй құсы емес, дала құсы.

Сергіту сәті:

Кәне, қанат жазайық,

Қарлығаш боп ұшайық.

Ұшып, ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу.

- Әңгіме не жайлы?

- Әуеде не ұшып жүрді?

- Сәулет жерден нені көрді?

- Ол балалардың орнында болсаңдар сендер не істер едіңдер?

- Мейірімді болу дегеніміз не?

- Мейірімді болудың қандай пайдасы бар?

Енді, сөздердің өзге тілдерде де аталуын айтып көрейік:

Билингвальді компонент: Қарлығаш – ласточка, мейірімділік-доброта, қамқор болу-заботиться, көмектесу-помогать

Сөздік жұмыс: Шәкәрім Құдайбердіұлы «Өзіңді өзің танысаң – істің басы»

Ойын ойналады: Балалар тақтаға қараңдаршы. Мынау мейірімділік гүлінің түймедағы күлтешелерді мейірімді сөздерді айтып орналастыруымыз керек.


Рефлексия: Суреттерді көрсете отырып, сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылайды. Қарлығаштың суретін бояйды. «Балалардың мейірбанды жүрегі» шеңбері Балалардың мейірбанды жүрегі, Адамдарға бақыт, шаттық тілегі. Достықты сақтай біліңдер, Өз Отандарыңды сүйіңдер!

Күтілетін нәтиже:

Белгілі бір іс-әрекет жасайды: Суреттер арқылы әңгімені толық жеткізе алады

Түсінеді: Мейірімділік туралы толыққанды түсінеді

Қолданады: Сөздерді дұрыс қолданады.





Назарбаева Айгуль Оразгалиевна
 Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
 Әйтеке би кенті
 № 21 «Алпамыс» бөбекжай-бақшасының
 тәрбиешісі

ӘДЕМІ ҚҰС. ОРТА ТОП.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет салу

Тақырыбы: Әдемі құс. Орта топ.

Мақсаты: Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуды үйрету. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауды үйрету. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Құстардың суреттері

Қажетті құрал-жабдықтар: ақ парақ, табиғи құнсыз зат (губка) фломастер, сүлгі.

Әдісі-тәсілі: АКТ, Ойын технологиясы, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, сергіту сәті.

Алдын ала жүргізілген жұмыс; Балаларға құстар туралы тақпақ жаттату.

Кіріктірілген оқу қызметі: Музыка, Денешынықтыру, Математика негіздері.

Билингвальді компонент: Құс-птица, торғай-воробей, қарға-ворона, қарлығаш-ласточка



Шаттық шеңбері (Балалар өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қосылып айтады)
 Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық,

Жерден нәр алайық

Алақанға салайық.

Күншуағын апайларға сыйлайық

Ғажайып сәт: Үнтаспадан әртүрлі құстардың дауысын тыңдату. Балалар ненің дауысын естіп тұрсындар?

Балалар: Құстардың дауысын естідік.

Тәрбиеші: Балалар ендеше бүгінгі оқу қызметімізді құстарға арнайтын боламыз. Қандай құстарды білесіңдер?

Балалар: Торғай, Сауысқан, Қарға, Бозторғай, Қарлығаш.

Тәрбиеші: Біздің ауылымызда қандай құстар кездеседі? Балалар - торғай, қарға, қарлығаш. Құстардың қандай пайдасы бар? Олардың қандай табиғатқа пайдасы бар? Табиғатты қорғауға, аялауға сендер қандай үлестеріңді қосып жатырсындар? (Балалардың жауаптары тыңдалады.)



Тәрбиеші: Ал балалар құстар туралы тақпақ жаттап едік, соларды есімізге түсірейікші

Айару: Құс сұлуы аққуым,
 Табиғат көркін сыйлаған.

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

Мылтығын кезеп ешмерген,
Атуға көзі қимаған.

Жансұлтан: Әлемге мәлім елімнің,
Тоқылдақ толы орманы.
Ажарын ашып жерімнің,
Тәрбиелеп тұрса болғаны.

Жансұлу: Қуаныш құйып көңілге,
Даланың сансыз торғайы.
Күнімен мөлдір көгімде,
Әндетіп тұрса болғаны.

Балалар бәріміз экранға қарап құстарға назар аударайық. Денелері сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшкір, үсті мамықпен жабылған, әртүрлі дауысты шығарады екен. Құстар немен қоректенеді? Жем, тары жейді, құрттармен қоректенеді. Қайда мекендейді? Олар ұшады, ұяда мекендейді. Балапандары қашан және қалай пайда болады? Балапандары көктемде жұмыртқадан пайда болады. Балалар қазір бәріміз құстың суретін дәстүрден тыс әдіспен, яғни губканы гуашка батыру арқылы салатын боламыз. Ол үшін губкадан жасалған әртүрлі пішіндерді дайын бояуға малып, ақ пара қбетіне бастырып, тұмсығын, көздерін, аяқтарын фломастермен саламыз. (Баламен жұмыс)

Сергіту сәті: Балалар өлең шумақтарына сәйкес қимылдар жасайды.

Қәне, қанат жазайық, қарлығаш болып ұшайық.

Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.
Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық,

Сауысқан болып секіріп, тоқылдақ болып шоқиық

Тыйым сөздер: Құстардың ұясын бұзба. Құстардың балапанына тиіспе. Құсқа тас лақтырма.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? құстар туралы не білдіңдер? Қандай әдіспен сурет салдыңдар? Губкадан жасалған әртүрлі пішіндерді бастыру әдісі бойынша не салдық. Балалар бәріміз «Әдемі құстар» ойнаймыз ол үшін бізге Дьенеш блоктары қажет болады.

Шарты: Дьенеш блоктарымен өздеріне ұнаған түстерді пайдалана отырып, құстың бейнесін құрастырады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: құстардың түрлерін, олардың аттарын атай білді.

Түсіне алады: құстарды бір-бірінен айырмашылығын ажыратып, сұраққа толық жауап беруді игерді.

Қолданады: әртүрлі пішіндерді пайдаланып, құстың суретін табиғи құнсыз зат (губкадан) салуды.



Есалиева Нурзия Мирамғалиевна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай –бақшасының
тәрбиешісі

ТӘРБИЕШІ – БАЛА БОЙЫНА БІЛІМ НӘРІН СЕБЕТІН БАСТЫ ТҰЛҒА

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздің ертеңі болашақ ұрпақтың тәрбиелі, саналы, білімді азамат болып өсуіне, үздіксіз білім беру жүйесіне бағытталған.

Түйін сөз: Мақалада мектепке дейінгі ұйымның жан-жақты жұмыстарын көрсете отырып, келешек ұрпағымыздың жұмыстары мен жетістіктері баяндалады. Балабақша, тәрбиеші, тәрбиеленуші, тәрбиешінің шеберлігі, ұрпақ тәрбиесі, баланың санасы, еліміздің ертеңі.

Кез келген ұлттың болашағы – ұрпақтың тәрбиесімен ұштасып жатыр. Сондықтан да, мемлекет бұл мәселеге мейлінше мән бермейінше, келешегінің кемел болатынына кепілдік те жасай алмайтыны ақиқат. Ал жас өскелеңді тәрбиелеудегі бірден бір орта – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі білім беру – оқытумен өз білімін жетілдірудің алғашқы баспалдағы. Балабақша – бала болашағының қайнар көзі, тәрбиеші сол бұлақ бастауының жүрегі.



Балабақша – бұл баланың өмір сүретін бір әлемі, сонымен бірге тәлім-тәрбие беріп, қызығушылығын арттыратын білім ошағы. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие

берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай бұл тамаша түйін сөзді өз ата-аналарымыз қағида ретінде ұстаса нұр үстіне нұр болар еді. Мектепке дейінгі шақта жетекші іс-әрекет ойын болып есептелінеді. Ойын-балаға қарым-қатынас заттармен іс-әрекет жасауды үйрететін, баланы тәрбиелеу мақсатында қолданылатын балалар әрекетінің бір түрі.

Қазіргі таңда еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы болып отыр. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оның жетілдіру жолдары іздестірілуде. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің басты борышы. Міне сондықтан кішкене бүлдіршіндеріміздің жеткен жетістіктері бәріміздің, яғни өз отанымыздың да жетістігі десем артық айтпаған болар едім. Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту-

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

дың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласы әр бөлімдерінің ұйымдастырылған оқу қызметтерінде салт-дәстүрдің баланың бойына сіңіруде үлкен жұмыстар жасалуда. Сонымен қатар осы білім саласында балалар арасында түрлі ойын түрлерін қолдануда жарыстар, сайыстар, ойын додалары мен білімдерін шыңдауда көптеген жұмыстар жасалуда. Бұл саладағы күш-жігер алдымен бүлдіршіндерді отандыққа тәрбиелеуге бағыттайды. Қазіргі заман жылдан жылға өзгеруде, сонымен бірге балабақшада қолданатын технологиялар да жаңаша түрде өзгеріп отыр. Мұнда заман өзгерген сайын, әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуда қызықты болуы үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолданып келеміз. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.



Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу қызметтері ойын арқылы ұйымдастырылып отырғандықтан, балалар қай жағынан болса да, сол оқу қызметін қызықты ұйымдастыруда есте сақтау қабілеттері де тез қабылдап, сақтап қалады. Тәрбиешінің еңбегі тәрбиеленушінің нәтижесінен көрінеді. Балалардың жетістігі – педагог еңбегінің жемісі, тәрбиеленушілердің жетістіктері қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жүлделі

орындарға ие болып келеді. Байқау – шығармашылық бағытта еңбек ететін кез келген адамға шабыт сыйлайтын, алдағы жұмысына ынталандыратын шара. Жұмысты жүйелі атқара білу бар да, оны көрсетіп, бөлісе білу бар. Бұл да шығармашылық адамына аса қажетті қасиет.

Мектепке дейінгі сала қажырлы еңбек пен табандылықты талап етеді. Осы саланың маңызын арттырып, қоғамдағы беделін көтеру – сол саладағы педагог-қызметкерлердің міндеті. Мектепке дейінгі ұйымда сонымен қатар бес білім саласы бойынша әр түрлі білім додасы, яғни білім жолымен олимпиадалар ұйымдастырылып отырады, оның ішінде балалардың білімдерін шыңдап, ары қарай басқа балабақшалармен жарыса отырып, жоғары деңгейден көрінуде үлкен жұмыстар атқарылып отырады. Мысалы айта кететін болсақ бұл «Бәрін білгім келеді», «Біз мектепке барамыз», «Ойна да, ойлан» - номинациялары бойынша Білім жолымен мектеп жасына дейінгі балалар олимпиадасы деп аталады.

Бұл ой додасы балаларды ойлауға, шапшаңдыққа тәрбиелеуге, білімге деген құштарлыққа, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылыққа тәрбиелеуге жетелейтін ой додасы. Осы арқылы жан-жақты білім алып, жетістіктері арқылы мектепке дайын екендіктерін көрсете алады. Байқаулардың барлығында «Мақсат – жеңуден бұрын байқауға қатысу» дейтін бір жақсы сөз бар. Әрине жарыста жеңіске жету кез келген балаға ұнайды, алайда байқауда бақ сынау, өз қабілет қарымыңды байқап көру – ең маңыздысы. Өйткені бұл қатысушы баланы болашақ істерін тиімді жоспарлауға, алға мақсат қоюға, міндеттерді нақтылауға жәрдемдеседі. Мұндай шаралар педагогтердің шығармашылығын шыңдап, жұмысқа деген құлшынысын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар балабақшада түрлі, әрі қызықты тәжірибелер мен эксперименттер ұйымдастырылып отырады. Мұнда өмірдегі құбылыстар барлық жағынан түрлі және түрлене түсетіндіктен, ол жағын да балаларға көрсетіп таныстыруда, әр түрлі іс-әрекеттер арқылы балалардың ой-қиялын

дамытуын қадағалап отырылады. Міне сондықтан Қытай мақалында айтылғандай «Айтылған нәрсе ұмытылады, көрсетсе есте қалады, дәмін татуға берсе түсінеді»-деген екен. Баланың көргені мен жасағаны олардың құштарлықтарын одан әрі жетелей түсуді қажет етеді. Мысалы табиғаттағы жанды мен жансыздарды ажырату, яғни тірі және өлі табиғат, бұлттың пайда болуы немесе судың қасиеті, табиғаттағы құбылыстар туралы түсінік беру баланың шығармашылық қабілеттерін арттыратыны айдан анық. Балабақшада ерекше қабілетті балалар кездесіп отырады, яғни оларда ерекше зейінділік, есте сақтауы жоғары, таным аясы өте кең, қиялдары ұшқыр, тілі ерте дамыған ойлау белсенділігі жоғары болып келеді. Ал осы ұрпақты бүгінігі таңда жан – жақты, терең білімді, интеллектуалды деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптасырудың бірден – бір жолы – жас ұрпақты шығармашылыққа жетелеу. Яғни мұндай балалармен зияткерлік ойындарға, байқауларға қатысу, ынталандыру арқылы марапаттап отыру, сонымен қатар эмоциялық және әлеуметтік дамуына көмектесетін қолайлы заттық-кеңістік дамытушы орта құру арқылы мектеп жасына дейінгі дарынды балалардың дамуына көмек жасау және қолдау көрсетіліп отырылады. Сонымен қатар ұлттық құндылықтар мұнда атадан балаға мирас болып келе жатырған салт-дәстүр, ұлттық ойындар, қазақи ұлттық киімдер немесе аспаптары барлығы мектепке дейінгі ұйымда білім саласында өзіндік орны бар. Менің ойымша тәрбиешінің міндеті тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірде өз бетімен жұмыс істуге дағыландыру, өмірге, болашаққа деген сенімдерін бекіту. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тағдыры дегеніміз-ұлт тағдыры. Ал әрбір ұлттың болашағы оның білімді де іскер, талантты да мәдениетті, адамгершілігі асыл қасиеттері бойына сіңген тәрбиелі ұрпақтың қолында. Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ, еншісінде.



БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық ғылыми журналы «Мектепке дейінгі тәрбие» 2008 жыл
2. Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика»
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
4. Республикалық педагогикалық «Бала мен балабақша», «Отбасы және балабақша» журналдары.





Жолдасбаева Арайлым Амирхановна

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы
«№15 «Рахат» балабақша-бөбекжайы КМҚК
педагог модератор, тәрбиеші

АС АТАСЫ – НАН

Тақырыбы: Ас атасы – нан

Білім беру саласы: Қатынас, Әлеумет.
Ересек топ.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет, Қоршаған ортамен танысу

Білімділік: «Ас атасы – нан» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе, диқаншылар еңбегімен таныстыру. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.

Дамытушылық: Тәрбие сағат кезінде жүйелі сөйлеу, терең ойлау, зейін аудару білуге қабілеттерін дамыту. Өлең, мақал-мәтелдер арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру, тіл байлықтарын жетілдіру. Үш тұғырлы тілде сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Үлкендердің еңбегін бағалауға, қасиетті нан тағамын қастерлеуге тәрбиелеу. Балаларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Нанның түрлері, диірменнің көрінісінен видео фильм, әр балаға иленген қамыр.

Сөздік жұмыс: наубайхана, диірменші, қауыз, диқан.

Алдын ала атқарылатын жұмыс: Нан жайлы өлең, мақалдар жаттау, «Нан қайдан шығады?» әңгіме жүргізу.

Тілдің үш тұғырлығы: Бидай-пшеница - wheat, таба нан-хлеб - bread.

Кіріспе: Тәрбиеші: Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар! Бүгін бізде ерекше күн! «Ас атасы – нан» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне қош келдіңіздер!

- Балалар, бүгін бізге көптеген

қонақтар келген екен, бәріміз қонақтармен амандасайық.

Шаттық шеңбері:

Қайырлы таң,
Күннің көзі ашылсын.
Көкке шуақ шашылсын,
Құтты қонақ келіпті.
Төрімізге еніпті,
Ал,қанеки бәріміз
Сәлем дейік үлкенге,
Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Психожаттығу: «Жылы лебіз»

- Балалар, адам жанының, жүрегінің кілті – біздің езуімізде. Біз достарымызға осы күннің шуағын беру арқылы бүгінгі күнге жылы тілектерімізді айтайық, күлімдейік.

- Балалар, бүгін оқу қызметіміз өте ерекше болмақ... Мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңдер:

Негізгі бөлім: Жұмбақ

Алтын сары тоны бар,
Асты тас, үсті тас,
Қауызында дәні бар. (Бидай)
Ортасында піскен ас (Таба нан)

Тәрбиеші: балалар үш тілде айтып көрейік бидай - пшеница - wheat, таба нан - хлеб - bread.

«Ас атасы – нан» видео-фильм (нанның қалай, қайдан шығарылатыны туралы түсінік беру).

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу қызметіміздің тақырыбы: «Ас атасы нан». Балалар, дастарханға келетін бір түйір нанға қаншама адамның маңдай тері сіңеді.

Қазір біз нанның қандай еңбек жолда-

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

рымен келетінін теледидардан көрейік.

Күн жылынып көктем шығысымен адамдар бидай егуге кіріседі, ол үшін тракторға арнайы жер жыртатын пұлық тағып алып жер жыртады, жыртылған жерді тегістеу үшін тегістейтін құралын тарағын салып жерді тегістейді, тегістелген жерге бидай себеді оны жаз бойы суарып, күтіп, баптайды. Күзде бидай биік сап-сары болып шығады, оны комбайнмен орып жинайды, жиналған бидайды көліктермен диірменге апарайды, диірменде бидайды тартып ұн жасайды, ұнды наубайханаға апарып ұннан нан, тоқаш, бауырсақ пісіріп дүкендерге жібереді.

Тәрбиеші: Неліктен біз «Ас атасы – нан» деп айтамыз? Қазақта «Ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни, астың, дәмнің үлкені – нан. Балаға кішкентай кезінен нанды баспауды, жерге тастамауды үйретеді. Нан қасиетті. Адам кез-келген тамақты екі күн жесе, ол қанша нәрлі болғанымен, сол тамақтан жалығады. Бірақ, адам баласы наннан өмір бойы шықпайды. Нан дастарханның сәні. Нан болса әнде болады дейміз.

Міне, балалар біздің дастарханымызға нан оңай келмейді екен. Үйде аналарымыз ұннан қамыр илеп, ашытып, бізге неше түрлі дәмді нандарды дайындайды. Ұннан жасалатын тағамдар нан, тоқаш, бауырсақ, кеспе, тәтті нан.

Нан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Асылжан: Нанда өмірдің иісі мен дәні бар,

Нанда адамның еңбегі мен ары бар.

Нан – өмірдің ана сүті, арқауы,

Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.

Айназ: Из чего печется хлеб,

Что едим мы на обед?

Хлеб печется из муки,

Что дают нам колоски.

Айсұлтан: Ей, бабалар, балалар!

Болмаңдар, сірә, нанға тар.

Өмірдің алтын арқауы,

Бар қасиет нанда бар.

Тәрбиеші: Балалар, мен бүгін аспазшы апайды қонаққа шақырдым қазір келіп қалуы мүмкін.

Осы кезде аспазшы апай келеді. Балалармен амандасады.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, аспазшы апай біз сізді күтіп отырмыз, біздің балалар тоқаш жасауға дайын. Тәтті тоқаш жасауды үйренеміз бе балалар?

Аспазшы: Балалар, олай болса мен сендерге тәтті тоқашты қалай дайындау керектігін үйретейін. Алдымен, алжапқыш пен бас киімімізді киейік.

(Балалар тәтті тоқаш жасауға іске кіріседі)

Балалар, тоқаш дайындау үшін бізге ұн, су, жұмыртқа, тұз, ашытқы қажет.

Аспазшы балаларды мақтап, балаларға тәтті тоқашты қалай дайындау керектігін көрсетеді. Балаларға қамырдан тоқаш түрлерін жасап, бетіне түрлі дән-дақылдарды себуді үйретіп көрсетеді.

(Осы кезде ұнтаспадан жәй әуен орындалады)

Тәрбиеші: Балаларымыз өте алғыр, еңбекқор, берілген тапсырмаларды мұқият орындайды. Біздің балаларымыз нан туралы мақал-мәтелдерді де жақсы айтады.

Мақал-мәтелдер: Ас-атасы нан.

Нан-дастарханның сәні.

Нан-қуат көзі.

Нан болса, ән болады

Аспазшы: Балалар, мен енді осы жасалған тәтті тоқаштарды пешке салып пісіріп әкелейін.

(Орындалған тапсырманы аспазшы асханаға пісіруге алып кетеді.)

Тәрбиеші: Балалар, шаршаған болармыз, қане барлығымыз бір сергіп алайық.

Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай,

Басын иіп аққудай.

Трактор мен комбайн,

Жүргізуге мен дайын. *(Балалар қимыл-қозғалыспен сергіту жаттығуын жасайды)*

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Бидай, нан туралы тағы қандай тақпақ өлең білеміз?.....

Балалардың тағы қандай тақпақтары бар екен?

Инжу: Нан – ардақты адал ас,

Кәрі - жас одан аттамас.

Нандай жоқ қой асыл дән,

Жеп үйренген жасыңнан.

Дастарханнан нан кетсе,

НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

Береке кетер асыңнан.

Айша: Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

1 топтың балаларына дидактикалық ойын: «Не артық?»

Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, нан пісіру үшін қандай азық-түлік керек екенін табу.

Қыздар нанды пісірудің ретін еске түсіріп, қамыр илеу үшін не керек екенін табуы керек. Әр түрлі азық-түліктің суреттері тұрады. Қыздар өздері не қажет екенін тауып, артық суреттерді алып тастайды.

2 топтың балаларына дидактикалық ойын: «Ретімен қой»

Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, нан дастарханға қалай келетінін рет-ретімен сурет бойынша көрсету.

Ұлдар үстел үстінде жатқан суреттер арқылы құрастыру. Нанның қалай келетінін, суреттердің орындарын рет-ретімен тауып қоюы керек.

Тыйым сөздер:

1. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды.
2. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.
3. Нанды аяқ астына тастама.

(Тәрбиеші тыйым сөздерді іс-тәжірибе жүзінде нанды қолына ұстап балаларға көрсетеді)

(Аспазшы апай балалардың жасаған тәтті тоқаштарын әкеліп береді.)

Аспазшы: Қане, балалар мына тәтті тоқаштарыңда дайын болды, өте дәмді көрінеді. Тоқаштарыңды апайларыңа берейін, түскі аста үлестіріп береді.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі біздің ұйымдастырылған оқу қызметіміз не жайында болды? Нан-қасиет, нан-береке, нан-мереке дегендей, сендер нанды қадірлеп, қастерлей білуеріңіз керек. Диқаншылардың маңдай терін бағалай білейік. Балалар осы біздің нанымыз, сәніміз, молшылық күз мезгілінде піседі екен. Дүниеде байлықтың түрі көп. Солардың ішіндегі ең негізгісі – осы нан байлығы. Ендеше біз қонақтарға күз әнін айтып берейік.

Қорытынды: балалармен кері байланыс жасау, оқу қызметінен алған әсерлерімен бөлісу, белсенді балаларды мадақтау, бағалау сыйлықтар беріп, ынталандыру.





Ержанова Ақбота Сарсенбековна
Екібастұз қаласы, Солнечный кенті
№ 17 сәбилер бақшасының
тәрбиешісі

ТҮСТЕР ӘЛЕМІ. КІШІ ТОП.

Білім беру слаласы: Таным

Бөлімі: Математика негіздері

Тақырыбы: Түстер әлемі. Кіші топ.

Мақсаты: Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл. Балаларды еңбекке баулу, түстерді ажырата білуге ақыл ойын дамытып, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Дидактикалық құралдар: Шарлар, түрлі-түсті жапырақтар, пішіндер, пирамида.

Блингвистикалық компоненті: Қызыл - красный, көк - синий, сары - желтый, жасыл - зеленый.

Ұйымдастырылған кезең: Сәлеметсіңдер ме балалар! Көңіл күйлерің қалай? Бүгінгі оқу қызметіне дайынбыз ба?

Шаттық шеңбер: Табиғат – біздің анамыз, Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Негізгі бөлім: Балалар, көзімізді жұмайық. Қазір біздер «Түстер әлеміне» саяхатқа барамыз. Топқа әсем әуеннің ырғағымен түстер әлемінің сыйқырлы кірпілері кіреді. Сәлеметсіздер ме, балақайлар!

Проблемалық жағдай орнату: Балалар қараңыздар, бізге бүгін Күн күлімдеп тұр!, күннің түсі - сары. Сендер бүгін түстер әлеміндегі көптеген түстердің тапсырмаларын орындауларың керек. Бізбен бірге орындауға дайынсыңдар ма? Кірпілер.

Балаларды проблеманы шешуге бағдарлау: Кірпілермен бірге балалар жұмыс жасайды. Түстерге байланысты доптарды бөледі.

Педагогтің жетекшілігімен ойын: «Кірпіге сыйлық»

Мақсаты: Балаларды түстерді дұрыс ажырата білуге үйренеді

Ресурстары: Кірпі мен жеміс-жидектердің суреті

Сергіту сәт: Кел, балақан, балақан

Шапалақта алақан,

Жай-жай-жай.

Қозғап барлық денені,

Қаттырақ қол соқ енді,

Сарт-сарт-сарт.

Айтқан кезде өлеңді,

Ақырын бас еденді

Жай-жай-жай.

Құрылымдалған ойын: «Жапырақты құрастыр»

Мақсаты: Жапырақтарды құрастыра отырып, балалар түстермен танысады.

Ресурстары: Жапырақтардың түрлі-түсті шашылған суреттері. Балалар қазір жылдың көктем мезгілі, ал көктем мезгілін қандай түске бейнелеуге болады? Көктем туралы балалар тақпақтар айтады.

Еркін ойын: «Көңілді доптар».

Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету.

Ресурстары: Себет, түстер. Балалар, біз «Түстер әлемінің» тапсырмаларын орындадық. Саяхатымыз аяқталды. Енді көзімізді жұмып, өз тобымызға қайтамыз.

Қорытынды бөлім: Қане, балалар шеңберге тұрайықшы. Балалар бүгін біз сары, жасыл, көк, қызыл түстерімен таныстық. Балалар біздер менің түстер әлемімнің тапсырмаларын орындадық. Тапсырмаларымызда аяқталды. Сендерге бүгінгі тапсырмаларымыз ұнады ма? Сендерге түстер әлемінің сыйлығы бар. Балаларға шарлар таратылады.

Күтілетін нәтиже: Балалар түстерді ажырата біледі. Өз бетінше берілген тапсырманы игереді. Түстер туралы алған білімдерін меңгереді.





Кенжеболатова Лаула Алихановна
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы
«№25 ЖОББМ», «Бөбек» шағын орталығының
тәрбиешісі

БАЛАНЫҢ ДҮНИЕ ТАНЫМЫН СЕРУЕН, БАҚЫЛАУ, ОЙЫН ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛІН ДАМУ

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Мектепке дейінгі шақ - балалардың сезімдік тәжірибесінің орасан молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың балаға тән түрлерін игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болып табылады.

Баланың сөйлеу тілін дамыту, меңгеруге бағытталған материалдарды жинақтай отырып, тілін дамытуды ұйымдастыру, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру тіл дамытуда әдіс тәсілді тиімді пайдаланып, оны түрлендіру болып табылады. Мектепке дейінгі балаларды айналамен таныстыру - бұл олардың санасына қоршаған орта, табиғат туралы сезілетін тәжірибесіне негізделген шындық тұрғысындағы білім қалыптастыру және оған деген дұрыс қарым-қатынасқа тәрбиелеу әдісі. Балалар ересектердің әсері арқылы адамгершілік қарым-қатынаста бола отырып, қоршаған ортаны, ондағы табиғат құбылыстарын және басқа өмірді тани біледі. Айналамен таныстыру барысында кеңістік, уақыт, заттың пішіні, түсі, сапасы, салыстырмалы түрде үлкен-кіші, қатты, сұйық деген ұғымдар қалыптасады. Қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыра отырып, балалардың ұғымын кеңейтеміз. Әрбір бала өзінің қоршаған

ортасын айналадағы құбылыстарды тану арқылы жетіледі.

Қоршаған ортамен танысу бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөндерін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б. айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді. Балалар әсіресе ұлдар жағы қызығы көлік түрлерін, яғни ұшақ, поезд, жеңіл, жүк машина және әртүрлі көліктер түрлерінің міндеттерін жақсы біледі. Балалар бос уақытында жүк машинасымен ойнағанды жақсы көреді.

Қоршаған орта мен тәрбие жұмыстарының түрлері: Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған ортаның нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты болып табылады. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен

құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да серуен арқылы бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Серуен: тәрбиешінің көмегімен атқарылатын іс-әрекет. Серуен барысында балалардың табиғатқа қызығушылықтарын арттыра отырып, бақылау жұмыстарын өткізу. Біріншіден, арнайы бағдарлама пайдалану оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады.

Балалардың танымдық құзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі тәрбиешінің қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты болып келеді. Баланың жан-жақты дамуы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну-танып білу- жүзеге асыру» - осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор. Табиғи нысанды қабылдау, зерттеу баланы шаршатпауы тиіс. Бала бақылауды жақсы көңіл-күймен бастап, сондай жақсы әсермен аяқталуы тиіс. Бақылау барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару. Серуен кезінде әртүрлі ойындар арқылы жаңа ойын технологияларын әдіс-тәсілдердің қолдану қажет. Серуен барысында тек бақылап қана қоймай, еңбек шараларын қатар жүргізіп отыру керек. Серуенде ағаштарды, гүлдер мен шөптерді ажыратуға, оларға қам-қорлықпен қарауға көңіл аудару керек. Еңбек барысында - ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылықтарын дамыту қажет.

Бала серуен барысында (еңбек, бақылау, ойын) - әрекеттері арқылы, не үйренді, неге

қызығушылықтарының артқанын сұрай отырып, қортынды жасау. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл - ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Мектепке дейінгі жас - естің және тілдің қарқынды даму жасы. Тәрбиеші-педагог баланы ертеңгі болашағына дұрыс көзқараспен қарай отырып, баланың мінез құлқын, сана-сезімнің, тілінің жетілу дәрежесін, таным үрдістеріні (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағдар беру керек. Балалардың тілдерінің дамуы, байланыстырып сөйлеу дағдылары - (зейін, қабылдау, есту, ойлау, есте сақтау) - қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Ой дамыту - тіл дамытумен ұштасады. Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі - жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай, жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Балаларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді. Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Оқу әрекеті барысында сөздік жұмысы балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты. Балаларды асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру.

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

Тіл дамыту барысында ойынның атқаратын рөлі. Ойын-баланың жеке басын дамытуда, сөздік қорын молайтуда, қоршаған ортамен танып-білуінде, өздігінен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыруда, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда ерекше орын алады. Жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға арналған пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі ретінде заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету, ойын іс-әрекеті жағдайымен қамтамасыз ету сұрақтары айқындалған. Бала үшін ойын - өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Ойында балаларды не қызықтырады?- деген сұрақ туындайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай

ойынтүрлері де әртүрлі болып келеді. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс әрекетіне айландырып, ойын түрін күрделендіре түсу керек. Ойын тек балалар ойнайтын болып емес, оқу әрекеті барысында қолданылатын ойын түрлері. Оқу әрекетіне қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді: Дидактикалық ойын, сюжеттік рөлдік, қимыл-қозғалыс ойындары (ұлттық ойындар), Саусақтар ойыны, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойындар оқу әрекеті барысында балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылады. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу әрекеті барысында қолданылатын ойын түрлерін жас ерекшеліктеріне қарай қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Ж. Едігенова «Ойната отырып, тәрбиелеу» 2010ж-40-50 бет
2. Қазақстан мектебі №7, №8, №9, 5-36 бет
3. Сыр мектебі 15.10.2008ж.
4. Қазақтың ұлттық ойындары.





Гатаева Эльвира Амантаевна

БҚО әкімдігі білім басқармасының
«Теректі ауданының білім беру бөлімі» ММ
аудандық әдістемелік кабинетінің мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша әдіскері

БӘЙТЕРЕК – ҮЗДІК БАЛАБАҚША

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Ә. Назарбаев

Ересек адамдардың көбі өмірге тәй-тәй басқандағы ең алғашқы ортасын, балабақшадағы алаңсыз күндерін сағынышпен еске алады. Сондықтан да балабақша–бақыттыбалалықтыңмекеніндей әсер қалдырады. Орал қаласы іргесіндегі Теректі ауданына қарасты Подстепный ауылындағы «Бәйтерек» бөбекжайы 2012 жылы «Балапан» бағдарламасы аясында ашылды. 290 орынға арналған бөбекжайда 12 топ жұмыс істейді. 1997 жылдары қиын кезеңдерде балабақша жекенің қолына өтіп кеткелі бері бұл ауылда балабақша болмаған. Көпшіліктің сұранысымен, көп жыл күтіп бөбекжай ашылғанда жергілікті тұрғындардың қатты қуанғаны рас.

Тәуелсіздік жылдарында Подстепный ауылында тұңғыш рет ашылған бөбекжай аз уақыттың ішінде өңіріміздегі маңдайалды бөбекжайлардың біріне айналды.

2015 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі республика бойынша 77 мектепке дейінгі ұйымды жаңа технологияларды сынақтан өткізген болатын. Бөбекжай «Воскобович», «Ф.Фребель сыйы», «Триз», «З.Дьенеш, М.Монтессори

ойын технологияларын қамтыды. БҚО бойынша бес балабақша үздік атанды. Солардың қатарында Бәйтерек те болды. 2017-2020 жылдар аралығында облыстық білім басқармасы жанынан «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық зертханасы құрылды. Облыс бойынша 18 балабақша қатысса, солардың қатарында да Бәйтерек бөбекжайы болды. Бұл жолы балалардың сөздік қорын дамыту мақсатында «Театр бізде қонақта» тақырыбында түрлі бағытта жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтсам, «Қуыршақ», «Орамал», «Көлеңке», «Үстел үсті», «Саусақ», «Тантамер» және т. б. театрлар түрінен жұмыстар көрсетілді. Одан әрі 2018-2019 оқу жылында зертхана





жұмыстары «Бала тілі – бал», «Қазағымның киелі домбырасы», «Асық ойыны – ұлттық қазынамыз», «Білеміз. Үйренеміз. Дамимыз», «Жол және біз» тақырыптарында жалғасты. 2020-2021 жылдары «Асыл тастан, өнер жастан», «Табиғат жанашырлары» тақырыбында интеллектуалдық дамыту зертханасы ұйымдастырылды. Күні кеше ғана облыстық білім басқармасы облыстық экология орталығымен келісімшартқа отырған. Енді облыстағы 18 мектеп пен 11 балабақшада экологиялық бағыттағы жұмыстар арнайы мамандардың қатысуымен жүйелі түрде жүргізілмек.

«Бәйтерек» бөбекжайы таңғы сағат 7-де есігін айқара ашады. Өйткені ата-аналар ертемен қалаға жұмысқа жиналатындықтан, кезекші топ ерте келіп, балаларды қабылдайды. Бөбекжайдағы бүлдіршіндер сырт киімін шешіп, топқа кірген соң ертеңгілік жаттығу басталады. Оған дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкант қатысады. Таңғы астарын ішкен соң күн режимі бойынша оқу үрдістері басталады. Содан соң сәбилер серуенге шығады. Тәрбиешілер серуенге де ерекше мән береді. Таза ауада тек серуендеп қоймай, түрлі жаттығулар, қимыл-қозғалыс

ойындарын ойнап, ауа райы құбылыстарын бақылайды балалар.

Бөбекжай ұжымы алғашқы кездері бөбекжайға балаларын көбіне аналары алып келетінін байқайды. Кешкілік келетін де, жиналыс, түрлі шараларға да қатысатын аналар. Осы көріністі күнде көрген ұйымшыл ұжым «Әкелер мектебін» құруға шешім қабылдады. Сөйтіп, айына бір күнді тек әкелер күні етіп белгілейді. Бұл күні бөбектерін әкеліп, өздері шешіндіріп, киіндіріп, кері алып кетуі керек. Осылай біртіндеп енді бөбекжай жанынан баласын жетектеген әкелер қатарының арта бастағанын көріп, іс-шараға да әкелерді қатыстыра бастайды. Алғашында біразы қатысқысы келмей, бас тартқан болатын. Бірақ іс-шараға белсенді қатысқан замандасын, оған қуанған балдырғанның бал-бұл жанған жүзін көрген, бас тартқан әкелер енді өздері де жайлап іс-шараға қатыса бастады.

Бір қызығы, сұрастыра келе, домбыра тартатын әкелер көп екенін білдік. Сөйтіп, әкелеріне домбыра тартқызып, балаларын қастарына отырғызып қойдық. Бұл әке үшін де, бала үшін де ерекше сәт. Қыздар мерекесінде әкелер арнайы шақырылды.



Олар қыздарымен билеп, арнайы құттықтады. Осындай ерекше сәтте көзіне жас алып, жылаған аналар, қыздар болды. Оларға қарап, біз де толқыдық. Өйткені отбасында тұйық, біртоға ер-азаматтар өзінің қызын, жұбайын ерекше жақсы көретінін ашып айта бермейді. Сондықтан бөбекжай да, мектеп те әкелерді қоғамдық іс-шараға көбірек тартып, бала өміріне араластыруымыз қажет. Екінші айта кетерлік дүние, ұлттық құндылықтарды қазірден бастап бала санасына сіңіргеніміз жөн. Сондықтан бөбекжай жанынан әжелер мектебі ашылды. Әкелермен қатар бүлдірішіндеріміздің әжелері де карантинге дейін бөбекжаймыздың тұрақты қонағы болып келді. Өткен жылы әкелер ұлдарына бір дорба асық сыйласа, аналар қыздарына шашбау сыйлады. Бұл іс-шара да керемет өтті. Бөбекжайда болған ерекше толқынысқа толы шынайы сәттер бүлдірішіндерімізді санасында сақталып қалары сөзсіз. Бөбекжайда 82 қызметкер жұмыс жасайды. Оның 40-ы – педагог қызметкерлер. Бүгінгі таңда бірінші және екінші санатты 14 педагог, жаңа сипат (формат) бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы,

педагог-модератор аталымдарына ие болған 12 педагог еңбек етуде. Тәрбиешілер балалармен күніне 4 сағат 48 минут яғни, түске дейін, түстен кейін ауысып жұмыс істейді. Бөбекжайдағы инклюзивті кабинетте 35 бала бар. Олармен педагог-психолог, әлеуметтік қызметкер, дефектолог, логопед, емдік-шынықтыру жаттықтырушысы жұмыстанады. Бөбекжай алғаш ашылған жылдары денсаулығында кінәраты бар балалар аз болған. Өкінішке орай, жыл өткен сайын тіл мүкістігі бар, зердесі, тірек қозғалысы бұзылған балалар көбейіп кетіпті. Инклюзивті кабинеттегі мамандар тек ауыл балаларына ғана емес, көрші ауылдағы балаларға да көмек көрсетеді.

2019 жылы бөбекжай жанынан музей ашылды. Қиын кезеңге тап болғанға дейін Подстепный ауылында үш балабақша болды. Балабақшада қызмет жасаған орыс ұлты өкілдерінің көбі Ресейге көшіп кеткен. БөбекжайдиректорыСағимаИмангерейқызы бастаған топ бүгіндері ресейде тұратын бұрынғы қызметкерлердің балаларынан суреттерін, грамоталарын сұратып, «Балалар ауыл тарихын білсін, көрсін» деген мақсатта



арнайы біраз материал жинақтайды. Өткен жылдары жаз кезінде балабақшада жұмыс істеген қызметкерлердің балалары бөбекжайға арнайы келіп, музейдегі аналарының суреті мен грамоталарын көріп, мәз болды. Біріншіден, бүлдіршіндердің сәл де болса, тарихты біліп шығатынына, екіншіден, біраз адамның ата-анасын ұлықтап, ұрпағын қуантқанына бөбекжай ұжымы дән риза. 2019 жылы ҚР Білім және

ғылым министрінің орынбасары Шолпан Каринова да ауылдағы бөбекжай музейіне арнайы ат басын бұрып, риза болып аттанды. Теректі ауданында 0 мен 3 жасар аралығында 251 бала балабақша кезегінде тұр. Олардың 151-і Подстепный ауылдық округіне қарайды. Осындай бақытты балалық мекеніне айналған ұжымға жұмыстарына шығармашылық табыстар тілейміз!!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы;
4. «Туісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қр білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.



Сахаба Кадиша

Екібастұз қаласы, Солнечный кенті,
№17 сәбилер бақшасының
тәрбиешісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ

Экологиялық білім беру – отбасынан басталады. Жас бала әр нәрсені білгіш келеді, өзін қызықтырғын нәрсені білуше құмар келеді. Сондықтан балалар үшін ең бастысы экологиялық мәдениет отбасынан басталу керек. Отбасы – баланың тұлға болып қалыптасуының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін әлеуметтік орта. Бала тәрбиесінде отбасы мүшелерінің өзара түсіністіктері, сүйіспеншіліктері мен жауапкершіліктері мазылды рөл атқарады. Психологиялық - педагогикалық зерттеулер мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған ортамен тікелей әрекеттесетін белсенді іс-әрекет процесіне қатысуы арқасында сәтті дамитынын анықтады. Мектеп дейінгі жаста, тәжірибе жасау әдістерін, үйретіп, экологиялық ойын әдіс-тәсілдерін қарастыру қажет.

Ойын экологиялық білім беру әдісі ретінде - бұл тәрбиешінің арнайы ұйымдастырған, табиғатты тану процесіне енгізілген және онымен өзара әрекеттесетін ойын. Ойын-бұл ең эмоционалды қарқынды әрекет. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық білім беру жүйесіндегі ойынның рөлінің маңыздылығы мынандай:

1. Экологиялық ойындар арқылы құстарға, табиғатқа деген қамқорлық көрсетуге ой өрістері кеңейеді.

2. Баланың табиғат сұлулығын көру қабілетін дамытуға ықпал етеді, яғни эстетикалық жағынан дамиды.

3. Адамгершілік сезімдерін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың



экологиялық білім беруінде дидактикалық ойын ерекше орын алады. Бұл оқу процесі жанама түрде, ойын-сауық және сонымен бірге танымдық материалдың әртүрлі элементтері арқылы жүзеге асырылатын ойындар. Дидактикалық ойындар-бұл дайын мазмұн мен ережелері бар ойындар. Дидактикалық ойын барысында балалар табиғат туралы түсініктерін нақтылайды, бекітеді, кеңейтеді. Дидактикалық ойын мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық операцияларының дамуына әсер етеді (талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жіктеу, сериялау және т.б.), есте сақтау мен зейінді дамытады. Экологиялық дидактикалық ойындар балалардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.



Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру процесінде қолданылатын дидактикалық ойындардың түрлері: Заттық, үстел-үсті таңба, сөздік, шығармашылық.



Заттық ойындары: Бұл әртүрлі табиғи заттарды (жапырақтар, тұқымдар, конус-тар, тастар және т.б.) қолданатын ойындар.

Мақсаты: балалардың табиғат объектілерінің қасиеттері мен қасиеттері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды тақырыпты немесе объектіні тексеруге үйретеді, балалардың сенсорикасын дамытады. Балалардың жасына және жеке мүмкіндіктеріне байланысты ойын мазмұнын қиындататын ұжымдық және жеке барлық жас топтарында қолдану ұсынылады. Мысалы, «Керемет сөмке» «Шыңдар мен тамырлар», «Қай ағаштың жапырағы?» Үстел-үсті, таңба ойындары: Бұл домино, кесілген суреттер (ботаникалық лото, жидектер мен жемістер,

саңырауқұлақтар және басқалар)

Мақсаты: Өсімдіктер, жануарлар, табиғат құбылыстары туралы білімдерін жетілдіру. Логикалық ойлаудың дамуына әсер етеді, жаңа жағдайда бар білімді тез, мобильді пайдалану қабілетін дамытады. Шағын топпен жеке және ұжыммен түзету жұмыстарын ұйымдастыруда бірлесіп жұмыс орындаған тиімді.

Сөздік ойыны (ауызша): Көрнекі материалды қажет етпейтін ойындар.

Мақсаты: балалардың табиғи әлем туралы идеяларын шоғырландыру, жалпылау, жүйелеу және мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамытудың тиімді құралы болып табылады, сөйлеуді жақсы дамытады. Бұл ойындар арнайы шарттарды қажет етпейді. Әдетте, бұл сұрақтар мен сөйлеудің логикалық міндеттері, олардың шешімі балалардың табиғи әлем туралы бұрыннан бар идеяларына негізделген. Олар үйде де, серуенде де ұйымдастырылады.

Мысалы: «Не ұшады?», «Не жүгіреді және не секіреді?», «Бұл қай кезде болады?», «Суда не тұрады?» «Ауада не ұшады, жерде не мекендейді?»

Шығармашылық ойындары: Бұл ойындардың ерекшелігі балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылады және балалардың табиғи объектілермен қарым-қатынастан алған тәжірибесін, білімін, әсерін көрсетеді. Шығармашылық ойындар тәуелсіз сипатқа ие. Бұл тәрбиешіге экологиялық білім деңгейін және балалардың табиғатқа қатынасын анықтауға көмектеседі, бұл мектеп жасына дейінгі балалармен экологиялық жұмыс жүйесін одан әрі ұйымдастыру үшін өте маңызды. Табиғи материалдары бар құрылыс ойындары (құм, су, саз, конустар, тастар және басқалар) мұндай ойындар балалардың табиғат объектілерінің қасиеттері мен қасиеттерін білу процесіне оң әсер етеді. Тәжірибе жинақталады, танымдық қабілеттері дамиды. Құрылыс ойындарында балаларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындау үшін де қолдануға болады (неге құм сусымалы, торттарды дымқыл құмнан мүсіндеуге болады?)

Рөлдік ойындар: Балалар мазмұнды ойнайтын және белгілі бір рөлдерді алатын ойындар мысалы, «Хайуанаттар бағы» ойыны.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің педагогикалық негіздері. Айналамен танысу арқылы, ойындарды ойнау барысында балалар табиғат сырларын өзіндік ерекшеліктерін танып білу дағдыларын игереді. Балалардың

қызығушылық қабілеттерін арттыруда әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Мектеп жасына дейінгі топта баланың ой-өрісін дамытуға бағытталған жұмыстарды жалпы азаматтық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде қарастырған дұрыс. Баланың табиғатты қорғауда өздерінің қоршаған ортасын таза ұстау керек екендігі жиі-жиі айтылады.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин «Қызықты экология» оқу құралы, Алматы, 2000жыл.
2. «Отбасы және балабақша» журналы, 2006, №5.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» журналы, 2014, №1.
4. «Балабақша тәрбиелеу және оқыту» журналы, 2015, №8, №12.
5. «Педагогика жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналы, 2007, №1.



Окашева Каламкас Шангерейевна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай –бақшасы,
бейнелеу өнерінің маманы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СУРЕТ САЛУ ӨНЕРІНДЕ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ӘДІСТЕР

Аңдатпа. Бұл мақала мектеп жасына дейінгі балалардың сурет салуда дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып, өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Түйін сөз. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдағы сурет салудың түрлі әдістерін оқу қызметтерінде пайдалану және әдіс-тәсілдеріне жеке-жеке тоқтала отырып, оларды қандай әдістермен орындау керек екені баяндалады. Сурет салу мектеп жасына дейінгі баланың көркем қызметін түсіндіреді, сол арқылы баланың тұлғасының жан –жақты дамуына әсер береді.

Сурет салу оқу қызметінің қоғамдағы алатын орны өз алдына ерекше. Сурет салуда басты міндеті – балаларға бейнелеу өнерінің барлық түрлерінен жалпы мағлұмат беру, қарапайым заттардың суреттерін бейнелеуді, өмірдегі жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету және оқыту арқылы балалардың эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Әрбір бала сурет салу оқу қызметі арқылы өзін қоршаған ортадағы заттардың әдемілігін, табиғаттың әсемдігін және осы әдеміліктерді көріп сезіну арқылы өзінің шығармашылық қабілетін жетілдіре алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі: қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда педагог оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретеді. Сол себептен бала бір заттың түрлі пішінін, суретін салуда, мүсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын меңгереді. Мектепке дейінгі балаларда болатын шығармашылықтың екінші белгісі – затқа жаңа қызмет беруі. Баланың затпен әрекетінде байқалатын құбылыс, бір затты екінші заттың орынбасары ретінде қолданып, қиялында таза образын жасап алуы. Сол сияқты бейнелеу әрекетінде де

көз алдына елестету арқылы жаңа бейнелер құрастырады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады.

Осы орайда балабақшадағы ТРИЗ технологиясы – сурет салудағы тиімді әдістеме болып табылады. Сурет салудағы дәстүрден тыс әдістер және оны жас ерекшелігіне байланысты қолдану:

1. Саусақпен сурет салу-бұл кезеңде саусақтар арқылы жұмыс жасайды, яғни саусақтарының басын ыдыста құюлы тұрған субояққа малып, қағаз бетіне өздері қалаған бейнені түсіру (2 жастан бастап) әдісі.

2. Алақанмен сурет салу- ыдыстағы субояққа алақандарын батырып, сол күйі ақ қағазға бастыра отырып, бір бейне шығару әдісі. (2 жастан бастап)

3. Тығынмен бастырмалап және картоп бастырмасы арқылы сурет салу-балалар тығынды бояуға ұқыпты батырып, қағаз бетіне керекті бейнені түсіру әдісі. (3 жастан бастап) Ал картоптан қажетті пішіндер ойып дайындалып алынады,сол арқылы балалар субояққа батыра отырып, қажетті өрнектер(3 жастан бастап) түсіреді.

4. Паралонмен сурет салу- бұл әдісте

балалар қолына паралон қиындылары беріледі, сол арқылы субояқтың көмегімен қажетті бастырманы қағаз бетіне (4 жастан бастап) түсіреді.

5. Дымқыл қағазға сурет салу, дымқыл қағазға салынған мазмұнды суреттер әсерлі бейнеленеді: баланы қағаз бетін сәл дымқылдай білуге үйрету қажет; дымқылдау үшін мақтаны аздап суға батырып, қағаз бетіне жағу қажет; енді дымқыл қағаз бетіне тез сурет салып шығуы қажет; («Тұмандағы қала», «Менің түсім», «Жаңбыр жауып тұр», т.б)

6. Балауызды бен субояқты пайдалана отырып салу-суретті балауыз бормен салып аламыз, содан кейін оның бетін субояқпен бояп шығамыз. Балауыздың артықшылығы-су өткізбейтіндігінде (4 жастан бастап)

7. Монотипия әдісі - қағаздың бір бетіне қою етіп әр түрлі түсті субояқты пайдалана отырып бейнелер түсіріп, қағаздың екінші жағын беттестіріп бастыру арқылы (5 жастан бастап) салу.

Монотипия әдісі-суреттің симметриялы бейнесі: альбом парағын көз мөлшермен екіге бөлу; бір бөлігіне бояу жағу; содан соң қағазды бүктеу.

8. Сия тамшысы- қылқаламды сұйықтау етіп бояуға батырып, оны қағаз бетіне үрлеу арқылы түсіріп, бейне шығару (5 жастан бастап) әдісі.

- сия тамшысын қағазға түсіру, неге ұқсайтынын табу, қосымша бөлшектерін бейнелеу;

- сия тамшысын қағазға түсіру, қағазды көтеріп немесе бүгінкіреп субояқты тамызып, сиқырлы бейнеге айналдыру.

Оқу қызметінде қолданған осындай дәстүрден тыс әдістердің негізгі артықшылықтары мен тиімді жақтары және қол жеткізген нәтижелерім де бар. Дәстүрден тыс әдістерді қолдану балалар бойында шығармашылық ізденіске деген құштарлығын арттырып, баланың өзінің оқу іс-әрекетке деген зейінін бөліп, қызықтыра түсті. Балалардың шығармашылық белсенділігі, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтары артты, өзінің және өзгенің жұмысына құрметпен

қарап, саналы түрде талдап, баға беруге үйренді. **Балалардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін оқу қызметтерін мынадай жолдармен өткізуге болады:**

1. Оқу қызметінде кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2. Оқу қызметін түрлендіріп өткізу;

3. Оқу қызметінде балаларға өз беттерінше жұмыс орындату;

4. Дәстүрден тыс заманауи құралдарды тиімді қолдану;

5. Оқу қызметіне қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Балабақшадағы балалардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіде, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейін жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Бүгінгі күні балабақша балалары кез келген шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгеріп келеді. Мен осындай жұмысқа дұрыс басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп отырмын.

Қазіргі уақытта балалардың шығармашылық даму деңгейі бейнелеу өнерінің соның ішінде дәстүрден тыс әдіс арқылы жұмыс жасау деңгейі мен қызығушылығы артқандығын айта кеткім келеді. Сондықтан, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға балабақшада бейнелеу өнерінде дәстүрден тыс әдістер мен жаңа технологияларды енгізуге аса көңіл бөлінеді. Осы бағытта ашық оқу қызметтерін («Балық», «Кірпі», «Көлшікте») өткізіп, көрмелер («Алтын күз», «Қыс қызығы», «Тәуелсіздік күні» тақырыбында) ұйымдастырып, жоспар бойынша дарынды және қиын балалармен жұмыстар жүргізіп отырамын. Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, бүгінгі күннің уақыт күттірмес мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымдары алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын, ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. «Баланың икемділігі мен дарынының қайнар көзі-оның саусағының ұшында» деп В.А.Сухомлинский айтқандай бейнелеу өнері негізінен, балаларға эстетикалық

тәрбие беруге бағытталады. Бейнелеу өнерінің басты құндылығы да осында. Біз болашақта мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде бейнелеу өнері жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді қолданып, балалардың шығармашылық қабілетін одан әрі жетілдіре отырып, бәсекелестікке қабілетті шығармашылық құндылыққа бай еліміздің ертеңдерін тәрбиелеп шығарамыз десек, оны балабақша қабырғасынан бастағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байжігітов. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. Атырау, «Өнер», 2005
2. Қ.Әмірғазы. Қазақтың бейнелеу өнері. Алматы., «Өнер», 1969
3. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің теориясы және технологиясы. - Астана: ЕҰУ, 2009. 6 б.
4. Ә.Төлебиев. «Сурет сала білесің бе ?» Алматы., «Өнер», 1990





Баданова Фарида Танирбергеновна
 Шахтинск қаласы
 КМҚК «Еркетай» бөбекжайы»
 инновация әдіскері

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДАМУЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*«Бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады.
 Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».*
 А.С. Макаренко

Балалармен жұмыс дидактикалық ойынды ашады, ол көп қырлы, күрделі, педагогикалық құбылыс: бұл мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың ойын әдісі, оқыту формасы, тәуелсіз ойын әрекеті және баланың жеке басын жан-жақты тәрбиелеу құралы. Дидактикалық ойында бала сөздікті жетілдіруге, байытуға, шоғырландыруға, белсендіруге мүмкіндік алады. Бүгінгі таңда қоғамның өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі жауапкершілігі бұрынғыдан да айқын. Мектепке дейінгі білім берудегі өзгерістер оқытудың тиімділігін арттыру үшін барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалануға бағытталған. Осындай маңызды, негізгі оқыту құралдарына ойын кіреді. Ойын жанама әсер ету әдісіне жатады: бала өзін ересек адамның әсер ету объектісі ретінде сезінбейді, іс-әрекеттің толық субъектісі болып табылады.

Ойын - бұл тәрбие өзін-өзі тәрбиелеуге көшетін құрал. Ойын - баланың қалыптасуы мен байытылуы оның ішкі әлемі. Кез-келген ойында сезімнен ұйымдасқан әрекетке және әрекеттен сезімге жол ашылады. Бір сөзбен айтқанда, ойында, фокустағыдай, психикалық өмірдің барлық жақтары жиналып, пайда болады және қалыптасады. Қазіргі әдістемеде сөздік жұмыс ана тілінің сөздік құрамын тиімді игеруді қамтамасыз

ететін мақсатты педагогикалық қызмет ретінде қарастырылады.

Ата-аналар мен педагогтер әрқашан баланың сөйлеуін дамытуға назар аударды. Жақында бұл қызығушылық, ең алдымен, осыған байланысты отбасылық, мектепке дейінгі педагогиканың көптеген проблемаларына байланысты өсті: балалар кейінірек сөйлей бастады, мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде сөйлеуді дамытуда қиындықтар бар. Балабақша бағдарламасында сөйлеуді дамыту бойынша арнайы сабақтардың болуы көбінесе сөйлеуді дамыту мәселелерін шешіп қана қоймайды, сонымен қатар кейбір балалардың сөйлеуді ұнататындығын тоқтатады. Дидактикалық ойын - бұл жаттығудың ойын түрі, оны оқу мүмкін емес. Балалар білім, білік және дағдыларды игеруі үшін оларды жаттықтыру керек. Қайталанудың бірнеше түрі ретінде жаттығу қызығушылық тудырмайды. Балалар тез шаршайды және алаңдатады. Ойын түрінде өткізілетін жаттығуларды балалар мүлдем басқаша қабылдайды. Олар қажетті әрекеттер мен сөздерді қызығушылықпен қайталайды.

Дидактикалық ойында педагог белгілі бір бағдарламалық материалды, яғни бағдарламадан тапсырмаларды ұсынуы керек. Бұл балалар үйренетін нәрсе. Ойын

жағдайы көбінесе болжау мен жұмбақта дамиды. Дидактикалық ойында тәрбиешінің қойған мақсатына жауап беретін нәрсе балалардың назарының тақырыбы болуы керек. Егер белгілі бір заттардың атаулары бекітілген болса, онда дәл осы заттарды таңдау керек. Егер біз қасиеттердің атауларын бекітсек, онда бұл қасиеттер балаларға айқын көрінуі керек. Мысалы, педагогтұс атауын бекітеді. Ол дидактикалық ойын үшін «жасырылған нәрсені тап?» түрлі түсті бірнеше біртекті заттар. Ойынға таңдалған дидактикалық материал сыртқы жағынан тартымды болуы керек. Тақырыптардың мақсаты мен сұрақтардың мағынасы балаларға түсінікті болуы керек. Әртүрлі жастағы топтағы дидактикалық ойынға арналған заттар немесе суреттер саны барлық балаларды ойынға тарту үшін жеткілікті болуы керек.

Қазіргі қоғамға стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті, шығармашылықпен ойлана алатын, күрделі проблемалық жағдайларды шеше алатын адамдар қажет. Қазіргі баланың белгілі бір білім мен дағдыларды игеріп қана қоймай, белсенді ойлана білуі, кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба білуі, қорытынды жасай білуі, дәлелдеуі, түсіндіруі, белгілі бір сөйлеу белсенділігі болуы маңызды. Баланың сөйлеуін танымдық іс-әрекетке қоспай дамыту мүмкін емес, өйткені сөйлеу балалардың танымдық іс-әрекетін сүйемелдейді және жетілдіреді, оны мақсатты және саналы етеді.

Осыған сүйене отырып, танымдық-сөйлеу дамуын қалыптастыру және жандандыру үшін дәстүрлі әдістер мен әдістермен қатар келесі инновациялық әдістер қолданылады: ТРИЗ технологиясы, Жобалау әдісі, модельдеу әдісі, акт технологиясы, мнемодиагностика технологиясы.

Мектепке дейінгі жас ерекше, өйткені бұл әр баланың шығармашылық әлеуетін ашудың ең қолайлы кезеңі. Балабақшада ТРИЗ технологиясын қолданудың негізгі мақсаты, бір жағынан, ікемділік, ұтқырлық, жүйелілік, диалектика сияқты ойлау қасиеттерін дамыту; екінші жағынан – іздеу белсен-

ділігі, жаңалыққа ұмтылу; сөйлеу және шығармашылық қиял. Мектепке дейінгі жаста баланың танымдық қызығушылықтарын дамыту екі бағытта жүреді:

1. Баланың тәжірибесін біртіндеп байыту, осы тәжірибені шындықтың әртүрлі салалары туралы жаңа біліммен қанықтыру. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін ынталандырады. Көп балалардың алдында ашылады тараптардың қоршаған шындыққа, яғни кең мүмкіндіктер туындаған және бекіту, олардың орнықты танымдық қызығушылықтары.

2. Шындықтың бір саласында танымдық мүдделерді біртіндеп кеңейту және тереңдету.

Жобалау әдісі: Бұл әдіс баланың белсенді танымдық және сөйлеу белсенділігіне негізделген. Жоба дегеніміз - әлеуметтік маңызды нәтижеге ие тәуелсіз және ұжымдық шығармашылық аяқталған жұмыс. Жоба проблемаға негізделген, оны шешу үшін әртүрлі бағыттар бойынша зерттеу ізденісі қажет, оның нәтижелері жалпыланып, біртұтас біріктіріледі.

Модельдеу әдісі: Модельдеу - бұл белгілі бір объектіні емес, оның моделін зерттеуді ұсынатын символдық әрекеттің бір түрі; бұл процестің қайнар көзі - балалар іс-әрекетінің модельдеу сипаты. Модельдеудің мақсаты - балалардың қоршаған әлем мен табиғи әлем объектілерінің ерекшеліктері, олардың құрылымы, олардың арасындағы қатынастар мен қатынастар, қоршаған әлем туралы білім, әңгіме құрылымын тиімді есте сақтау, ақпаратты сақтау және көбейту және, әрине, сөйлеуді дамыту туралы білімді сәтті игеруін қамтамасыз ету. Мектеп жасына дейінгі бала игеретін негізгі құралдар – сенсорлық стандарттар, бейнелік сипаттағы әртүрлі символдар мен белгілер (ең алдымен, бұл әртүрлі визуалды модельдер, схемалар) АКТ технологиялары. Бұл әртүрлі құрылғыларды, механизмдерді, әдістерді, ақпаратты өңдеу алгоритмдерін сипаттайтын жалпыланған түсінік.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы баланың жеке басының дамуына белгілі бір із қалдырады.

Оның жетекші іс-әрекетінің сипаты айтарлықтай өзгереді - ойындар, оның хоббиі де өзгереді. Баланың ойындары техникалық құралдарды, атап айтқанда компьютерді қолданумен байланысты. Алайда, баланың компьютердегі жұмысы нақты реттелуі керек.

Мнемотаблица технологиясы: Мнемоника - бұл ақпаратты тиімді есте сақтауды, сақтауды және көбейтуді және сөйлеуді дамытуды қамтамасыз ететін әдістер мен әдістер жүйесі. Мнемотехниканы оқытудың мақсаты - есте сақтау, ойлау, қиял, зейінді, атап айтқанда психикалық процестерді дамыту, өйткені олар сөйлеудің толық дамуымен тығыз байланысты. Мнемотаблицаармен жұмыс істеу әдістерін игеру оқу уақытын едәуір қысқартады және сонымен бірге мыналарға бағытталған міндеттерді шешеді: негізгі психикалық процестерді – есте сақтауды, зейінді, бейнелі ойлау мен сөйлеуді дамыту; ақпаратты қайта кодтау, яғни абстракттілі

символдардан бейнелерге түрлендіру; ішінара немесе толық графикалық көбеюде қолдың ұсақ моторикасын дамытытады.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану ықпал етеді:

- білім беру сапасын арттыру;
- тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;
- педагогикалық тәжірибені қолдану және оны жүйелеу;
- тәрбиеленушілердің компьютерлік технологияларды пайдалануы;
- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту.

Мектеп жасына дейінгі балалардағы танымдық және сөйлеу дамуы маңызды және қиын міндет. Бұл мәселені сәтті шешу балаларды алдағы мектепке дайындау үшін де, басқалармен ыңғайлы қарым-қатынас жасау үшін де қажет. Сондықтан әртүрлі инновациялық және дамушы технологияларды қолдана отырып, тәрбиешінің балалармен мақсатты әртүрлі жұмысы көрсеткіштердің оң динамикасына әкеледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Беляя К. Ю. «мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық қызмет: 2009.
2. Кузнецова С.В. «МДҰ дамуын жобалау»: 2009.
3. Миклеева Н.В. балабақшадағы Инновация: тәрбиешілерге арналған нұсқаулық. – МДҰ: «Айрис пресс», 2009.
4. Щербакова Ю. В., Зубанова С.Г. мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру ойындары. – МДҰ: «Глобус» ЖШС, 2007.





Шокаманова Жансая Баймуратовна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы

музыка жетекшісі

МУЗЫКА-БҮЛДІРШІНДЕРДІ ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНЕ ЖАҚЫНДАТАТЫН ӨНЕР

Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. бірінші ұлт-тық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – білім ошағында болғандықтан, ата-ана мен балабақша, яғни тәрбиешілер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян. Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу.

Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға өмірлік ұстаным ретінде қарастырады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық

қоғамға лайық өз орны бар екенін сезіну.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Соның бірі ұлттық ойындар. Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. «Айтыс ойыны», «Жаңылтпаштар», «Санамақ», «Аңдардың айтысы» сияқты ойын балалардың тілге, импровизацияға, ақыл-ой әрекеттеріне қабілеттерін арттырады.

Ал қазақтың ұлттық аспаптары: қоңырау, асатаяқ, үшбұрыш, тоқылдақ, тайтұяқ, шылдырмақты сабақта қолдана отырып, балаларға ұлттық аспап түрлерін танып білуге, жасалу және шығу тарихын түсіндіре отырып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Мен осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, оқу қызметін жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып

келемін. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Оның негізі ана тілінде. Ал, осы асыл қазыналар билердің ұлағатты сөздерінен бастау алатынын көп жан түсіне бермейді. Ескіліктің көлеңкесіне айналып бара жатқан осындай ойлы сөздерді неге қайта жаңғыртып, ұрпақ санасынан ойып орын алатындай дәрежеге көтермеске Алайда, «заманына қарай адамы» деген түсінікпен өзімізді шектеп отырғанымыз өкінішті. Орайы келгенде айта кететін мәселе, осындай философиялық ойы терең шығармаларды неліктен қазіргі мәтіндермен жұмысқа, оқу сауаттылығы сынағына негіз етіп алмасқа. Сол сияқты «Балапан» телеарнасы бүлдіршіндердің сүйікті арнасына айналды. Балалардың тілі шығуына, жақсы мен жаманды айыруына көп көмегі тиюде. Тек ұлттық құндылықтарды насихаттайтын анимациялық мультфильмдердің аздығы қынжылтады. Ал бұл – ойлантарлық мәселе.

Өз білімімді жетілдіруде қазіргі ғаламдық коммуникациялар желілерін қолдану арқылы, теориялық жағын меңгеру арқылы, әдістемелік нұсқаулар мен жаңалықтарды қолдану арқылы, және де озық тәжірибелерді меңгеру арқылы өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, басқа да ұлт өкілдерінің мәдениеті мен өнерін, ұштастыра үйретуді өзіме мақсат етемін. Бағдарламада берілген музыкалық шығармаларды әр түрлі нұсқада: пианиноның қостауында, қазіргі жаңа техникалық мүмкіндіктерді қолдана отырып, композиторлардың портреттерін, музыкалық аспаптардың түрлерін, музыка сауатына қатысты жаттығуларды электрондық тақталардан көрсету арқылы балалардың жеңіл әрі тез қабылдауына, есте сақтауына және де алған білімдерін күнделікті өмірде, балабақшада, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өтілетін шараларда қолданып, шыңдай түсуіне мүмкіндік жасаймын. Балаға үйретіп жатырған ән болсын, әр үйретіп жатырған шығарма болсын қазақ халық музыкасының бір элементін қосып отырамын. Әрине осы

орайда кішкентай балапандар алдымен балабақша ішінде өтетін түрлі шараларға, ертеңгілік т.б қатынасып қанаттарын бекітіп алады. Қалалық білім бөлімінің жоспары бойынша «Өзін өзі тану» пәні бойынша «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндікті өткізу іс шарасына орай «Алтын жүректі Ана» және «Ән көңілдің ажары» атты шаралар өткізілді. Міне осыдан кейін әбден шынығып сахнаға шығып үйреніп алған балалар Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» жарысына қатынасып шығармашылық қабілеттерін шыңдап тәжірибе алмасып келеді.

Музыка адамның жан дүниесін тебіреніп отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Негізі отбасынан басталған тәлім-тәрбие білім беру мекемелерінде жалғасын тауып, белгілі бір жүйеде өрістеледі. Осы орайда балабақша жоспарына сәйкес «Отбасы күніне» арнап «Отбасым бақыт мекенім» атты әдемі мерекелік кеш ұйымдастырылды, оған ата-аналар балаларымен қатынасып өз өнерлерін ортаға салды, әндер айтылып билер биленді, күй тартылып, қойылымдар қойылды викториналық сұрақтар қойылып, караокемен ән шырқалды. Осы кеште де қазақ халық өнерінен тыс қалған жоқпыз мысалы векториналық сұрақтар бөлімінде қазақ халық музыкасына байланысты сұрақтар дайындап қойылды. Кеш соңында ата-аналар марапатталып әдемі тілектер айтылды және де ата-аналар үйден жасаған қазақша қолөнер бұйымдарын табыстады. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру институты ұйымдастырған «Оқыту мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асырудың жолдары» тақырыбындағы облыстық ғылыми тәжірибелік конференция жұмысында белсенділік көрсеткенім үшін Алғыс хатпен марапатталдым. III Республикалық «Алатау шыңы» балалар конкурсында тәрбиеленушілерім үздік өнер көрсеткені үшін арнайы дипломмен мадақталды. 2020 жылы «OZATTAR» Қазақстан Білім саласы Үздіктерінің Энциклопедия жинағына ендім.

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Қорыта келгенде, педагог-музыкант өз кәсібін меңгеруде аспапта жақсы ойнай алуы, әнді таза, әдемі орындап, балалардың жас ерекшелігіне қарай дауыс диапазоның айыра алуы, халық композиторлары мен кәсіби композиторларының өмірі мен шығармашылығын біліп, түсіндіру барысында сөз саптау мәдениеттілігі басты талаптардың бірі. Ежелден бері атадан балаға мұра болып, сан ғасырлық тарих қойнауынан өтіп, бүгінде жоғалмай, өлмей осы күнге жеткен асыл қазынамызды, біз де ары қарай өсіп келе жатқан ұрпаққа мұра

ғып жеткізуіміз керек. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған дана халық.

Осы ретте мұнтаздай таза баланың жанына музыка арқылы сұлулық, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуді көздеп, отансүйгіш адамгершілігі мол, елім деп еміренген тұлға қалыптастыру үшін музыканы таптырмас құрал ретінде есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Бәтібаева. Ф.Қоңыратбай, Э.Баталова «Ән-күй әдістемелік нұсқау» 2002ж.
2. Д.Б. Кабалевский, Музыка туралы әңгіме. Алматы, Өнер, 1989.
3. А.Жұбанов, «Ғасырлар пернесі». (Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер). Алматы: «Жазушы» баспасы, 19
5. Н.А.Ветлугина «Балалар бақшасында музыкалық тәрбие беру методикасы» Алматы, 1981ж.





Слямбекова Калияш Турлиновна
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы
КМҚК №6 «Нұрсәуле» бөбекжайы»
тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалар оқу қызметінде болғаннан қарағанда, ойын ойнағанды қалайды, зейіні тұрақсыз, бір іспен ұзақ уақыт шұғылдана алмайды. Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ. Ойын адамның дамуына, қалыптасуына әр түрлі әсер береді. Білім беру саласында өскелең ұрпақты дамыған елдердің қатарынан көру үшін үздіксіз еңбек етуде кез келген тәрбиешінің алдына қойған мақсатты – оқу тәрбие сапасын көрсету үшін балалардың қызығушылықтарын арттырып, танымдық қабілеттерін дамыту. Білім беру саласында балалардың білімді игеруге деген құлшынысын арттыру үшін әр түрлі жаңа технологияларды қолданып отыру керек. Сондай технологиялардың бірі – ойын элементтерін пайдалану.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын

дүниеге қарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі, жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады». Ойын дегеніміз – ұшқыр білімге құмарлықпен еліктеудің маздап жанар оты». Ойындар (іскерлік, сюжеттік-рөлді, қимыл-қозғалыс дамытушылық) баланың есте сақтау, қиял сияқты психикалық үрдістерінің дамуына көмектеседі. Ойын арқылы бала адамгершілік құндылықтар жөнінде тәжірибе жинақтайды.

Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақта емес. Ол – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. Мағжан Жұмабаев: «Ойын - баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз - қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!».

Балаға міндетті түрде өзін ерекше бір тұлға екенін және де ол істеген іс қоғамға керек екенін түсіндіру керек. Өзіне болмаса да, басқаға. Ал онда кімге? Қандай әлемде баланың салған суреттері іске асады? Бақытымызға орай, ондай әлем бар. Бұл таңқаларлық әлем, онда қуыршақтар бір-біріне қонаққа барады, қояндар мен аюлар дүкендер мен шаштаразға барады, бала ауырғанда көмекке келеді. Бұл баланың

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

ойын әлемі. Баланың ойын әлемін оқу процесімен алмастыра енгізе отырып, педагог өзіне баланың көзқарасы бойынша керексіз тапсырмаларды қызықтыру жолдары арқылы қызықты қылдыра алады.

Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық процестері эмоция, тәжірибе арқылы қалыптасады. Баланың жеке бас тәжірибесіне және қызығушылығына негізділген жаңа білімді игеру – тиімді деп көптеген педагогтер мен психологтер зерттеулерінде дәлелдеген. Адамды бір іс-әрекетке мәжбүрлеуге болмайды, оны қызықтыру керек. Сондықтан да, педагогтің басты мақсаты ұйымдастырылған оқу қызметінде баланың зейінін тұрақтандыру, қызығушылығын арттыру болып табылады. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын мотивациясын ойластыру қажет. Мотивация дегеніміз - адамның белгілі бір әрекетке бағытталған ынтасының болуы. Яғни, іс-әрекетке ынталандыру, себеп тудыру. Ал мектеп жасына дейінгі бала ынтасының қалыптасуына негізгі себеп болатын ол ойын. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде бала таңқалу, рахаттану, қызығу керек. Бір сөзбен айтқанда есте қаларлықтай болу қажет. Баланың жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Кіші топтарға арналған тәсіл, ересек топтарға келмейді. Педагог эмоцияналды болуы керек, көрнекіліктерді, ертегі элементтерін, тосын сәттерді қолдану қажет. Баланың жеке бас тәжірибесімен қаншалықты байланысты болса, оған жаңа материал соншалықты қызықты болады. Балалардың жастарына байланысты барлық білім беру салаларында қызығушылық тудыру үшін ертегі сюжетін қолданған жөн. Ертегі кейіпкерлерінің қонаққа келуі кіші жаста да, ересек жаста да өте қызықты. Балалар кейіпкерлермен саяхатқа, ертегіге барады. Тіл дамыту ҰОҚ ойын әрекетінің маңызы зор. Балалар сурет, заттық суреттер бойынша әңгіме құрастырған кезде қиналады. Қызығушылықтарын арттыру үшін кіші топта «Сиқырлы қапшық» дидактикалық ойын барысында балалар суреттерді қапшықтан алып, әр суретті сипаттайды.

Ересек жаста мысалы, тәрбиеші жыл

мезгілдері бойынша әңгімелейді, әңгіме аяғында «Көктем» тақырыбы бойынша әңгімеде кездескен сөздерді естеріне түсіруді ұсынады. Балаларды топтарға бөліп, сайыс, КВН түрінде өткізуге болады. Жарыста балалардың қызығушылығы арта түседі.

Математика негіздері оқу қызметінде сайыс элементтері бар ойын ситуацияларын қолдануға болады. Әртүрлі дидактикалық ойындар, логикалық тапсырмаларды орындау арқылы бала жаңа материалды жақсы меңгереді.

Бейнелеу іс-әрекеті барысында ойын сәттері көрнекі – әсерлі тәсілдеріне жатады. Бала кіші болған сайын, ойын мол болуы керек. Ойын тәсілдері балалардың зейінін алға қойған мақсатқа ынталандырады.

Кіші жаста сурет салу ойын жаттығуларынан басталады. Балалар тәрбиешімен бірге ауада, одан кейін қағазға саусақтарымен сурет салады. Мысалы, кішкентай «тышқанның іздері», «қар жауады». Балалардың бейнелеу іс-әрекетінде ойын сәттерін заттарды бейнелеуде де қолдануға болады. Мысалы, қонаққа қоян келеді, сәбіз жегісі келгенін айтады, балалар сәбізді мүсіндеп, қоянға сыйлайды.

Ересек топтарда да ойын тәсілін қолдануға болады. Мысалы, серуенде қолдан жасалған фотоаппараттан пейзажды, ағаштарды қарастырып, байқағандарын суретке түсіреді.

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жағдайы жаңаруда және дамуда. Біртіндеп қиындап отырған ойын іс-әрекетінің міндеттері балаға алға жүруді, өз шығармашылық қасиеттерін дамытып, өздігінен жетілуге мүмкіндік береді. Ал ойын-сауық, демалыс ретінде бола тұрып, оқытуға, шығармашылыққа, адам қарым-қатынастарының өмірдің әртүрлі салаларында көрінудің, оларды модельдеуіне айналуға мүмкін. Еркін сюжетті-рөлді ойын – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты іс-әрекет. Оның тартымдылығы – ойнай отырып, бала субъективті еркіндікті сезінеді, тәжірибелік туынды іс-әрекеттегі қарсылықтарға тап болып, қиынға түсетіндердің барлығы –

заттардың, әрекеттер және қарым-қатынастардың оған тәуелді екенін сезінеді. Сонымен қатар, педагогикалық әдебиетте балабақшадағы балалардың ойын іс-әрекеті тиісті деңгейіне жете алмайтыны туралы мәселе бірнеше рет көтерілген болатын. Ойын – кез келген әрекет сияқты бей-берекет пайда болмайды – ересектер тарапынан қалыптастырылады. Балалар ойнай алу үшін олардың саналарында эпизод-әрекеттердің жиынтығы тұрақталу тиіс. Балалар қандай әрекеттерді орындау керек екенін білулері қажет және меңгерген білімдерінен тек осындай лайық сәттерді таңдай біліп, оларды қиялдан құрылған жаңа сәттер ойлап таба білулері тиіс. Сондықтан тәрбиешінің бала ойынын ұйымдастыру технологиясын меңгеру мәселесі айрықша өзекті болып отыр.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу қызметінде көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар балаларды оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманалина Ш.Х. «Нәтижеге бағытталған білім беруді ұйымдастыратын жаңа мектеп моделі» және «Бастауыш мектеп түлегінің моделдері». – Астана, 2016.
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002.





Утекова Гулайм Насихатовна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
әдіскері

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

*«Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздың қолында»
Н.Ә. Назарбаев.*

Аңдатпа. Мектепке дейінгі білім берудің рөлі бүгінгі қоғамда күн санап артып келеді. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім берудің жеке тұлғаның креативті ойлай алатын, коммуникативтік, зияткерлік қабілеттеріне әсері, сондай-ақ инновациялық әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Еліміздің ертеңі болашақ ұрпақтың тәрбиелі, саналы, білімді азамат болып өсуіне бағытталған. Қоғамның белсенді мүшесі етіп тәрбиелеуге көңіл бөлу керектігі баяндалады.

Түйін сөздер: Балабақша, тәрбиеші, тәрбиеленуші, технология, тұлға, психология.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Мектепке дейінгі жастағы баланың зияткерлік, адамгершілік, физикалық, эстетикалық және жеке қасиеттерінің іргетасы қаланады. Бүгінгі күні білім берудің мазмұны жаңарып, білім беру ұйымдары кезең-кезеңімен жаңартылған мазмұнды білімге көшіп, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру жүйесінде еңбектеніп жүрген ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше, білім беру мазмұнын жаңарту – заман талабы. Білім мен тәрбие беруде мектепке дейінгі мекемелерге үлкен жауапкершіліктің жүктеліп отырғандығын ескере келе, Атырау қаласындағы Қайыршақты селолық округі, Жұлдыз ықшам ауданында орналасқан №26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасында

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламаның жұмысын жүзеге асыруда өз үлестерін қосуда.

Бүгінгі таңда педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады. Сол себепті біздің міндетіміз: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды,

технологияларды анықтайды. Балабақша жоғары деңгейдегі техникамен жабдықталған, креативті ойлай білетін шығармашыл адам тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қояды. Қазақстан Республикасының білім туралы заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсеткен. Сол себептен қазіргі таңда даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту мен тәрбиелеу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мазмұнды жаңартудың маңызды шарты білім беруде ТРИЗ, STEAM-оқыту қолдану болып табылады. Баланың жеке басын мектепке дейінгі білім беру жүйесінің бүкіл орталығына қоятын, отбасында және мектепке дейінгі мекемеде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін жеке тұлғаға бағытталған технологияларға, ынтымақтастық технологиясына сүйенемін. Мектепке дейінгі балалардың психологиялық танымдық қабілеттерін дамытып, жас ерекшелігіне байланысты қиялын, қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, сөздік қорын, тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар, зерттеу-ізвестіру әрекеттеріне арналған ТРИЗ ойындары және STEAM-білім берудің пайдасы зор. Өз тәжірибемде балабақшадағы ТРИЗ (ӨТШТ) инновациялық-педагогикалық тәжірибе тұжырымдамасы тақырыбында №26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасында шығармашылық жұмысы жүргізілді. Сол жұмыстың тиімділігін насихаттау мақсатында қалалық, облыстық семинар, конференцияға қатысып, іс-тәжірибемізбен бөліскен болатынбыз. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: - топ тәрбиешілері мен ынтымақтаса жұмыс жүргіздік. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2018 ж. Әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, педагог-тәрбиешілерге, студенттерге көмекші құрал ретінде әдістемелік нұсқаулығы шықты. 2019 жылы Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының колледжі Мектепке

дейінгі ұйымдар мен кәсіптік білім беру педагогтарының облыстық семинарына қатысып тәжірибелік жұмысымен бөлісіп, Атырау облысы Білім беру басқармасы әдістемелік орталығынан Алғыс хатына ұсынды. Сонымен қатар балабақшамызда облыстық қысқа мерзімді көшпелі тәжірибелік сабақ ұйымдастырылды, ӨТШТ технологиясын қолданылуы тақырыбында түрлі оқу қызметтеріндегі педагогтердің жұмысы дәлелденіп көрсетілді. Триз ойын технологияларын барлық білім беру салаларында қолданып келеміз. Биылғы оқу жылында базистік оқу жоспарының вариативтік бөліміне енгіздік. Балаларда заттарды мақсатты түрде зерттеу, жұмысты бірлесіп жоспарлау, өз әрекеттерін бақылау, қателіктерді өз бетінше түзету біліктері қалыптасады. Балаларды ойынтапсырмаларды орындау барысында дербестік, белсенділік, шығармашылық, көркемдік талғам, сондай-ақ мақсатқа жетудегі ұқыптылық, табандылық және т.б. дамиды. Балалар жұмысты жоспарлауға, өз әрекеттерін бақылауға, қателерді өз бетінше түзетуге үйренеді. Шығармашылық жұмысымыздың іс тәжірибесі 2019 жылы «Хабаршы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының № 5 басылымына жарияланды. Балабақшада педагогтармен өткізілген семинар-практикумда мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру қызметіндегі «STEAM» оқытуда 2019 жылдан бастап шығармашылық жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, жоспарына сай балабақшамызда «Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру қызметіндегі «STEAM» білім беру технологиясының негізгі міндеттері, теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланыстыра отырып, оқыту түсініктері, мектеп жасына дейінгі балаларда сыни ойлауды технологиясының әдістері мен тәсілдері, әр түрлі тапсырма, жаттығу, сұрақтар ашық, жабық беріліп сыни тұрғыдан ойлауға, балалардың

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік жасауға практикалық жұмыс ұйымдастырылды. Шығармашылық жұмысымыздың іс тәжірибесі «Хабаршы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының №4 басылымына жарияланды. Осылайша, білім беру процесіне ТРИЗ ойындары мен STEAM білім беру бағдарламасын пайдалана отырып заманауи білім беру технологияларын енгізу болашақ инженерлерді балабақшадан тәрбиелеуге, ғылыми-техникалық шығармашылық саласында қабілеті бар балаларды анықтауға және олардың одан әрі дамуына жағдай жасауға ықпал етеді. 2020 жылы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының жұмыс жоспарына сәйкес «Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-практикалық on-line конференция жұмысына 11 педагог-мамандар қатысып жинаққа мақалалары енді. Біздің мектепке дейінгі ұйым білікті педагогтары алдағы жылы да

үздік нәтижелер көрсететініне сенім мол. Өйткені ізденімпаздық пен жаңашылдыққа жаны құмар әріптестер тағылымды тәжірибелерінде озық инновацияларды тиімді пайдалануға үйренген. Елімізде төтенше жағдай енгізілгеннен бастап, білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен балабақшамызда қашықтан білім беру оқыту форматында бірнеше әдіспен жүзеге асуда. Ойшыл ретінде балалар өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне жауап іздеп, жаңа алған білімдері мен бұрынғы білімдерін байланыстырады. Өз ойымды түйіндей келе, бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интернет жүйесін пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген педагог болуы тиіс. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасы. Астана 2017
3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2013 ж.



Кабдолова Асил Шапиевна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы

дене шынықтыру нұсқаушысы

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

«Дені сау адам табиғаттың ең қымбат жемісі»

Т.Корнейль

Дені сау бала – табиғаттың ең қымбат жемісі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап осы ұстанымды басшылыққа алып келеді. Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлем көшбасшыларының арасында спортты серік еткен бірден-бір президент десек, артық айтқанымыз болмас. Мемлекет басшысы ел спортына қамқорлық танытып ғана қоймай, өзі де салауатты өмір салтын ұстанады.

Мектепке дейінгі дене тәрбиесі, халық ағарту ісінің алғашқы сатысы. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту бүгінгі балабақшаның басты мақсаттарының бірі болып отыр. «Саулық байлық негізі» -деп айтқандай, әрбір бала салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін аурудың алдың алу және болдырмау. Денсаулық әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуы қажет. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның дұрыс әрі мерзімінде

жетілуіне бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне айрықша мән беру керек. Бұлшық еттерді қатайту, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал жасау керек. Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Дене шынықтыру оқу қызметінде балалардың ақыл-ой тәрбиесі ғана жетілмейді, адамгершілік қасиеттер де қалыптасады, балалар ойын кезінде рөлдерге бөліседі, ұйымдастырушылық қабілеттері жетіледі, жарыс кезінде өздерін ұстау қабілеттері дамиды. Дене шынықтырудан үйренген қимыл-әрекеттер серуен кезінде, спорттық шараларда жетілдіріледі. Бала организміндегі мүмкіндіктерін арттыра түсу үшін таза ауадағы дене шынықтыруға көп көңіл бөлеміз. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Спорттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет. Денсаулығы түзу болмаған баланың толыққанды білім мен тәрбиеге ынтасы бола қоймайтынына күнделікті өмірде көз жеткізіп жүрміз. Денсаулық бұл баланың физикалық психикалық мүмкіндігін толық-

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

тай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі. Балалардың денсаулығы келесі факторларға тікелей байланысты болмақ:

- ата-ана денсаулығы;
- экология;
- өмір сүру жағдайы;
- баланың мектепке дейінгі ұйым және отбасындағы тәрбиесі.

Ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Жаңа инновациялық технологиялардың балабақшаның педагогикалық жұмысында қолданылуы қажетті және міндетті жағдай. Балаларды салауатты өмір қалыптастыру үшін басты мәселе күшті, дені сау бала тәрбиелеу міндетті. Ал бұл қазіргі заманғы дәуірінде әсіресе өзекті міндеттер балаларды дене шынықтыру және спортқа қызығушылықтың ояту болып табылады. Қазіргі таңда балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде балалардың спортқа деген қызығушылығын одан әрі арттыру үшін дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды пайдалануды жоспарлап қолданылды. Біздің мақсатымыз салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы баланың денсаулығын сақтау, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын жетілдіру, салауатты өмір салтын сақтайтын тұлға қалыптастыру. №26 «Жұлдыз» балабақшамызда балалардың спортқа қызығушылығын ояту үшін, қолдан жасаған дәстүрден тыс құрал-жабдықтары дайындалып, дене шынықтыру оқу қызметінде, кеңінен қолданылады.

Біздің міндетіміз – барлық санитарлық

талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін гигиеналық, психикалық, эстетикалық, және басқа да талаптарды сақтап, қадағалау, дене шынықтыру залындағы бұрышын дәстүрден тыс құрал жабдықтармен қамтамасыз ету. Бұл құрал – жабдықтар өз қолымызбен дайындаған соң, қарапайым әрі қол жетімді болды. Арнайы ұйымдастырылған оқу қызметтерінде әртүрлі ойын түрлерін өткізуде дәстүрден тыс құралдарды іс жүзінде пайдаланып келеміз. Бұл шаралар қызықты көңілді болуы, күнделікті дамытушы жаттығудың, қызықты тиімділігі, дәстүрден тыс құрал жабдықтарды қолдана білуінде. Дәстүрден тыс құрал-жабдықтар бала белсенділігін арттыруға еш мәжбүрлемей, өз еркімен қимылдауға, қимыл қозғалысқа ұмтылуға қамтамасыз етеді. Дәстүрден тыс құрал жабдықтар арқылы біз баланың түрлі қимыл қозғалысқа деген құлшынысын оятып қызығушылығын дамытамыз. Мектепке дейінгі мектеп жасына дейінгі баланың қозғалысқа ұмтылысын қолдап үнемі қанағаттандырып отыру қажет себебі: ол баланың жан жақты дамуының айналаны танып білудің өзіндік тәжірибе жинақтауды басты шарты болып табылады.

Қорытындылай келе, балалардың білім сапасы деңгейін арттыруымен ғана тоқталып қалмай, өмірге бейімделген, жан-жақты дамыған өзіндік көзқарасқа ие бола алатын жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға үлкен әсер ететін тиімді әдіс-тәсіл екеніне нақты көзім жетті. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз «Мәңгілік ел» боламыз. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз – егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Мектепке дейінгі педагогика.- Алматы, 1985. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі.
3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі әдістері бойынша. Педагогикалық практика дене шынықтыру сабақтарына ірі қозғалыстар. Білім, 1984 ж.
4. Ашмарин Б.А. Дене тәрбиесіндегі педагогикалық ізденістің ілімі мен әдістемесі. – М, ФиС, 1978



Рахметова Сая Зайнулкабиденовна

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы
КММ, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
секторының әдіскері

«STEP BY STEP» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Заман ағымының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жаңа талап-міндеттер қойылуда. Балабақшадағы балалардың жан-жақты, рухани бай, жоғары мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін жаңа технологиялардың бірі – «Step by step» технологиясы. «Step by step» технологиясының ең басты ерекшелігі – әр балаға деген жеке-дара көзқарас. Ал ұйымдастырылған оқу қызметтері белсенділік орталықтарда жүргізіледі. Бұл жаңа стандарттың талаптарын орындауға өте ыңғайлы.

«Step by step» технологиясының мақсаты:

- жас бүлдіршіндерді жасытпай оқыту, сенімсіздік комплекстерін жою;
- мектеп ішінде әміршілік пен өктемдікті қажет етпейтін құрылымды қолдау;
- баланың өзіндік «Менің» анықтауға көмектесу. Балаларды дұрыс қарым-қатнас мәдениетіне тәрбиелеу;
- балаларды жан-жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың бойына әлем және адамзаттуралы дұрыс түсінікті қалыптастыру;
- балалардың қоршаған ортасына деген қызығушылығын ояту;
- балалардың адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру мүмкіндіктерімен таныстыру.

«Step by step» технологиясы өмір

талабына сай, баланың жеке басының дамуына, білім беру үдерісіне жанұясының қатысуын қамтамасыз етеді. «Step by step» технологиясында оқу-тәрбие үрдісінің сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға үлкен мән беріледі. Атап айтқанда ата-аналарды сабақтарға қатыстыру, оларға өзекті мәселелер бойынша кеңестер ұсыну, қызықты тақырыптағы конференциялар мен семинарлар өткізу. Бұл жұмыстар күні бойы балаға жағымды эмоционалдық жағдайды ұйымдастырудан, педагог пен бала арасындағы өзара түсіністік, достық пен сенім сияқты қарым-қатынастардан көрініс табуда. Оқу – тәрбие үрдісін нәтижелі жүзеге асыру мақсатында «Step by step» технологиясында әр баланың жеке қабілеттері, жеке дара мүмкіншіліктері аса ескеріліп, оның өзіндік «Менің» қалыптастырып, оны жеке тұлға ретінде дамытуға, баланың ойы мен пікірін сыйлауға үлкен мән беріледі.

«Step by step» технологиясының ең басты ерекшелігі – балабақшамен ата-ана арасындағы тығыз байланысты көздейді. «Step by step» технологиясындағы үштік: бала, ата-ана, педагог. Баланы жетілдіріп тәрбиелеу-баршаға ортақ іс. Сондықтан тәрбиешілер ата-аналарды тікелей осы іске қатыстырады. «Step by step» технологиясы бойынша ата-анамен жұмысты ұйымдастыру барысында – ата-ананы, яғни отбасын тәуелді ету емес, оның қиыншылықтарды жеңу мүмкіндігін нығайтуды көздейді. Баланың

дамуы туралы ақпарат ата-аналарға бала тәрбиелеуде өз ролін жүзеге асыруға ықпал етеді. Тәрбиеші тарапынан көрсетілген көмектің тиімділігіне көзі жеткенде ғана, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты тәрбиешілер мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде.

Балабақшаларда балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басты ролін мойындай отырып, бірлесіп жұмыс істеуімізде әрбір тәрбиеші ата-аналармен қарым-қатынас жасаудағы түрлі тәсілдердің бірі «Step by step» технологиясын пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасалуда. Балабақшада ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты: Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту. Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін көрсету. Ата-анамен жұмыс жасаған кезде біріктілік қағидасын басшылыққа алу. Отбасының оқу-тәрбие ісіне қатысы: ата-аналар өз балаларының алғашқы ұстаздары мен адвокаттары. Олардың педагогикалық процесстерді жоспарлау мен ұйымдастыруға қатысулары балалар мен ата-аналардың өздері үшін де айрықша маңызды. Сабақ, бірлесіп өткізілген семинарлар, сұхбаттасу, үйлеріне бару, ақпараттар мен алмасу арқылы тығыз қарым-қатынас орнатуға ат салысады.

Педагог жұмысының айқын компоненттерінің бірі – педагогтер мен ата-аналардың арасындағы әріптестік өзара қатынасты тереңдетуге үйрету болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – әрбір баланың отбасымен өзара әлеуетін дамыту және қабілеттерін ашу, бірінші кезекте - өз балаларының басты мұғалімдері және қорғаушылары болып табылатын ата-аналарымен қатынасы.

Балабақшада тәрбиешілердің тәжірибесінде ата-аналармен бірігіп жұмыс істеудегі әртүрлі формалары қалыптасқан (әңгімелесу, дөңгелек үстел, пікірталас, отбасы бөлмесінде жұмыс ұйымдастыру, психологиялық тренинг т.б.) және ата-аналардың оқу іс-

әрекеттерге ассистент ретінде қатысу, сайыстарға араласу, газет шығару. Ашық есік күніне араласу, тренингтерге және басқа да шараларға араласу сияқты қолданатын әдістер арқылы балабақшаның күнделікті өмірі туралы толық ақпараттандыру мәселесі шешіледі. Олар ата-аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиешілер ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, ата-аналардың ұсыныс пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнама алынады. Сонымен бірге жыл бойы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата-аналармен бірлесе отырып жасауда. Себебі, ата-ана заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс-пікірімен санаса отырып, ата-аналарға әңгімелер мен дәріс, кеңестер, сұрақ-жауап кештері, тәжірибе алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру түрлері қарастырылады.

«Step by step» технологиясы бойынша ата-аналармен «Отбасы газетінің», кітапшалар шығаруға белсене қатысады. Осы «отбасы газеті» беттерінде ата-аналарынтымақтаса, баламен бірге орындаған жұмыстардың нәтижелерін көрсетеді. Олар отбасы мүшелерінің шығармашылық жұмыстары, қолөнері, баланы салауатты өмір салтына бейімдеуі мен дәмді тағамдарды баламен бірге балабақша ұжымына арнап жасағаны сапалы нәтижелерді береді. Бұл шаралар тұсында балалардың әкешесі, ата-әжесінің, әпке-ағаларының да бауырларының да өзара сүйіспеншілігі артады. Осындай іс-шаралардың арқасында ата-аналарымыз кәсіби тәрбиеші болып, бірнеше нәтижеге жетеді.

Қорытынды: «Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу» - дегендей бұл технологиямен жұмыс істеудің негізінде түйгеніміз: баланың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығы артады, сапалы білім алып, жеке тұлға ретінде

қалыптасады. Баланың көңілі де ақ, жүрегі де ақ. Сәби шағынан қалай тәрбиелесек, солай иіліп, бар жақсылығы бойына сіңіп қалыптасады. Сонымен қатар, ата-ана мен тәрбиеші тығыз байланыста болады. Осындай тәрбиелеу мен оқытудың жаңа түрлерін қолданып жүрген тәрбиешілердің ерен еңбектерінің арқасында тәрбиеленушілер

ұлттық салт-дәстүрге, адамгершілікке үйреніп, сапалы білім алып, жан – жақты даму үстінде. «Step by Step» технологиясын қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау – қазіргі таңдағы әрбір педагогтің міндеті.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Айджанова Д., Бейсенбаева С., Искакова А., Попова Т., Саймасаева Г. Инновационная технология “Step by Step” дошкольных учреждений Казахстана. – Алматы: «Білім», 2013.
2. Тұрғынбаева Б.Ж. Дамыта оқыту технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы, Алматы. 2010.
3. Айтбекова М. Бағытты білім беруде жаңа технологияларды енгізудің жеке тұлға дамуына әсері. 2015.
4. Албытова Н. Интерактивті әдістер кәсіптік шеберлікті шыңдайды. 2015.
5. Наурызбаев Р. Шығармашылық бағытта тұлға тәрбиелеу: мектепке дейінгі, мектеп, жоғары оқу орны оқушыларын интерактивті тәсілмен тәрбиелеу. 2014.
6. Нұрекенова Ж. Инновациялық білім беру жолдары: Дарындылықты дамыту, оқушыларды ғылыми жұмысқа бейімдеу. 2013.



Асауова Диана Мейрамовна

Қарағанды қаласы

КМҚК «Таңшолпан» бөбекжайы»

қазақ тілі мұғалімі

ЛЭПБУК – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Өзін-өзі жетілдіру – адам танымдық іс-әрекет барысында ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және тағы басқа кез-келген салада жүйелі білім алуы. Заманауи талаптарға сай болу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтері үнемі оқып, өздігінен білім алып, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруі керек. Сонымен, олар үшін білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістерге барабар жауап беруді үйрену, пікірлестер тобында жұмыс істей білу, балалармен тәрбие және білім беру жұмыстарын сауатты және сапалы ұйымдастыру, білім беру міндеттерін шешу үшін ата-аналарымен тиімді серіктестік құру, білім беру мазмұнын дербес таңдау және оны белгілі бір топтағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу маңызды. Әр педагог мектеп жасына дейінгі балаларды қызықтыратын, олардың жасына сәйкес келетін сапалы да тиімді білім беруді және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешетін жаңа тәсілдерді, идеяларды, формалар мен әдістерді үнемі іздейді.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрапқа саналы, мағыналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Қазіргі уақытта білім саласына қойылатын талап жаңа технологиялар мен әдістерді барынша көптеп қолдану болып табылады. Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығын

арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп есептеймін және мен өз оқу қызметімде қолданамын.

Лэпбук – мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың қазіргі заманғы құралы. Лэпбукке «жинақталған кітап», «тақырыптық интерактивті қалта» немесе «қалталары мен терезелері бар кішкентай кітаптар жиынтығы» деп бірнеше анықтама беруге болады. Лэпбук, әсіресе, мектепалды даярлық топ балаларын қызықтырады және жаңа білім іздеуге итермелейді. Лэпбук ақпаратты кез-келген нысанда және кез-келген тақырыпта суреттер, кішігірім мәтіндер, диаграммалар мен графиктер түрінде орналастыруға мүмкіндік береді.

Лэпбукпен жұмыс істеу несімен тиімді?

– өткен тақырыпты қайталаудың тиімді әдісі;

– «жинақталған кітап» құру кезінде сіз ыңғайлы тақырып пен тапсырмаларды таңдай аласыз;

– ҰОҚ кезінде көрнекіліктердің санын арттырады;

– балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, логикасын дамытады.

Әсіресе мемлекеттік тілді үйренуде бұл жаңа технологияның берері мол. Қазіргі уақытта балалардың тілін, ойын дамытуда лэпбукты қолдану өзекті болып тұр. Бала тілін дамытуға, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет.



Кез келген «жеке» тақырып ләпбукке тақырып бола алады. Тақырыпты таңдағаннан кейін қағаз, қалам алып жоспар жазу керек. Өйткені, ләпбук тек суреттер кітабы ғана емес, бұл - оқу құрал. Сондықтан тақырыпты толығымен ашу үшін болашақ жоспар құру қажет. Келесі кезең – ең қызықты кезең. Енді жоспардың әр тармағы ләпбукте қалай ұсынылатындығын ойластыру керек. Яғни, орналасуды сызыңыз. Қиялға шек жоқ: ұсыну формалары кез-келген болуы мүмкін қарапайым мәтіннен бастап ойындар мен оқу тапсырмаларына дейін. Бөлшектерді кесіңіз, бәрін орнына жабыстырыңыз. Осыдан кейін біз баламен сабақ бастаймыз. Жұмыс нәтижелі болуына қолданатын тәсілдер:

- дидактикалық ойындар, суреттер, тірек-сызба, үлгілер;
- тақырыпты бекіту мақсатында берілген жаңа сөздер;
- жаңылтпаш, тақпақ, жұмбақ, саусақ гимнастикалары, ертегілер және тағы басқа тәсілдер.

Қорыта келе, оқытудың жаңа технологиясы қазіргі заманғы білім берудің бірқатар мәселелерін шешеді, педагогтерге тақырыпты біліп қана қоймай, сонымен қатар жан-жақты ізденуге, міндеттер қоюға және оларды шешуге, ақпаратты ұйымдастыру мен таңдау мәселесіне шығармашылық көзқараспен қарауға үйретеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.
3. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы.



Ержанова Аяулым Ержанқызы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
КМҚК «№15 «Рахат» балабақша - бөбекжайы»,
педагог-модератор бейнелеу өнер мұғалімі

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Дәстүрден тыс сурет салуды пайдалана отырып ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіу.

Түйін сөздер: сурет салу, дәстүрден тыс әдіс

Балалардың дарындылығын, шығармашылығын дамытуда сурет өнерінің үлкен рөл атқаратындығы барлығымызға мәлім. Сурте салу арқылы – бала әр заттан сұлулықты, әдемілікті байқай біледі. Мен өз тәжірибемде балаларға дәстүрден тыс сурет салуды көп қолданамын. Дәстүрден тыс сурет салуды ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланып балалардың қызығушылығын арттырудамын. Дәстүрден тыс сурет салуың бірнеше түріне тоқталып, өтпелі тақырыптар бойынша сурет салуды ұсынамын.

Бормен сурет салу. «Біз мектепке барамыз», «Менің балабақшам» тақырыбында балаларға таза ауада далаға шығарып, өздерінің ойларын асфальтта салдыру, балалар үшін қызықты болады.

Саусақпен сурет салу. «Табиғат» тақырыбында. Бұл әдіс әсіресе кішкентай топ балаларына өте қызық болады. Дайын ақ параққа салынған ағаштарды балаларға ұсынып, алманың суретін саусақтарымен салдырту. Саусақтарын қызыл, сары, жасыл түске салып кезек-кезек алмаларды орналастырады.

Бастыру әдісі. «Салт-дәстүр мен фольклор» тақырыбында. Балаларға ою өрнектерді салуға көмегі зор. Қатты қағаздан оюды қиып балаларға оюды бастыруын айту.

«Құммен сурет салу әдісі»: «Бізді қорша-

ған әлем» тақырыбында. Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз. Ғарышқа саяхат тақырыбында дайын боямақтарды шығарып пва желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып, жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелеп шығамыз.

Алақанмен сурет салу. «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында. Барлық балаларға бірігіп күннің сәулелерін салуға болады. Балалар бірлесіп топтық жұмыс жасауға үйренеді.

Сулы қағазға сурет салу. Сюжетті бейнелерді салуда таптырмас әдіс болып саналады. Ақ парақты ылғал етіп кейіннен үсіне акварель бояу жағып салуға болады. Ақ парақ тым су болса сурет шықпай қалуы мүмкін. «Түнгі қала», «Тұман», «Жаңбырлы күн», «Күз», «Қыс» тақырыптарында сурет салуға болады. «Менің Қазақстаным», «Жер - Ана», «Табиғат әлемі» тақырыптарында пайдалануға болады.

Бір таңбалы әдіс. Ақ парақтың жартысына сурет салып, кейіннен салынып болған суретті беттестірген екінші жаққа сурет басылады. «Көбелек» суретін салуға болады.

Шынайы сұлбаға қарап сурет салу. Суреттің объектісі болып отбасы мүшелерін таңдауға болады. Көмектес материалдар

ретінде фотосуреттерді, отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті туралы әңгімелерді қолдануға болады. «Менің отбасым» тақырыбында сурет салдыруға болады. Дәстүрден тыс сурет салу балалардың шығармашылығын, ой – қиялын дамытуда таптырмас әдіс.

Дәстүрден тыс сурет салуды ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдана отырып балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтары артқанын байқалады. Барлық бала суреттерінің жақсы болғанын қалайды. Егер суреті онша жақсы болып шықпаса, олар оған ренжиді. Сондықтан балалардың табысқа жетуіне жағдай жасайтын және сурет салуға деген тұрақты қалыптастыратын сурет салу техникасын пайдалану қажет. Сурет салудың дәстүрлі емес техникасы балаға бейнелеу қызме-


тіндегі сәтсіздіктердің алдында қорқыныш сезімін жеңуге мүмкіндік береді. Мұндай сурет салу техникасы балаларға өздерін еркін сезінуге көмектеседі, әдетте дәстүрлі әдістер мен материалдармен бейнелеуге қиын болған заттарды бала басқа тұрғыдан көріп, қағаз бетіне түсіруге тырысады.

Дәстүрлі емес техникаларды қолдануымен өткізілген оқу қызметінде балаларда бағдарлы – зерттеу қызметі, қиял, есте сақтау, эстетикалық талғамы, танымдық қабілеті, дербестігі дамиды, бала эксперимент жасауды үйренеді. Қол саусақтарының бояумен тікелей байланысқан кезде балалар оның қасиеттерін: қалыңдығын, қаттылығын, тұтқырлығын түсінеді. Дәстүрлі емес сурет салудың көптеген түрлері көру – моторикалық үйлестірудің даму деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы, 2015ж.
2. Казакова Р.Г. Рисование с детьми дошкольного возраста: нетрадиционные техники, планирование, конспекты занятий.– М., 2007
3. Лебедева Е.Н. Использование нетрадиционных техник [Электронный ресурс]: http://www.pedlib.ru/Books/6/0297/6_0297-32.shtml
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
5. Мектепке дейін тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2016





Толғанова Базарбала Орынбековна
Екібастұз қаласы, Солнечный кенті
№17 сәбилер бақшасының
тәрбиешісі

БАЛАБАҚШАДА «СУДЖОК – ТЕРАПИЯСЫН» ҚОЛДАНУ

Балабақшаларда жастарына қарай дәстүрден тыс баламен жұмыс жүргізілуде. Денсаулық саласы бойынша педагогтар су-джок терапиясын қолдануда. Су-джок терапиясы - бұл қол мен аяқ арқылы емдеу жолы. Бұл терапияны XX ғасырдың аяғында Сеул халық университетінің профессоры Пак Чже Ву өзінің шығыс медицинасын зерттеу жұмысы барысында, адамдардың өзін – өзі түрлі кеселдерден емдей алатындай ерекше әдістемелерін паш етті. Кәріс тілінен аударғанда (Су – алақан, джок – табан) деген мағынаны білдіреді. Ал алақан мен табан – адамның дене мүшелерінің тамырының орналасу орталығы.

«Суджок» терапиясын пайдалана отырып: бұдыр-бұдыр шарларды екі алақанның ортасына салып айналдыру арқылы жұмыс жасаймыз. Жеке және топпен балалардың өз бетімен саусақтарына массаж жасауға дағдыландырамыз. Мәселен, сырты бұдыр кішкене шар немесе жаңғақты алақанға салып айналдыру арқылы баланың ұсақ моторикасын дамытамыз. Бұл саусақтарға арналған массаждың бір түрі. «Суджок» терапиясын медицинада өте көп қолдану себебі: қозғалмайтын арнайы балаларға, ұсақ, саусақ моторикасын, барлық дене мүшелерін жақсартуда қолданады.

Адамның бүкіл денесі қол мен аяққа, сондай-ақ қол мен аяқтың әр саусағына проекцияланады, аурудың алдын-алу мен емдеудің тиімді әдісі саусақтардың, қолдардың және аяқтардың серпімді сақинамен массажы болып табылады. Сақинаны саусаққа қойып, дененің зардап

шеккен бөлігінің аймағын қызарғанша және жылу сезімі пайда болғанша уқалау керек. Бұл процедура күніне бірнеше рет қайталануы керек. Балаларға шар көмегімен саусақтарына және алақандарына массаж жасау ұнайды-деп айтады, жағымды әсері бүкіл ағзаға, сондай-ақ, қол саусақтарының ұсақ моторикасының дамуы, сол арқылы ықпал ете отырып, тіл дамытылады.

Сондықтан саусақтардың ұштарын жылу сезімін сезінгенше уқалау керек. Бұл бүкіл денедегі емдік әсері жүрді дегенді білдіреді. Әсіресе адамның басына жауап беретін бас бармақты уқалау, өте маңызды әсер етеді. Балалар серпімді сақина, шаралар арқылы шығармашылық ойындар элементтерін, рольдік ойындар, шамалары келгенше ертегі кейіпкерлерінің бейнелеріне еніп, қойылған мақсаттарды шешуге ұмтылады. Ойын түрінде берілген тапсырмаларға қызығушылығын оятады және денсаулығын нығайтуға, тіл мүкістігін түзетуге, таным процесін дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Суджок терапия баланың таным қасиеттеріне, көңіл-күйіне әсер ететін қолайлы әдістердің бірі болып табылады. Ол үшін мен өз тәжірибиемде массаж жасау үшін арнайы тікенді доптарды және созылмалы сақиналары қолданамын. Балабақшаларда тәрбиеленетін балалардың тілін түзету өз ұлтымыздың құндылықтарымен тығыз байланысты. Оған қазақтың ұлттық ойындарын, санамақтарын, жаңылтпаштарын ертегілерін су-джок терапиясымен байланыстырып әңгілелеуге, жатқа айтуға бала тілін түзетуде қолданамын.

Су-Джок терапиясының абыройы: Жоғарғы тиімділігі – дұрыс қолданғанда нәтиже көрсетеді. Су-Джок терапиясының денсаулыққа кері әсерін және зиянды әсері болмайды. Жан-жақты қолдануы – Су-Джок терапиясын педагогтер балаларына және де үй күтімінде отырған аналар, ересек адамдарға қолдануына болады.

Су-Джок терапиясының қолдану тәсілдері:

Арнайы шармен массаж.

Серпімді сақинамен уқалау.

Аяқ массажы.

Қолдар мен саусақтардың қолмен массажы. Саусақтар мен тырнақ пластиналарын уқалау өте пайдалы және тиімді.

Бұл жұмысты сурет салуға, модельдеуге, жазуға байланысты тапсырмаларды орындамас бұрын 1-2 минут ішінде жасауға болады, сабақтардағы динамикалық үзіліс кезінде саусақ гимнастикасы ретінде жүзеге асырылады. Бұл жүйесоншалықтықарапайым және қол жетімді, тіпті бала оны игере алады. Бұл әдісті бір рет түсіну жеткілікті, содан кейін оны өмір бойы қолдануға болады. Су-Джок - бұл өткір ұштары бар сүйкімді доп, бірақ оның қаншалықты пайда әкелетіні таңқаларлық жай.

Алақанның арасын бір біріне тигізіп уқалап көріңіз - сол сәтте ақ жылудың келгенін және жеңіл шаншуды сезінесіз. Балалармен жұмыс жасаудың кейбір түрлерін қарастырсақ:

Мысалы: «Санамақ» ойынын ойнату.

Бас бармақ

Балан үйрек.

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

«Кірпі»

Момақанмын, алайда,

Тікенім көп, абайла. (Үш саусаққа массаж сақинаны киіп кірпінің жүрісін салу)

Кіріп кетсе қолыңа

Өкпелеме, жарай ма?

Серпімді сақинамен санамақ айту

Бір – таңертең тұр.

Екі – шынығып, бекі.

Үш – тазала тіс.

Төрт – сабындап жу бет.

Бес – сүртін тез.

Алты – үйді жина жалпы.

Жеті – киін енді.

Сегіз-асыңды жеп, іш.

Тоғыз – ыдысты жу тегіс.

Он – сабақ оқы

Осыдан соң.

Бұл санамақ жаңа,

Күнде өстіп сана. (әр саусақты айтқанда сақинаны айтып қолына киеді)

«Бір үйде біз нешеуіміз?» ойыны

Кел санайық екеуіміз.

Бас бармағым – атам,

Балаң үйрек – апам,

Ортан терек – ағам,

Шылдыр шүмек-мен

Титтей бөбек-сен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз. (Оң, сол қол саусақтарына кезектестіре серпімді сақинаны киіп, ойын ойнау)

Лексика-грамматикалық категорияларды жетілдіруде СуДжок шарларын қолдану :

«Бір-көп» жаттығуы: Тәрбиеші «Керемет допты» үстелдің үстімен балаға бағыттыа домалатады да затты жекеше атауын атайды. Бала алақанмен допты ұстап алып заттың көпше түрін атап береді.

СуДжок арқылы ұсақ моториканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз: Сөйлеу тілі жетіледі, қимыл-қозғалыс қабілеті артады, икемділігі арта түседі, логикалық ойлау қабілеті дамытады, танымдылық деңгейі артады.

Көптеген тәжірибелерге сүйенсек, сөйлеу тілі бұзылған балалардың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасында ауытқушылықтар байқалады. Осының алдын алу үшін СуДжок терапиясын ерте жастан жүйелі түрде қолдану қажет.

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Қолданылған әдебиеттер:

1. Пак ЧжэВу. Су Джок для всех. – М.: Су Джок Академия, 1999.
2. Пак ЧжэВу. Тринальная Улыбка медитация. – М.: Академия Улыбки, 2004.
3. Фопель К. Чтобы дети были счастливы: Психологические игры и упражнения для детей дошкольного возраста. – М., 2006.
4. Цвынтарный В.В. Играем пальчиками и развиваем речь. – СПб. Издательство «Лань», 2002.
5. Гладковская Л.М. Нетрадиционные методы терапии в логопедической работе. Научно-методический журнал «Логопед». № 1/2008.





Каштекова Айымгүл Бәкібайқызы
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы
КМҚК «№6 «Нұрсәуле» бөбекжайы»
тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды танитындығы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

Абай Құнанбаев

Жеке тұлға болып қалыптасу жас жеткіншектен заман талабына сай білімді болуды ғана емес, ең алдымен өзіндік ой пайымдауды, шешім қабылдап шығармашылық қызығушылықты талап етеді. Танымдық қызығушылығы белсенділік арқылы жүзеге асады. Танымдық белсенділік арқылы бала қоршаған ортаға биологиялық және әлеуметтік бағдар жасай отырып, қоршаған ортаның беймәлім құбылыстарын түсінуге тырысады. Бала ес біле келе 3 жасқа аяқ басқанда айналасындағы құбылыстар мен заттардың қажеттігін ұғынады. Яғни бала «Бұл не?», «Ол қайдан келеді?» осындай сұрақтарға жауап іздейді. Міне, осы тұста баланың танымдық қаблеті, тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігі яғни, оның есте сақтау, зейін тұрақтылығы, ойлау, елестету, қабылдау сияқты танымдық қасиеттері. Ал баланың танымдық белсенділігін арттыру үшін көру, есту, сезу сияқты анализаторлары бірге жұмылдырылып жұмыс жасаған жағдайда жүзеге асады. Бұл дегеніміз – мектеп жасына дейінгі балаға ең басты, ең көмекші құрал көрнекілік, көрнекілік сөздік, тәжірибелік әдістер қажет екенін дәлелдейді. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігі мен қызығушылығы ойын әрекеті арқылы жүзеге асады. Ойын әрекетінде

бала өзіне қажетті барлық ақпаратты алуға тырысады. Ойын барысында заттарды қолданып, олардың қажеттілігін және қасиетін таниды. Танымдық қызығушылық бала бойында ізденушілік оятады. Ал қызығушылық баланы ұстап көруге тәжірибе жасауға жетелейді. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін әр жас ерекшелігіне бөліп қарастыратын болсақ, баланың әр жас ерекшелігіне сай білуге, үйренуге деген қызығушылығы әрқалай болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар айналадағы заттар мен құбылыстардың ең қарапайым түрін білуге, үйренуге сұраныс жасайды. Яғни, заттың атауын, оның не үшін қажеттілігін, қасиеттерін анықтауға тырысады. Мысалы: Мынау не? Бұл – доп, доп – ойыншық. Ол ойнау үшін керек, резеңкеден жасалған, домалақ, домалайды – деген сияқты қарапайым түсініктен әрі аспайды. Ал ересек жасқа аяқ басқанда баланың білуге, тануға деген құштарлығы өзгеше бола бастайды. Бала сырттай бақылап қана қоймай, өздігінен әрекет етуге тырысады. Бала айналасындағы өзіне қажетті заттарды, табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, тануға, білуге, анықтауға ұмтылады өздік әрекеті басым болмақ. Сондай-ақ, айналасындағы үлкендерге сұрақтар қою арқылы тиісті жауап алуға ұмтылыс

жасайды. Атап айтқанда қарапайым ғана табиғат құбылыстарындағы ерекшеліктерді байқағанда, мысалы, жапырақтар неге сарғаяды? Қар қайдан пайда болады? Күн неге ысиды? Қар неге ериді? Деген сияқты өзіне беймәлім нәрселерді білуге тырысады. Осы тұста балаға ең басты көмекші әдіс эксперименталдық тәжірибелік әдіс деп айтуға болады. Бала эксперименті – ізденуді қажет ететін ең басты әрекет түрі. Бала эксперименті баланың нақты белсенділігінен туындайды. Алынған жаңа білім, жаңа мәлімет арқылы баланың шығармашылығы дамиды. Алынған білімді бала өз іс-тәжірибесінде жүзеге асыра бастайды. Оны нәтижелі іс-әрекет барысында көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігі жоғарыда атап өткендей эксперимент жасау арқылы және бақылау арқылы жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі балаға табиғат заттары мен құбылыстарын тікелей көрсетіп, ұстап, дыбысы болса тыңдап, зерделеу жолдарын бақылау әдісі дейді. Бақылау жасау үшін бақылау нысанын, бақылау мақсатын анықтау керек. Бақылау барысында балаға бақылататын заттарды қолмен ұстап, қарап көріп, негізгі ерекшеліктерін ажыратып, бір, екі қасиетін атату керек. Одан кейін ғана жүзеге асады. Эксперимент жасау шындыққа сынақ жүргізу арқылы көз жеткізу, танып білу болып табылады. *Мысалы:* екі стакан

алып, оның біріне ұн, екіншісіне қант салып, екеуіне де су құйып біраз бақылаймыз. Содан кейін барып, балаға сұрақ қоямыз. Не байқадың? Алдымен бала пікірі тыңдалады. Міне, осы тұста баланың барлық көру, есту анализаторлары жұмысқа қосылып, оның ойлау, пайымдау, зейін қою сияқты танымдық қасиеттері қалыптасады. Міне, осындай тапсырма беру арқылы баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға болады. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігі кіші және жас балалар арасында бақылау, эксперимент арқылы жүзеге асатынын байқауға болады. Бала бойындағы танымдық белсенділік тікелей үлкендер арқылы жүзеге асатындықтан үлкендер тарапынан асқан жауапкершілік пен шыдамдылықты талап етеді. Баланың қойған әр сұрағына немқұрайлылық танытпай мүмкіндігінше баламен бірге дәлелдеуге, анықтауға, қортындысын нақтылауға тырысу қажет.

Қорыта айтқанда, Абай атамyzдың 7 – қара сөзінде айтылғандай: «Адам дүниеге келгенде, екі түрлі мінезбен туады». Оның бірі: ішсем, жесем, ұйықтасам, бұл тән құмарлығы. Яғни, бұл кіші жастағы балада болатын құбылыс. Ал бала өсе келе екінші мінез қалыптасады. Ол «көрсем, үйренсем, білсем» деген жан құмарлығы. Осы құмарлықты жүзеге асыру бүгінгі таңда әр педагогтің басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» даму стратегиясы.
2. Алимбаева Р.Т., Айқынбаева Г.Қ. Бастауыш мектепке келген балалардың даму деңгейін анықтап білі әдістемесі-Қарағанды., 1999.С-52-56.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы-Астана, 2016жыл.
4. Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика- Алматы 1992ж.



Курманова Лаззат Бауржановна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы,
Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының
меңгерушісі

ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ НАЗАРЫН ДАМУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың назарын дамыту бойынша оқу-тәрбие жұмысындағы дидактикалық ойындардың мүмкіндіктері зерттелген. Баланың жеке басының қалыптасуындағы танымдық процестердің рөлі мен орны негізделген, балалардың назарын дамыту ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Танымдық дамудың білім беру саласын жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, дидактикалық ойындарды қосудың ерекшелігі, олардың даму әлеуеті ашылды. Баланың назарын қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық ойындар талданды.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі жас, зейін, өз еркімен көңіл бөлу, дидактикалық ойын, даму, оқу-тәрбие процесі.

Психологтер Л.С. Выготский, А.В.Запорожец, Е.О. Смирнова, Д.Б.Элькониннің тұжырымдамалық ой қорытындыларына сәйкес ойын мектеп жасына дейінгі балалар үшін жетекші қызмет түрі ретінде анықталады. Өзіндік ойын алуда негізгі ісік осы жастағы: шығармашылық қиялын, бейнелі ойлау, сана-сезім, көңіл және жад, көңіл бөлу қызметі, ерікті мінез-құлық балалар. Л.С. Выготскийдің анықтамасы бойынша ойын «Еркін мінез-құлық мектебі» ретінде әрекет етеді».

Дидактикалық ойын – бұл баланың дамуының сенсорлық және ақыл-ой салаларына әсер ететін, олардың іс-әрекетін ынталандыратын, оның барысында шешімдерді әзірлеуде Тәуелсіздік қалыптасады, алған білімдері игеріліп, бекітіледі, ынтымақтастық дағдылары мен дағдылары игеріледі, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттері қалыптасады. Дидактикалық ойын ойын жаттығуларынан ерекшеленеді, өйткені

ондағы ойын ережелерін орындау реттеледі, ойын әрекеттерімен басқарылады. Барлық дидактикалық ойындар үш негізгі түрге бөлінеді: ойыншықтар, табиғи материалдар, үстел ойындары және ауызша ойындар.

Заттармен ойнау үшін ойыншықтар мен нақты заттар қолданылады. Олармен ойнай отырып, балалар салыстыруды, қандай ұқсастықты және заттардың айырмашылығы неде екенін анықтауға үйренеді. Мұндай ойындардың құндылығы, олардың қолдауымен балалар заттардың қасиеттерін және олардың белгілерін ашуға мүмкіндік алады: түсі, мөлшері, формасы, сапасы. Ойындарда олар салыстыру, жіктеу мәселелерінің шешімін табады, тапсырмадағы әрекеттердің реті анықталады. Үстел-баспа ойындары мектеп жасына дейінгі балалардың тікелей қызығушылығын тудырады, өйткені олар әртүрлі: жұптасқан суреттер, лото, домино. Оларды қолдану кезінде жүзеге асырылатын оқыту-дамыту міндеттері де ерекшеленеді.

Ауызша ойындар ойынға қатысушылардың әрекеттерімен бірге сөзді қолдануға негізделген. Мұндай ойындарда балалар объект туралы қолданыстағы түсініктерге назар аудара отырып, олар туралы ақпаратты кеңейте отырып оқытылады, өйткені бұл ойындарда жаңартылған жағдайда жаңа тәсілмен байланысты бұрын үйренген білімді қолдану қажет. Нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалар ойнап, әртүрлі ақыл-ой міндеттеріне өз бетінше жауап табады; объектілерді сипаттайды, олардың ерекше белгілерін оқшаулайды; сипаттама бойынша болжайды; ұқсастықтар мен айырмашылықтардың белгілерін анықтайды; әртүрлі қасиеттер мен белгілерге сүйене отырып, заттарды топтарға біріктіреді. А.Запорожец дидактикалық ойынға баға бере отырып: «біз дидактикалық ойын жеке білім мен дағдыларды игерудің нысаны ғана емес, сонымен бірге баланың жалпы дамуына ықпал етіп, оның қабілеттерін қалыптастыруға қызмет ететініне көз жеткізуіміз керек» деп сендірді. Әрі қарай, назардың қасиеттерін қалыптастыруда дидактикалық ойын құрудың рөлін анықтаймыз.

Дидактикалық ойынның маңызды жағы – ойын жоспары. Ойын қабығында жасырылған дидактикалық тапсырмаға бала тиімдірек қол жеткізеді, өйткені оның назары бастапқыда бағытталған ойын әрекетін өрістетуге және ойын ережелерін жүзеге асыру ойын әрекеттері неғұрлым әртүрлі болса, ойынның өзі балалар үшін тартымды болады және зияткерлік және ойын міндеттері соғұрлым тиімді болады. Дидактикалық ойынның маңызды компоненті ережелер болып табылады, оның көмегімен мұғалім ойынды, демек, балалардың танымдық белсенділігі мен мінез-құлқының даму процестерін басқарады. Ережелер балалардың ғылыми-зерттеу қызметін құрылымдайды, өйткені оларды орындау үшін бір нәрсені қарастыру, ойлау, салыстыру қажет. Тәрбиешінің дидактикалық ойындарды ұйымдастыруы үш негізгі бағытта жүреді: дидактикалық ойынды жүзеге асыруға дайындық, оны

ұйымдастыру және ойын нәтижелерін талдау.

Дидактикалық ойынды жүзеге асыруға дайындық кезінде:

1. Тәрбие мен оқыту міндеттерімен келісілген ойынды таңдау.

2. Таңдалған ойынның осы жас санатындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалық шарттарына сәйкестігін анықтау.

3. Дидактикалық ойынды қолданудың ең қолайлы уақытын белгілеу.

4. Ойынға қатысушылардың санын анықтау.

5. Таңдалған ойын үшін қажетті дидактикалық материалды дайындау, мұғалімнің өзі ойынға қатысуға дайындық.

6. Балаларды ойынға дайындау: олардың білімін, қоршаған өмірдің объектілері мен құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Дидактикалық ойындарды жүзеге асыруда: балаларды ойын мазмұнымен таныстыру, ойын барысы мен ережелері туралы түсініктемелер, ойын әдістерін көрсету, ойындағы тәрбиешінің рөлін белгілеу, ойын нәтижелерін жариялау, кері байланыс алу.

А.П. Усова ойын ережелерін басқаруға мүмкіндік беретінін атап өтті ойынның қалған қатысушыларын бақылауға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойында ережелер бойынша әрекет ету қабілеті дамиды, өйткені ойынның сәттілігі белгіленген ережелердің орындалу дәлдігіне байланысты. Нәтижесінде ойындар көбінесе назарды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар тәртіпті дамытуға да әсер етеді. Ойынның ортаңғы тобында олардың арасындағы айқын емес айырмашылықтар бар заттар қолданылады. Заттармен ойындарда балаларға тапсырмалар беріледі, оларды орындау үшін заттардың саны мен орналасуын саналы түрде есте сақтау, жетіспейтін затты анықтау қажет. Ойын барысында балалар бөлшектерді бүтін етіп біктеу, заттарды (шарлар, моншақтар) байлау, әртүрлі пішіндегі өрнектерді салу қабілеттерін дамытады.

Ортаңғы топта сөзбен ойындар негізінен сөйлеуді дамытуға, дыбысты дұрыс

айтуды дамытуға, сөздікті нақтылауға, шоғырландыруға және белсендіруге, кеңістіктегі нақты бағдарлауды, зейінді дамытуға бағытталған.

Балалардың нақты даму уақытын жіберіп алмау үшін назар аудару қасиеттері, мысалы: мақсаттылық, тұрақтылық, шоғырлану және оны басқару мүмкіндігі тәрбиеші мен баланың іс-әрекетінің орталығында болатын арнайы ойындарды қажет етеді. Олардың әрқайсысында зейіннің шоғырлануы, шоғырлануы және тұрақтылығы қызықты нысандармен ойын әрекеттерінің және балалардың бір-бірімен қарым-қатынасының негізгі жағдайына айналады. Ауызша ойындардың көмегімен балалар зияткерлік жұмысты жүзеге асыруға деген ұмтылысты дамытады. Ойын барысында ақыл-ой әрекеті процесі белсенді жүреді, бала интеллектуалды жұмыстың күрделілігін оңай жеңеді, ол қазірдің өзінде оқып жатқанына назар аудармайды.


Демек, мәні балалар өздеріне қызықты түрде ұсынылған ақыл-ой міндеттеріне жауап табады, белгілі бір қиындықтарды жеңе отырып, шешімдерді өздері іздейді. Бала ақыл-ой тапсырмасын практикалық, ойын ретінде қабылдайды, бұл оның зияткерлік белсенділігінің артуына ықпал етеді. Ойынды сіңіру ерікті назар аудару қабілетін арттырады, байқауды арттырады, есте сақтауды тездетеді және берік етеді. Мұның бәрі дидактикалық ойынды балаларды мектепке дайындаудың маңызды құралы ретінде ұсынады.

Осылайша, дидактикалық ойындар барлық психологиялық процестердің дамуына ықпал етеді, сонымен қатар назардың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Дидактикалық ойындарда бала назар аударады, бағыттылықты дамытатын әрекеттерді жүзеге асырады және назар аударыңыз, өйткені мұндай ойындарда әрдайым назар мен күш-жігерді қажет ететін тапсырма мен іс-қимыл ережелері бар.

Әдебиеттер:

1. Алыханова Е.М. «Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың ерікті зейінін дамыту// ғылыми көрініс. 2019. № 4 (18).- Б.5-6.
2. Неводчикова Е.В. Стандартты жүзеге асыру жағдайында орта мектеп жасына дейінгі балаларда ерікті зейінді дамыту шарттары мен әдістері: педагогикалық ғылымға қадам білім беру қызметкерлерінің VIII халықаралық форумының материалдары. Ғылыми ой орталығы. 2016.- Б.15-18.
3. Туғаннан мектепке дейін. Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық бағдарламасы / ред. Н.Е. Вераксы, Т.с. Комарова, Э.м. Дорофеева. - Бесінші басылым (инновациялық), испр. және қосымша. – М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2019. – 336 с.





Капшукова Елена Владимировна
я/с № 18 города Экибастуз
Павлодарской области
воспитатель

КРИОТЕРАПИЯ – КАК ОДНА ИЗ НЕТРАДИЦИОННЫХ МЕТОДИК ОЗДОРОВЛЕНИЯ ДЕТЕЙ

Наш сад уже на протяжении 20 лет занимается оздоровлением детей, где уделяется большое внимание здоровьесберегающим технологиям, которые направлены на решение самой главной задачи дошкольного образования – сохранить, поддержать и укрепить здоровье детей.

Применение не стандартных, современных здоровьесберегающих технологий всегда привлекало внимание потому, что не одна образовательная деятельность не проходит без применения здоровьесберегающих технологий.

Криотерапия – одна из нетрадиционных методик оздоровления детей, заключаю-

щаяся в использовании игр со льдом. Дозированное воздействие холода на нервные окончания пальцев рук обладает благотворными свойствами. Эффект основан на изменении деятельности сосудов. От холода происходит сокращение мышц, а от тепла – расслабление.

Применение холода способно уменьшить воспалительный процесс, снять или уменьшить боль, способствовать расслаблению мышц, насыщению крови кислородом, повышению иммунитета, улучшению кровообращения. Итогом этого может явиться тренировка и восстановление защитных сил организма у детей и взрослых.





Проведение криотерапии не требует специального оборудования. Для её проведения необходимы кусочки льда, которые заранее готовят в «шашечках» или подставках от шоколадных конфет.

Криотерапия проводится по следующей схеме: одна процедура через 1-2 дня в течение месяца. Продолжительность игр со льдом следует постепенно увеличивать с 5 секунд постепенно прибавляя время воздействия.

Оздоровление проводится в три этапа:

1. Криоконтраст (попеременное воздействие холода и тепла)

Данный этап включает в себя игры, которые можно разделить по степени продолжительности на 4 категории:

1 категория игр

Погружение пальцев в бассейн с ледяными шариками (игра «Достань игрушку») на 5-8 секунд; «Тает льдинка»; «Пересчитай камешки»

2 категория игр

Выкладывание по цвету разноцветных кубиков из льда «Выложи узор». Время взаимодействия со льдом увеличивается до 10-15 секунд.

3 категория игр

Выкладывание мозаичного рисунка из ледяных кубиков. Время взаимодействия со льдом и холодом до 25-30 секунд.

4 категория игр

Выкладывание замков из ледяных кубиков. Наиболее продолжительное взаимодействие и манипуляции со льдом от 30 до 60 секунд.

2. Пальчиковая гимнастика.

3. Развитие тактильной чувствительности.

Криотерапию можно проводить как при организации режимных моментов: криомассаж (ложками и криопакетами), так и в ходе организованной учебной деятельности – развивающие игры со льдом.

Криотерапию нельзя применять при индивидуальной непереносимости холода, в период простудного или инфекционного заболевания, если ребенок недавно перенес острое заболевание или ему была сделана прививка, если не прошло двух недель после обострения хронического заболевания, а также при отрицательном отношении ребенка или его родителей к данному виду оздоровления.

В процессе работы были замечены такие



изменения:

- игры со льдом вызывают у детей радостное настроение;
- дают много эмоционально ярких впечатлений;
- у детей значительно улучшаются движения кисти руки и, как следствие, стимулируется развитие речи, развитие интеллектуальной сферы детей, а также происходит оздоровление организма.

Подводя итоги, хочу сказать, что использование сбалансированного сочетания упражнений, игр и опытов со льдом — несложный и доступный вид деятельности для ребенка, и одновременно очень интересный и увлекательный,

несущий оздоровительный эффект. В результате внедрения этого метода, в нашей группе улучшилось самочувствие детей, снизилось количество пропусков по заболеваемости. Итогом трехлетней работы по теме самообразования стал сборник «Криотерапия - игры, которые оздоравливают и развивают».

Опыт моей педагогической практики дает возможность с уверенностью рекомендовать широкое использование криотерапии как педагогам в организованной учебной деятельности в дошкольной организации, так и родителям для домашней организации досуга детей, их оздоровления.

Список источников:

1. Алехин А. И., Денисов Л. Н., Исаев Л. Р. и др. *Аэрокриотерапия в современной медицине.* — М., 2002.
2. Баранов А. Ю., Кидалов В. Н. *Лечение холодом.* — М.: Апрель, 2000. — 160 с.
3. Бобков Г. А. *Термопроцедуры и кинезитерапия: Материалы научно практической конференции.* — Профилактика и лечение заболеваний костно-мышечной системы человека по методу Бубновского С. М.: Астрейя-центр, М. 2008
4. Коваленко И. М., Ятманов А. Н. и др., *О многостороннем изучении изменений в организме здорового человека в ответ на криотерапевтическое воздействие // Вестник СПбГМА им. И. И. Мечникова* — 2005. — № 2 (6). — С. 147–150.
5. Портнов В. В. *Локальная воздушная криотерапия: механизм действия и применение в практике // Курортные ведомости.* — 2009. — № 2(53)- С.62-64





Иманғазиева Бақтыгүл Айсакызы
 Ясли-сад №26 «Жұлдыз»
 г. Атырау
 педагог русского языка

ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ДОШКОЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ

Оглядываясь назад, мы знаем, что каждый народ, каждая нация имеет свою культуру, быт, обычаи, традиции, способ воспитания. Народное воспитание-историческое и культурное наследие народа, которое на протяжении веков подвергалось дифференцированной критике, рождалось, росло, развивалось и передавалось из поколения в поколение в тесной связи с его мыслями, мечтами, жизненным дыханием, хозяйственными занятиями, национальными наставническими традициями. У каждого народа есть свои исторические уроки, выводы, которые длились веками в воспитании поколений. Он занимает центральное место в написании, чтении, устной литературе, национальном искусстве, традициях и обычаях народа, Одним словом, культурном наследии. Невозможно представить исторический процесс без передовой нравственной традиции, преемственности поколений, вобравших в себя богатое духовное наследие прошлого. Чем богаче и разнообразнее духовное наследие, тем лучше культурное наследие прошлого и настоящего. Воспитательные и поучительные мысли и обряды казахского народа раскрываются в следующих моментах: значительное значение в жизни казахского народа уважения и гостеприимства; сложившаяся система и особенности проведения народных игр и праздников, глубокое овладение

тайнами природы и обретение гармонии; завещание, терме, айтыс, ораторские слова; поэзия казахов; родственные отношения; гостеприимство, благородство и др. Сегодня, в связи с обновлением системы дошкольного воспитания и образования, сформированы национальное самосознание, национальные психологические символы, развито духовное богатство, воспитание будущего гражданина-одна из задач, реализуемых дошкольным учреждением.

Ведь в XXI веке достаточно непростых, сложных вопросов воспитания подрастающего поколения, которое живет на фоне сквозной информации и сложных изменений в обществе. А привитие национального воспитания становится еще более актуальным. С этой точки зрения, одной из обширных областей многовекового опыта казахского народа являются национальные ценности, сохранившиеся от предков. То есть прививать молодому поколению добрые обычаи и традиции нашей нации, воспитывая тем самым доброту, благородство, гражданскую доблесть - актуальная проблема современности. Если мы хотим быть сильными духом, крепкими, то самое главное-бережно относиться к воспитанию и образованию поколений. Название национального воспитания впервые ввел в литературно-педагогические учебники Магжан Жумабаев. «Он говорил о том, что педагогика берет свое начало

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРІБЕ

в национальном воспитании. В своей работе Педагогика «говорит:» поскольку воспитание нации давно проверено и используется многими поколениями, то каждый педагог обязан воспитать ребенка той же национальностью, потому что ребенок каждой нации служит для своей нации». Так, например, устная литература является примером для развития мышления ребенка, нравственного, также колыбельная - это национальная духовная основа. Колыбельная - это одно из первых духовных наполнений сердца малыша. На нем изображены сцены из жизни страны. Конечно, в семье ребенок воспитывается на основе национальных ценностей, но такое воспитание продолжится в детском саду и в начальной школе, ребенок будет очень плодovit, и обладает этнокультурными знаниями и навыками. Народная педагогика-совокупность национальных обычаев и традиций народов в воспитании вековых поколений, передовых образцов культурного мышления. Воспитать своих потомков верными, великими, справедливыми, храбрыми, добрыми, честными, добросовестными, сохраняя добрые традиции наших предков-главная задача педагога, а также и родителей. По новому учебному стандарту дошкольного воспитания у детей поставлены задачи развития общечеловеческих, культурных и нравственных ценностей через воспитание во времена национализма и культурно-исторических традиций нашего народа. При обучении каждой отрасли, части необходимо умело сочетать образ жизни, обычаи, образцовые традиции и обычаи казахского народа, формировать у ребенка чувство национальной гордости, национального патриотизма, прилагать усилия для его действенного ведения в соответствии с требованиями сегодняшнего дня. Главная задача каждого педагога-воспитание детей. По этому поводу А. Табылдиев говорит: «Считалки были выведены народом, в основном, с целью научить маленького ребенка считать. У ребенка развивается математическое мышление с логическим

мышлением». А то, что не нарушают правила поведения, вызывает у детей чувство вины. Это небольшое поэтическое произведение, имеющее воспитательное, значение, выраженное художественным словом. Основная основа сознания связана с народной педагогикой. А также скороговорки-средство развития речи ребенка. Здесь экспрессируется простой народный язык и предполагается передать характер, образ и характер того или иного явления, предмета, наиболее понятным языком. Поэтому легенды и песнопения, эпосы, народные сказки, пословицы и поговорки, загадки, созданные на художественном языке, являются ценнейшими произведениями народной педагогики. Таким духовным наследием, на протяжении всей своей мудрости, являются средства воспитания, проверенные веками педагогического опыта народа. И связи с этим приобщение детей дошкольного возраста к общечеловеческим и национальным ценностям через использование инновационных технологий. Одной из основных задач воспитания и обучения детей дошкольного возраста является широкое приобщение детей к национальным ценностям культуры, а одним из принципов образовательной работы – принцип тесной взаимосвязи национального и общечеловеческого в воспитании. Это обуславливает поворот к народной педагогике, национальным традициям, фольклору в приобщении к национальной культуре. Подбирая для работы с детьми наиболее эффективные формы, методы и средства, надо учитывать, что процесс формирования национального самосознания долгий и сложный, и начинать его надо прежде всего с ознакомления с родным краем, подключая средства устного народного творчества.

С первых лет жизни ребенка приобщение его к культуре, национальным ценностям помогают заложить в нем фундамент нравственности, патриотизма, формирует основы самосознания и индивидуальности. Главным вопросом в жизни человека должно стать воспитание, национальное

сознание. Одним из факторов, влияющих на человеческие качества, является воспитание, национальный обычай.

Эта народная мудрость заключает в себе богатство, возможность использовать опыт

на благо народа, подавать пример молодому поколению.. Не зря говорят, что все новое – это хорошо забытое старое...Нужно просто научиться применять его по – новому!

Литературы:

1. Республиканский педагогический журнал: Ребенок в детском саду, №6, 2014года
2. Республиканский педагогический журнал: Ребенок в детском саду, №2, 2015 года
3. Табылдиев А. Казахская этнопедагогика. Алматы, 2001.
4. Касымжанов А. Х. Духовное наследие казахского народа. Москва, 1992.





Садыкова Жайнат Куракбаевна

Қарағанды қаласы «Алданыш» бөбекжайы КМҚК
тәрбиеші
zhaynats@bk.ru

БАЛАБАҚШАДАҒЫ СУРЕТ САЛУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақала балаларға көркем-шығармашылық қабілеттерін дәстүрлі емес сурет салу арқылы дамыту, сурет салу әдістерін меңгерту, дәстүрлі емес әдістерді пайдалана отырып қызығушылықтарын арттыру.

Түйін сөздер: Сыйқырлы бояулар, ерекше шығармашылыққа баулу.

Қоғамдағы, айналамызда болып жатқан қарыштанған өзгерістер шығармашылық қабілетке ие, қажетті жағдайда іскерлік таныта алатын, әрі ерекшелікпен қолдану шеберлігі бар жеке тұлғаға үлкен талаптар қояды. Балаларды сурет салуға баули отырып, оның ішінде қол еңбегінің нәтижесіне баға бере алуды, өз жұмысына деген мақтаныш сезімін оятуды, досының шығармашылығына сын көзбен қарай алуды, ойлау қабілетінің қиялмен байланысын қалыптастыру, шығармашылық дағдысын түрлендіре түсуге үйрету, сурет салуға ерекше көзқарасын қызықтыру қазіргі таңдағы өзін жаңашыл деп есептейтін әрбір тәрбиешінің міндеті болуы шарт.

Бұл тақырыптың өзектілігін қарастыратын болсақ, қазіргі білім беру кеңістігі әлемдегі көптеген инновациялық төңкерілістерге тап болуда. Шығармашыл жеке тұлғаның қалыптасуы – қазіргі таңдағы педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Бұл үдерісті мектепке дейінгі жаста дамыту өте тиімді. Тәрбиешінің басты бағдарламалық бағыты – білім берудің жаңа технологияларын қолдану кезінде оқу – танымдық жағдай қалыптасатын сәтті ұтымды пайданануымен анықталады. Оны анықтайтын жаңа технологиялардың бірі

осы дәстүрлі емес сурет салу үрдісі деп айтуға болады.

Сәл теориясына көз жүгіртсек, Ахмет Байтұрсынов баланың өзіндік жұмысының маңызын бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керектігін атап айтқан болатын. Жалпы білімге деген құштарлық – кез келген балаға тән қасиет. Күн сайын жаңа бір нәрсені білуге ұмтылу – бала үшін зор қуаныш, үлкен мерей. Баланың оқу – таным әрекетін арттырудың тиімді құралдарының бірі – бейнелеу өнері.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дәстүрлі емес техникалар арқылы сурет салуға тәрбиелеу алдымен бейнелеу қызметіне келіп тіреледі. Яғни, бейнелеу қызметі – бұл баладағы ойлау, талдау, синтез, салыстыру, қиялдау және жалпылай алу қабілеттерін іске қосады. Ол байланыстыра сөйлеуге, сөздік қорын байытуға және сенсориканы дамытуға ықпал етеді. Таным, бақылау және салыстыру қорының кеңеюі баланың жалпы зияткерлік дамуына оң әсер етеді. Бейнелеу қызметімен айналысу барысында мектепке дейінгі балалардың адамгершілік – ерік қасиеттері қалыптасады. Балалар назар аударуға, басталған істі аяғына дейін жеткізуге, қиындықтарды жеңуге және

жолдастарын қолдауға үйренеді. Бейнелеу қызметі балалардан белсенді қозғалыстар мен нәтижені талап етеді.

Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қызметі балалар тұлғасын дамытуда маңызды рөл атқарады, өйткені бала үшін бұлтаным мен шығармашылық қуанышы. Қажетті іскерліктерін бейнелеуі болып табылады. Демек, қоршаған әлемді қабылдауын бейнелі дамытуы. Қандай да бір нысанды салу үшін онымен танысу керек, оның көлемін, түсі мен пішінін есте сақтау қажет. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қырынан дамуы эстетикалық тәрбиені дұрыс бағытқа қояды. Ал, осындай көпжақты дамудың қозғаушы күші балалардың қызығушылығы болып табылады.

Сурет салуда балалар айналадағы қызықты құбылыстарды көре білуі қажет. Бала үшін сурет салу – сезім, көңіл күйді берудің бірінші құралы. Тәрбиеші бала жұмысының нәтижесін қарай отырып баланың ішкі сезімін, жан дүниесін көре алады. Сурет салу сабақтарында балалардың қызығушылық сезімдерін дамыту мақсатында түрлі әдіс – тәсілдер қолданылады. Тәрбиешінің мақсат-міндетіне сай балалар өнер жанрларын, стильдерін (пейзаж, портрет, натюрморт, графика, скульптура) түсініп, қабылдай білуі шарт. Сурет сабақтарында суретшілер еңбектерімен таныстыру, ертегілер бойынша салынған суретшілер иллюстрацияларын көрсету, түрлі саяхат сабақтар өткізу (мұражайлар, жергілікті суретшілер үйіне) т.б. өткізген шарт. Осындай сабақтарда балаларда өнерге деген қызығушылықтары дамиды. Сондықтан да сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға өте қызықты, тәрбиешіге оңтайлы білім беру көзі болып табылады.

Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларда қызығушылықтарын, еркіндіктерін, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады. Сондықтан, бала ерікті түрде қызығушылық танытып сурет салу үшін дәстүрлі емес әдісті пайдаланған жөн деп білемін. Себебі дәстүрлі емес әдістің құралдары қызықты,

әрі сурет салу жолы оңай. Сонымен қатар оқу іс-әрекеті кезінде уақыт тиімділігімен ерекшеленеді.

Дәстүрлі емес әдіс кезінде көру және саусақ моторикасы жақсы дамиды.

Дәстүрлі емес сурет салу әрекетінде балалар тек қарындашпен, фломастермен, бормен, қылқаламмен ғана емес, өзінің сүйікті ісіне олар өзгеде заттарды пайдаланады. Мысалы: балалар алақан, саусақ, табандарымен, әр түрлі таяқшалар, жіптер, мәуесек, далаппен сурет салуды қызық көреді. Қарапайым нәрсенің жаңаша қызметін ойлап шығарып, оларды бейнелеу өнеріне жаратып, таңқаларық сурет салуға қолдану бұл тамаша!

Балалар ерте жастан бастап өзінің шығармашылығында қоршаған әлем туралы өз әсерлерін бейнелеу арқылы көрсетуге тырысады. Демек, дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу, яғни балаларды таңқалдыратын және қызыға таңдайтын іс-әрекеті екеніне көзіміз жеткен секілді.

Дәстүрлі емес техникалар арқылы сурет салу нәтижесін зерделей қарасақ, кіші топ балалары үшін таптырмайтын тәсіл екені анықталды. Себебі мектеп жасына дейінгі кіші топ тәрбиеленушісінің тыныш отырып шыдамдылық танытуы қиынға соғады. Ал, дәстүрлі емес техникалар арқылы сурет салуда бұл жастағы тәрбиеленушілер тиянақты жұмыс нәтижелерін көрсетеді. Ал, ересек жастағы тәрбиеленушілер үшін дәстүрлі емес техникалар арқылы сурет салуды жиі қолдану – шығармашылықтың көрінісі. Себебі, тәрбиешіге баланың күнделікті өмірді қалай қабылдайтыны, яғни жарқын, әдемі және барлық оқиғаларды бейнелейтін қол еңбегінің нәтижесінен көру маңызды. Бұл балалар үшін ойлау, көру, іздеу, эксперимент жасау, ең бастысы, өзін – өзі көрсетуге үлкен мүмкіндік.

Дәстүрлі емес сурет салудың бірнеше техникалары бар. Олардың ерекшелігі – балаларға қажетті нәтижеге тез қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Осы техникалардың әрқайсысы – бұл кішігірім ойын секілді. Қазіргі заманғы зерттеулер: бейненің дәстүрлі емес техникасы эмоционалды

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

күйдегі балалардың қозуының әлсіреуіне ықпал ететінін дәлелдейді.

Қай заманда болмасын есті де еңбек сүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың асыл парызына саналған. Жас ұрпағын дүниеге көзі ашық, айналасындағы тіршілікке зер салып, таныммен қарауға тәрбиелеген. Өз кезінде ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрлеріміз бала тәрбиелеу құралы, әдіс-тәсілі ретінде пайдаланылған.

Қорыта айтқанда, көркемдік – шығармашылық әрекет, бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері баланың шығармашылық қабілеттілігін, қиялдауы мен ойлауын, жауапкершілігін, өз пікірін ашық айтуын, дербестігін – барлық қасиеттерінің ашылуы мен дамуына септігін тигізеді. Дәл осы қасиеттер бүлдіршіннің болашақ өмірдегі жетістігінің негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.el.z-pdf.ru/31pedagogika/266816-1-v-suhomlinskiy-kazhdiy-rebenok-svoey-prirode-tvorec-kak-pravilo-ego-tvorcheskie-vozmozhnosti-nahodyat.php>





Кашей Жайнагул

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
«№15 «Рахат» балабақшасының
музыка жетекшісі

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫН, ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа. Балалардың шығармашылық қабілеттерін музыка арқылы ұлтжандылыққа патриотизмге тәрбиелеу.

Түйін сөздер: бесік жыры, ұлттық ойын, ертегілер, халық аспаптары.

XXI ғасыр еліміз үшін үлкен маңызға ие «бір мақсаты, бір мүдесі, ортақ болашағы» бар ел қалыптастыру. Бұл ғасыр дәуірлеу ғасыры еліміз экономикалық өсумен қатар рухани-мәдени даму үстінде. Ұлттық құндылық, салт-дәстүр, тәлім-тәрбие жаңа үрдіс алып, жаңа қоғамға өз қажеттілігімен сабақтасып жатыр. Рухани жаңғыру-әр адамның кіндік қаны тамған жерінен, ананың сүтімен әкенің қанымен дарыған сан ғасырлардан халықтың жадына сіңген рухани құндылықтарын қайталанбас қазынасына айналдыру. Осы орайда Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы халықтың тарихи мәдени дамуына үлкен серпіліс берді. Ол тарихымызды, әдебиетімізді, салт-дәстүрімізді мәдениетімізді, көне музыкалық мұраларымызды, тарихи ұлы тұлғаларымызды түп-тамырымен тануға мүмкіндік береді. Ең басты назар аударатын дүние осы баға жетпес құндылықтарды жас ұрпақтың жадына сіңіру үшін үйретуге арналған нақты жобаларды жүзеге асырып, арнайы бағдарлама бойынша оқытуды нақты қолға алу керек.

Осыған сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі: «Мәңгілік ел»

жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға рухани адамгершілікке, патриотизм және толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Шығармашылық тақырыбым: «Мектеп жасына дейінгі балаларға музыка арқылы рухани адамгершілік тәрбие беру» Халық ауыз әдебиеті балалардың дамуының бастапқы кезеңінде халық даналығын берудің қайталанбас, бірегей және оларды тәрбиелеудің ерекше құралы болып табылады.

Педагогикалық іс-тәжірибемде осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында өз отанының тарихын, салтын, дәстүрін құрметтейтін және ана тілін білетін, шынайы патриоттарды тәрбиелеу деп санаймын.

Бала бақшада музыкалық тәрбиені жүзеге асырудың сан алуан әдістерін қалыптастыруға мүмкіндігі мол. Соның ішінде музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні зор. Топтағы балалармен тұтас күйде және әр баламен жеке жүргізу арқылы оларды адамгершілік қасиеттерге баулуға болады. Мұндай сабақтар бүлдіршіндерді жалпы қуанышқа, эстетикалық әсерге бөлеуге ықпал етеді, сондай-ақ мәдениеттілікке, бірлесіп іс - әрекет жасауға баулиды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен танысу балаларды Қазақстанның мәдени мұрасына тартуға, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Іс-тәжірибемде балалардың жас ерекшеліктеріне сай халық ауыз әдебиеті жанрларын қолданамын. Халық ауыз әдебиеті жанрлары: бесік жыры, ұлттық ойындар, ұлттық әуендерді тыңдау, ұлттық аспаптар, ертегілер, мерекелер және әдет-ғұрыптар.

Бесік жыры. Барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Дәстүрлі «Бесік жырылары» ел арасында ежелден айтылып, әбден қалыпқа түскен, барлық жерлерде мазмұн желісі мен әуені өзгертілмей орындалатын жырлар. Олар: «Әлди, әлди ақбөпем, Ақбесікке жат, бөпем!» деген ана мейіріміне толы өлең жолдарымен басталып, баланы жұбататын, алдандырып тәтті ұйқыға батыратын шумақтарға ұласады. Бесік жыры өзінің күрделі емес ырғағымен баланы жұбатады, әлдилейді. Музыканы эмоциялық қабылдау қабілетін, тембрлық қабылдауын қалыптастырады. Ұлтты қойындар. Мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың дамуында басты роль атқарады. Музыка сабағындағы музыкалық ойындардың маңызы. Музыка сабағының ойынмен ұштасуы, балаларға ерекше әсер етеді, яғни қосымша ән ырғағын салу, жеткізу, тыңдау сияқты әсер байқалады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Ақ серек-Көксерек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйретуіске асырылады. «Музыкалық кигіз үй». Бұл үйде әртүрлі ұлттық аспапта ойнайтын музыканттар тұрады. Мұқият тыңдап, қай аспаптың ойнап жатқанын айыруға болатынын түсіндіру.

Мысалы, ұлттық ойын «Кереге» Ойын барысы: Балалар ұлттық музыканы тыңдап жүріп билейді, әуен тоқтағанда кереге құрады. Тыңдау-халық күйлері мен ұлттық аспаптардың үнін тыңдау арқылы ұлттық музыка өнеріне деген қызығушылығын ояту, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, аспаптық музыкаға деген қызығушылығын ояту, әр аспаптың шығу тарихы жайлы түсінік беру, жасалу ерекшелігі, дыбыс бояуың түсіндіріп, ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру, қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру және оны құрметтеуге баулу мақсатында шағын ансамбльдер ұйымдастырылады.

Балаға адамдық қасиеттің нәрі ертегі арқылы ана сүтімен қоса сіңіріледі. Өйткені оның жаны пәк, таза, көңілінде күдік жоқ. Бала жанын қоректендіретін рухани қор айналадағы барлық табиғат болмысы, тереңде таң ғажайып сырларға толы ертегілер. Бала бойына тамаша қасиеттерімен адалдықты, мейрімділікті, имандылықты, егетін де – Ертегі.

Балабақшадағы ертегілік қойылымдардың алатын орыны, тәрбиелік мәні ерекше. Ертегілік қойылымдарды жеке басының қасиетін, қабілетін, танытын, шығармашылықпен ұштайтындай етіп ұйымдастырамын. Шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану міндетіміз. Өзекті тақырыбымды жүзеге асыру мақсатында «Ертөстік», «Менің атым Шырақ», «Қарылғаштың құйрығы неге айыр», «Ұр тоқпақ» «Мақта қыз» сияқты қойылымдар, мюзикл түрінде қойылды.

Музыка жетекшісінің қиялдауына қанат бітіріп шығармашылық белсенділігін арттыру арқылы жан-жақты дамыту үрдісін ұйымдастыруда әрбір пәнде сюжетті, көркем, ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету арқылы ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызды орынын көрсетуге болады.

Ауыз әдебиетімізде халқымыздың түсінік, пайымы, тәлім-тәрбиесі бар. Осыдан

үлгі-өнеге алып, ата-бабамыздың аманаттап жаһандану заманында құндылығын арттыра кеткен асыл қазынасын жоғалтпай, мына берейік.

Қолданған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. – 176 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. (Құраст. Р.Нұрғалиев). - Алматы: Жалын, 1991.- 464 б.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1974. - 176 б.
4. Ұзақбаева С. Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. Док.дисс. Алматы. 1993





Уркимбаева Гультмайра

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
педагог-психологі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

*Әдет-ғұрып – халықтың ғасырлардан санасына сіңіріп,
өмір сүру қағидаларының жиынтығы.
Ғ. Мүсірепов*

Аңдатпа. Ұлттық құндылықтарымыз ұлтымыздың қорғаны, келешегіміздің кемел болу жолында сәулесін шашып, құлдырап кетуден сақтап тұратын мәңгілік шамшырағымыз. Қазақ халқының болмысын жүрегі таза, қонақжай, әдептілік- пен сыйластық үлгісін көрсете білген жаны нәзік, терең ойлы, жауынгер, батыл әрі әдепті, әділетті халық.

Түйін сөздер: жалпы адамзаттық құндылықтар, тәрбиелеу, халық даналығы, өзін-өзі тануға, адамгершілік, қайырымды, шыншыл болу, халықтың мол мұрасы.

Ұлттық құндылық психологияда ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлықпен психологиялық қарекет ерекшеліктер. Қазақ халқының мінезі, рухы, менталитеті, тәрбиесі деген қасиетті сезімдерімізді үлкен мақтанышпен айтып жүрсекте, ұлтымыз үшін маңызды ұғымдардың түпкі мағынасы өзгеріп, сөз күйінде қолданысқа қалғандай сезім болады. Ұлттық құндылықтарымыз ұлтымыздың мәңгілік қорғаушысы, шамшырағы. Ал біз ХХІ ғасырдың жаңа қазақтары ұлттық құндылықтарымызды қандай дәрежеде қорғай аламыз. «Құндылық» сөзінің түп төркініне мән берер болсақ «құнды» сөзінен шыққан. Кез келген құнды деп танытын дүниелер біздің өмірімізде өте көп. Алайда адамдар көбіне құнды дүниеге материалдық заттарды көбірек құрметтейтін кезеңге аяқ басуда. Құнды дүниеміздің ең елеулісі – ол рухани құндылығымыз. Ұлттық дамудың мақсаттарымен міндеттерін айқындаумен қатар, оның перспективаларын тұжырымдап нақты уақытта ұлтқа тән саяси идеялогиялық

экономикалық, мәдени бағдарларды, қазіргі заманғы әлемге сәйкес ұлттық сана сезімді қалыптастыратынын көрсетеді. Ұлттық сана сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан. Сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік





ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандайда бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеяларының жиынтығы, әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы бір жолмен үйлеседі.

Жалпы осы құндылыққа тәрбиелеу арқылы баланы мұқияттылыққа да тәрбиелейміз. Өз қызметімде балалармен саусақ ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиетімен сапасын түр түсін және пішінін ажырата білуге, өмірде қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым түсініктерін дамытуда, белсенді түрде тілдік қарым – қатынас жасай білуге үйрету. Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл-қозғалысы, икемділігі, құнды қасиеттері бірге дамиды. Жұмыс жасау барысында әр баланың жеке ерекшелігі мен психофизиологиялық дамуында ерекше ескердім. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және ұсақ моторикасын дамытуда ойын технологиясын» шығармашылық жұмысым ретінде пайдаланамын. Осы мақсатта балалардың деңгейін, шығармашылығын, ізденімпаздылығын, білімін дамытқым келіп, жобаны енгіздім. Жоба барысында балалардың жұмыстарын көрсете отырып, көптеген нәтижеге жеттім. Халық даналығында «Ойнай білмеген ойлай да білмейді», «Ойында озған өмірде де озады» -деген аталы сөздер сырына

жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, қызығушылығы өсіп есейгенде де жалғасын табады. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланыңкөңіл-күйінанықтаппсихологиялық мотивтерді туындатып жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Жалпы психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен, достарымен қарым- қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірін айтып жеткізуіне көмектеседі. Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәттен бастап дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес, бірге қалыптаса бастайды. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де іс –әрекет етеді. Жалпыадамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары бұрынғы заманан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика психология, педагогика ғалымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктерімен сұраныстарына орай таңдалып, жүйеленіп келеді.

Психологтар құндылықтарды тұлға аралыққатынастұрғысынанқараудыңөзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында қатынастың объектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым –қатынасы ұштасады. Қазіргі күрделі аумалы төкпелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орыны ерекше. Құндылықтарға бейімделу адамзатқа тән болмыс. Құбылыстардың құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де өмірінің мәні де болмайды. Өмірдің мәнін түсіну жағымды эмоционалдық жағдай ретінде мақсатқа ұмтылушылық пен қарым-қатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен олармен бірігу сезімімен белгілі ережелерді, ізгілік ережелері ретінде қабылдаумен болмысты өз орыны армен тілегін сезінумен қоса жүреді. Мәселен адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның

■ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ұжымның, ұлттың рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл – ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшеліктерімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелері бәріне ортақ біркелкі мінез-құлық қасиетінің болуы мүмкін емес. Себебі әр бір жан жеке тұлға. Рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер бірінші рухани адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты. Екінші жалпы адамзаттың құндылықтармен қатар ұлтының аз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастықтың рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау. Үшінші балалардың жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани адамгершілікпен руханилықты берік орнықтыру. Осы айтылғандарды топшалай отырып, біз рухани адамгершілік құндылықты белгілі бір бағытты мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты мінез-құлықтағы адамдық тәртіппен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе деп түсіндіреміз. Яғни рухани адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан дүниесі қасиетінің сенімі

адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін –өзі танып, өзін-өзі бағалау, дүниені тануы. Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Қазіргі таңда жастарға жүргізілетін тәрбиенің өзінің басты мақсаты да осылай айқындалуы қажет.

Сондықтан қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни «Тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйенекеле, өскелең ұрпақтың бойына, қоғам талабына сай адамгершілік құндылықты қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие процесі ғана уақытпен үндесіп қоғаммен тәрбиенің өзара байланысын түзеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ Р Білім туралы заңы Егемен Қазақстан 2007 ж 15 тамыз
2. Нурышева Г.Ж адам өмірінің философиялық мәні.
3. Интернет желісі.





Наушабаева Рысты Сахарбаевна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан келешек ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Балабақшада жақсы-жаман әрекеттерді ажырата білуге, балаларымызды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогиканы қашанда халық тәрбиесін үлгі етіп ұстайды. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден – бір жолы – осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Бәрінің де ортақ мақсат міндеті – балаларға жақсы тәрбие беріп, білімге шыңдау. Қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Алға ұмтылған ұлт өркениет жолында ең алдымен келешек ұрпаққа оқу – білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қою керек. Әр баланың жүрегіне патриоттық сезім оята білу керек. Патриоттық сезім адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, елінің болашағына сеніммен қарап, батырларын үлгі тұтатын, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болуы еді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ –мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік ел», - деді. Сондықтан да біз бүгінгі ұрпағымызды ата – бабамыздан қалған мұрамыз салт – дәстүрімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстырумыз

керек. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Ұлттың ұлттан ерекшелігі оның; тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт –санасы, мәдениеті, өнері, менталитеті, ұлттық қолөнері, тағамдары, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзге ұлттарға ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез – келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар шынайы болады. Ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Қазақта мынадай дана сөз бар: «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» - деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында келешек ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымдарының киелілігін білу, салт – дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру – ең басты қағида. Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен тәрбиешінің атқарар ролі зор. Білім алудың негізгі қағидасы тәлім

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

– тәрбие. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі – баршаға» демекші ұстаздар, тәрбиешілер баланы дұрыс тәрбиелеуге, санасының қалыптасуына үлкен үлес қосамыз. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде деуге болады. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным-тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап әр баланың бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу біздің міндетіміз. Өйткені, ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана – сезімі жоғары, өз елінің салт – дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту, яғни бала бойына жанашырлық, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көзі – әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз. Сонымен қатар отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата туралы түсінік беріп, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына кішкентай кезінен сіңіріп, бойына дарыта білу – ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнамды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген. Осылайша, қазақ халқы ұрпақ тәрбиелеудің талай тамаша жолдарын тағайындап, оны ұтымды жүзеге асырудың амал-тәсілдерін айқындаған. Педагог: М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала

қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», - деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дәп басып айтқан.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне, жеріне деген махаббатты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлары, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді. Балалардың ұлттық санасын оятуға балабақшада өтетін әртүрлі шаралар, оған киген ұлттық киімдер, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызығушылықпен қатысу, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. Осыдан бала ұлттық құндылықтардың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Анасы және өзіне жақын адамдар қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде сөйлей бастайды. Бала тілі бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы орайда балаға отбасы үлгі болуы қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші баланың ойын дамытып, алға жетелеу арқылы талпындырып отырған абзал. Қорыта келгенде, кез-келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан бала бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сияқты қасиеттерді сіңіріп, елімізді, жерімізді қорғайтын патриотты ұрпақ тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды құрметтейтін талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал- №9-2020ж.
2. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»-Егемен Қазақстан газеті-15.05.2017ж.
3. Интернет желісі арқылы.



Сарбас Меруерт Аймұратқызы
 Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы
 КМҚК «Еркетай бөбекжайы»
 тәрбиеші

ЕРТЕҢГІ БАЛА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертені өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қаблетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Адам баласымен бірге жасап, бірге өмір сүріп келе жатқан қоғамның қажеті және тұрақты функциясының бірі – тәрбие болып табылады. Әртүрлі тарихи-экономикалық елдерде де тәрбиенің мақсаты мен міндеттері сол елдің нақты талаптарына сай, кейбірі өзгеріске ұшырағанымен тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақты өмірге дайындау, оған өз халқының ғасырлар бойы жасап, қалыптастырған әлеуметтік тәжірибелерін үйрету негізінен сақтау.

Осы орайда, ақын, педагог Мағжан Жұмабаев айтқандай, сұлулық сезімдері адамның табиғаты сыйлаған қабілеті мен мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға жол ашады. Сұлулықтың көзі – эстетикалық тәрбиеге де мән берген жөн болар. Ақын эстетикалық тәрбиенің тарауларына жан-жақты талдау жасай отырып, бала жаратылыс, табиғат сұлулықтарымен бірге өнерден барынша мол ләззат алып өсуі қажет екендігін айтады. Олай болса тәрбие – мәңгілік категория. Соған қарамастан тәрбие әрдайым толықтырып, жаңартып отыруды, тіпті басқа халықтардың тәрбиелік тәжірибелерін де үйренуді, меңгеруді талап етеді. Ал оны ұлттық шеңберде қалып қоймай озық тәжірибеге, ғылымға сүйеніп құру, жетілдіру – маңызды міндеттердің бірі. Міне, осы міндетті қазақ қоғамында алғашқылардың бірі болып түсінген, тек түсініп қана қоймай оны іске асыруға баға жетпес үлес қосқан ғалым – Мағжан Жұмабаев.

Оның ғылыми еңбектері ұзаққа арналған, маңызы мен мәнін жоймайтын, өз халқына әрдайым нақты пайдасын тигізетін, қоғам мүшелеріне салиқалы ой салатын және олардың назарына үнемі ауадай қажет ұрпақ тәрбиесіне көңіл аударатын, ең маңыздысы нақ осы күнге келіп жеткен тәрбие туралы еңбектері, шоқтығы биік, ешнәрседен кем түспейтін қазына. Сол үшін де, ұстазбен тәрбие – әр уақытта егіз ұғым.

Ұстаз жыршы өзінің бүкіл шығармашылығын бала оқыту, тәрбиелеу жолына арнады десе де болады.

«Кітап әпер, оқысын балаң қолына,

Малды аяма оқу-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей адамзаттың тобына!» - деп, жырлап өткен Мағжан ақын қазақты оқуға, шақырады. Ол - халықтың мәңгі өшпейтін ұстазы. «Өнер-білім қайтсе табылар» атты өлеңінде де Мағжан жастарды оқуға жұмылдыру мақсатымен өнер-білімге барар жол сілтейді, ақылын айтады. Мағжан ақынның салып кеткен дана жолымен, менің көз қарасым - балабақша табалдырығында берілетін білім мен тәрбие болашақтағы алтын көпір десем артық етпес. Оған мысал ретінде алсам, өзімнің пәнім ағылшын тілінің құзіреттілігімен, қажеттілігі бүгінгі қоғамның басты талабы, басты міндеті.

Жас маман ретінде өз пәнімді бүлдіршіндерге үйретуге, қызықты да, көңілді оқу қызметін, жанымен беріліп түсіндіргенді қатты ұнатамын. Өйткені бұл балалардың білімі балабақшадан басталады. Мен білім беріп, қызмет етіп жатқан «Еркетай» балабақшасы алдыңғы қатарлы, қазақ

■ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

тілінде білім беретін білімнің баспалдағы, көркі десем артық айтқандық емес. Ұйымдастырылған оқу қызметінде өткізетін 4-5 жастағы бүлдіршіндер арасында топтарда әртүрлі әдіс-тәсіл арқылы жаңа заман талабына сай көрнекілік құралдары мен ойындармен өткізілген оқу қызметтері, өте қызықты, тәрбиелік маңызы зор, құлаққа жағымды, еске сақтауға, көп септігін тигізеді. Мысалы «Әнші микрофон, қима қағаздар, түрлі-түсті күлегештер әдісі, «Шляпа» ойыны сияқты түрлі әдістер баланың зейінін ашып, кең білім алуына көмектеседі. Ағылшын тіліндегі әндер, түрлі тақпақтар баланың зейініне зеректігі мен тілді тез үйренуге, жылдам жаттау қабілетіне көп көмегін тигізеді. Міне, сондай әдіс-тәсілдердің бірі мен бірегейі мен өзімнің тобымда жиі қолданатын – «Орнын тап» жаттығулары. Жасырын тұрған әріптерді тауып, дұрыс орнына қою, бұл тәсілдер дұрыс оқу, дұрыс жазу жаттығуларына көп назар аударумен

қатар, көп еңбектенуді талап етеді. Бұл талаптың барлығына күш салатын ұлы күш, бұл – Мұғалім.

Себебі, ұстаз - халық айнасы. Ұстаздан тәрбие мен тәлімді көрген бала ертеңгі елдің сенімді кепілі, білімді интеллектуалды жастары. Сол үшін де білімнің кілті балабақшадан бастап, балалық өмірдің қызықты да, әсерлі сәттерін бүлдіршіндерімізге үлкен сүйіспеншілікпен, аса қамқор махаббатпен жеткізе білу - ол үлкен еңбек. Ол еңбектің артында тұрған қазыналы білім - мектепке дейінгі білім беру мекемесі. Ал, балабақша - барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезі мен қабілетін ерте жастан дамытады. Бала болашағымыз, бала қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбие мен білім, бастапқы мақсаттардың бірі, білімнің қайнар көзі, екенін қуана айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Базарбаева, О.Бөдесова. М.Жұмабаев атындағы педагогикалық бағдарлы мектебінің болашағы // Ұлағат. 2003. №1.,
2. Б.Дәрімбетов. Мағжанның бір мақаласы // Қазақстан мектебі. 1993. №2,
3. С.Сеңкібаев. Мағжанның тәрбиелік идеялары – тәуелсіз ел мектебінің негізі // Ұлт тағылымы. 2001.





Көкежанова Маржан Бедельхановна
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы,
КМҚК №6 «Нұрсәуле» бөбекжайының
тәрбиешісі

АБАЙ – АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛЫ

(Абай шығармаларымен балаларды ерте кезден таныстыру)

*«Адамның ерекше қасиеттері – ақыл-ой, сана-сезім, ішкі жан дүниесі,
шығармашылық - ұстаздан қалыптасады»*
Абай Құнанбаев

Абай біздің ұлттық мәдениетіміздің ұлы шыңы. Әрбір қазаққа шама-шарқынша Абайды тану – мұрат. Абай шыққан биікке талпыну парыз. Өйткені ол туған халықтың тірлік-тынысынан бір елі де бөлінбейтін, ажырап алыстамайтын, бүкіл адамзат тағдырымен өзектес, ұлы суреткер. Әрқайсысымыздың ақыл-парасатпен, сұңғыла сезіммен зерделеген өз Абайымыз бар! Ұлтын ойлаған ұрпағын да ойлайды. Ендеше Абай толқын – толқын ұрпақтардың рухани ұлы тәлімгері, тұғырынан таймайтын пірі. Абайдың сөзі дана, өзі дара екенін толық ұғынып, бағалау үшін бала тілі ана тілінде шыққаны абзал. Ана тіліміздің ақ уызынан ауызданбаса, Абайды қапысыз түсініп, жан-тәнімен елжірей сүйсініп, құрмет тұтып, сыйлаймын, шексіз сүйемін деу бекершілік. Абайды балаларға кішкентайынан таныстыруды, шығармаларын түсініктеріне қарай мазмұндай білуді сабақтарда іске асырып келемін. Ол үшін жыл мезгілдеріне арналған табиғат жырларынан үзінділер жаттатып, рөлдерге бөліп сахналатып, балалардың жеке шығармашылықтарын дамытып отыру қажет. Сол арқылы ана тілінде еркін сөйлеп, түсініп сөйлеуді жолға қою керек, мәнерлеп айтып, шығармалардағы бейнелерге байланысты дауысты құбылту, балаларды театр өнеріне дайындаудың басы. Саз сабақтарында әндерінің атын айтып,

сонымен қатар мазмұны түсіндіріледі. «Абай айналасында», «Бала Абай» тақырыбындағы сабақтар балалардың білімін жетілдіріп қана қоймай, оларға жан-жақты тәрбие беруге жол ашты. Табиғат жырлары бейнелеу өнері сабағында жиі қолданылады, кішкентай балалар өздері көрген табиғат жайын қыл қаламмен бейнелей біледі. Қазіргі тәрбие негізінде халықтың ғасырлар бойы жинаған мұрасы, сарқылмас қазынасы - ұлтымыздың тәрбиесі жарық жұлдыздай жарқырайды. Ұлттық тәрбиеде халық өзінің болашағына арналған, асыл жүректе сақталған тәрбиенің даналық шумақтары, өзіне тән этолондық адамгершілік қасиеттері және Отан сүйгіштік, әлемдік деңгейдегі білімді игеруді назарға алып отыр. «Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі», ұяда талап қоюшылықпен өскен баланың болашағы жарқын болады.

Абай шығармаларымен балаларды ерте кезден таныстыру, балабақшаның оқыту, тәрбиелеу істеріне қолданып отыру өте тиімді. Абай атамыз ұрпақтарым білімді, өнерлі болсын. Барлық елдердің мәдениетін үйренсін деді. Текке жүрме, текке күлме адам болуды үйрене түс деген. Өлеңмен және әңгіме етіп қарасөзбен де жазып қалдырды. Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп-көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды. (Ғылым таппай мақтанба) оқу. Тату ел – берекелі ел, көрікті

■ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

де сұлу өлке болады. Өнімдері мол бай мемлекет болады. Ол жайлы Абай атамyz не айтты екен?

Берекелі ел болса –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан – жағына күркіреп,
Құйып жатса аққан сел.
Оның малы өздеген,
Өзгеше боп өсер төл.
Берекесі кеткен ел,
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Шулай алмас жазғы төл.
Көл деп оны кім жайлар.
Суы құрсын, ол – бір шөл.

Осы өлеңнің мазмұнына үңілсек, таласып, араздасқан елде ештеңе өсіп өнбейді.

Достықсыз, татулықсыз жақсы іс алға баспайды екен. Абай жан-жақты терең ойлы ұлы адам. Ол сондай-ақ аудармамен айналысты. (Абай аудармаларын атау. Абайдың бес асыл ісін атаңдар (бес асыл іс – қанағат, рақым, терең-ой, әділет, шапағат).

Бес қашық ісін атаңдар (олар, мал шашпақ, өтірік, жалқаулық, мақтаншақ, өсек). Абай атамyzдың жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін білесіңдер ме? (Балалардың жауабы). Өлеңдерімен бірге әндері де халық арасына кеңінен тараған. Мысалы, «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», т.б. Абай композитор ретінде қазақ музыкасының алтын қорына теңдесі жоқ үлес қосты. Оның атақты әндерінің өлеңдері әлем халықтары тілдерінде аударылып, кеңінен таралып кетті. Әртүрлі халықтардың, әсіресе орыс және қазақ халықтарының музыкалық мәдениетін жақындастыру жолында Абайдың сіңірген еңбегі зор. Абай әндері ешкімге ұқсамайтын өзгеше әндер. Домбыра оның өмірлік серігі болды. Абай әндері ел арасына тез тарап, барлық жерде асқақтай шырқалып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Абай өсиетін орындап, үлкен азамат болу біздің міндетіміз. Күнделікті өмірімізде ол кісінің даналық сөздерін есімізден шығармай отырсақ, өскенде біз Отанымыздың үлгілі азаматы боламыз. Қазақ халқы үшін, Абай мұрасы мәңгілік, өлмейтін қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев «Абай и наше время». Абай, наследники на перепутье» Аламты, 1995г.
2. М. Әуезов. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат 1995ж.
3. Қ. Бітібаева. Абай шығармашыларын оқыту. Алматы: Атамұра, 2003.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. А, 2006ж.





Жумажанова Гулдана Каримовна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

Аңдатпа. Ұлттық құндылықтар – ұлттың дәстүрін, ерлік салтын қастерлейтін, ұлттық идеяның басты көзі санай отырып, оны кейінгі ұрпаққа дәріптейтін рухани қазына.

Түйін сөз: Ұлтымыздың көрнекті қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - демекші, ата-баба аманаттап кеткен мирастың құндылығын жоғалту ұлттық болмысымыздан айырады.

Адамгершілік асыл құндылықтар – адам жанының тұлғалық көрінісі болса, ұлттық құндылықтар – ұлт жанының көрінісі. Ұлттық құндылықтар кез келген ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, музыкасы мен өнерін, ескерткіштері мен тарихын дәріптейтін, оларды бір арнаға тоғыстырып сол ұлттың болмысынан сыр шертетін қазына деп білемін. Біздің ұлттық құндылығымыз несімен ерекшеленеді? Расында ұлттың құндылықтары оны өзге ұлттан даралайтын индивидтік мұра. Себебі мұнда ұлттың дүниетанымы, шығармашылығы, өмірге деген, өнерге деген көзқарасы көрініс табады. Ерте заманнан қалыптасқан жазуымыз, рухани және материалдық мәдениетіміз, тіліміздің қалыптасуының бәрі эволюциялық жетілу процесін бастан кешірді. Осы тұста ақын, ойшыл Мағжан Жұмабаевтың:

«...Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»

- деген өлең жолдарын есімізге алсақ болады. Шынында басымыздан қаншама нәубет жылдар өтсе де, қаншама қиындықтар мен

кедергілерге тап болсақ та бұл құндылықтар өз құнын, өз бағасын жоғалтқан жоқ.

Ұлттық құндылық ұмытылмас үшін, ата-бабамыздан қалған мирасты кейінгі ұрпаққа дақ түсірмей аманаттау үшін ұлттық тәрбиені күшейтуіміз керек. Ұлттық тәрбие отбасыдан, балабақшадан бастау алуы қажет. Кейіннен сол ұлттық тәрбие беру мектеп пен жоғары оқу орындарында жалғасын табуы керек деп ойлаймын. Ұлттық тәрбие беру балабақшада қалай жүзеге асады? Менің ойымша, балабақшамызда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын құрал-жабдықтармен жаңартып жасақтау керек.

Ойын кезінде дәстүрлі әндерімізге көңіл бөліп, ұлттық ойындарымызға деген қызығушылығын арттырсақ, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың бірден-бір жолы деп түсінемін. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында, мектепке дейінгі жастағы балаларға, мектеп қабырғасында және жоғарғы оқу орындарында арнайы дәрістер жүргізілсе деймін. Сонымен қатар оқушыларды мектептен тыс уақытта ұлттық мұражайға, театрға, көрмелерге алып бару әдетке айналғанын қалаймын. Мектептен бөлек мәдени ошақтың ортасында бала ең алдымен

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

мәдениеттің адам өміріндегі маңыздылығын түсінеді. Осы орайда ұлттық мұражайдың алар орны ерекше. Оның қасиеттілігі туралы тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев: «Ұлттық музей – Қазақ елінің, Қазақстанның өткенін, бүгінін және болашағын әлемге танытатын айрықша мәдениет шамшырағы» - деп атап өткен. Расында ұлттық мұражайға жиі баратын адам өз халқының өткеніне көз жүгіртіп, тарихынан хабардар болары сөзсіз. Театрға келер болсақ, бүгінгі күні көптеген жазушыларымыздың пьесалары сахналануда. Ол пьесалардың астарында қазақ болмысының жойылмауын, адами қасиеттерді жоғалтпауын көздейтін рухани мағына жатыр. Көрмелерде қазақтан шыққан және қазақ жерінде болған көптеген дарынды адамдардың қазақ өмірінен, тұрмыс жайынан сыр шертетін туындылары аз емес. Міне мәдени ошақтардан осындай рухани азық алған әрбір саналы ұрпақтың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі артып, патриоттық рухы оянады. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының қатарынан қазақтың қара домбырасымен қатар інжу-маржаны саналатын киіз үйде өз орнын тапты. Кейінен айтыс өнері де осы тізімге енді. Киіз үй де, домбыра да, айтыс өнері де қазақ ұлтының даналығының, өзгелерге ұқсамас өзгеше болмысының, шын талантының арқасында дүниеге келген құндылықтар. Киіз үй тарихы әлі күнге дейін ерекше сипатқа ие туынды болып саналады. Киіз үйдің жасалу құрылысы, кереге, уық, шаңырақтың өзара үйлесімділігі көшпелі өмір салтын ұстанған бабаларымыздың асқан ақылдылығы арқылы жарық көрген дүние. Қазақтың кең байтақ даласында қара домбыраны қолына алып небір ғажап туындыларды дүниеге әкелген күйшілер де аз емес. Соның бірі өзім туған өлкеде дүниеге келген қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлы. Құрманғазы күйді тек өнер көрмеді, күй оның бүкіл өмірі болды. Себебі өмірде көрген күйініші мен сүйініші де, ғажабы мен ләззаты да осы қара домбыраның үнінен естілетін болған. Ал шешендік пен тапқырлықты қатар талап ететін айтыс


ұлтымыздың ең жоғары бағалаған өнер түрі. Небір саңлақтарымыз осы айтыс өнері жолында бар күш-жігерлерін аямай өз заманының шындығын ашып, сырына терең бойлай алды. Айтыс ерте заманнан бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, жалғасын тауып келе жатқан рухани мұрамыз. Ұлттық құндылықтарымыздың қатары бұл аталғандардан бөлек салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен толығады. Қазақта салт-санаға қатысты дәстүрлер өте көп. Адамның дүниеге келген сәтінен өмірден өткен уақытына дейінгі аралықта жасалатын, сақталуы тиіс әдеттер мен дәстүрлер баршылық екені бәрімізге мәлім. Бұл салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар тектен-текке туындаған нәрселер емес. Олардың әрбірінің астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Мәселен сәби дүниеге келген кезде қойылатын есімді қазақ халқы ұзақ уақыт ойланып, арнайы таңдап қоятын болған. Мұның себебі адам баласына қойылған есім оның өміріне, тағдырына, болмысына тікелей әсер етеді деп санаған. Сондықтан ұл болса көбіне хандар, батырлар, билер мен шешендер секілді халықтың көзайымына айналған биік тұлғалардың есімін қоюға тырысса, қыз балаларға қымбат, асыл заттардың атын қойған. Осы секілді бесікке салу, бесік жыры, қырқынан шығару, тұсаукесер, ержетіп ес кірген шағында орын алатын тоқымқағар, т.б. секілді дәстүрлердің бәрі халқымыздың өмірінде айрықша рөл атқарған. Бесік жыры жырланған уақытта баланың жан-дүниесін тербеп, көңіл-күйін көтерген, жыр арқылы өмірден өз орнын тауып, болашағынан зор үміт күттіретін азамат болу керектігін сол сәби кезінен бастап санасына сіңірген. Халқымыз жеті, тоғыз, он үш, қырық секілді сандардың да киелілігін ұғына білген. Бұл сандарды кей дәстүрлермен аастастырып, тұрмыста қолданған. «Қырқынан шығару» дәстүрін орындаған уақытта баланы қырық қасық суға шомылдыру, жеті жасқа келген кезде атқа мінгізіп, тоқымқағар дәстүрін жүзеге асыру мұның бәрі осы айтқандарымызға керемет мысал деп ойлаймын. Тұсаукесер салты баланы ала жіппен аяғын тұсап, сол жіпті әйел адамдарға қиғызған. Ол ең алдымен баланың

қадам басып, жүре бастаған уақытында орындалатын салт және мұндағы ала жіп аяғына «біреудің ала жібін аттамасын», «адал, ұятты адам болсын» деген мағынада байланған. Мұның бәрі қазақ халқының асқан ақылдылығын танытатын дәстүрлер. Қазақтың тұрмысынан хабар беретін тағы бір құндылығымыз – мақал-мәтелдеріміз. Қазақ халқы мақал-мәтелге өте бай. Мақал-мәтелдердің тақырыбы ерлікке, елдікке, еңбекке, адамгершілікке, татулыққа, тілге, Отанды сүйуге арналған. Мақал-мәтелді жастайынан игерген әрбір адам намысшыл,

ақылды, патриот, рухты, саналы болатыны даусыз. «XXI ғасыр – өзгеру, даму, жетілу ғасыры» десек те біз мына нәрсені ешуақытта есімізден шығармауымыз керек. Кез келген ұлт өзінің өткенін, тарихын білмей, ұлттық құндылықтарын санаға сіңірмей алға жылжи алмайды, дами алмайды. Ондай ұлт өзінің шынайы ұлттық болмысынан, ұлттық рухынан айырылады. Біз осыны саналы түрде ұғынуымыз керек және өткен мен бүгінді өзара ұштастырып қана келешекке қадам басуымыз қажет деп, өз ойымды түйіндегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев шығармалары 1-том. Алматы. «Жазушы». 2013 ж. 62-бет.
2. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. Д.Мыңбай. «Құндылықтар қазынасы» мақаласы. 1-бет.
3. «Астана ақшамы» газеті. А.Қалжанов. «Ұлықтайтын құндылықтар аз емес...» мақаласы. 2-бет.





Салимбаева Майя

Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы,
«Ерке Нұр» балабақшасының
педагог-логопеді

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА – БҮГІНГІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУ БҰЛАҒЫ

Андатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың логопедиялық түзету жұмысында ұлттық педагогиканы қолданудың маңыздылығы баяндалады.

Түйін сөздер: жаңылтпаштар, санамақтар, халық ауыз әдебиеті, тыйым сөздер.

Түзету-педагогикалық бағытында іс жүзінде асырылатын логопедиялық жұмыстарында ұлттық тәрбиенің орны ерекше. Қазіргі заманауи кезеңде балабақша бүлдіршіндерін тәрбиелеуде сабақты ұйымдастыру жолын, мазмұнын, формасын өзгерте отырып, балаларды жақсы біліммен қамтамасыз ету, халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қолға алынуда. Бұл мәселенің көкейкестілігі бірнеше жақтан көрінеді. Біріншіден, логопедиялық түзету жұмысының әдіснамасы зерттелінсе де, оның қазақ тілінде оқитын балаларға қатысты материалдардың мүлде жоқтың қасы. Мысалы, кітапханаларда көбінесе Ресейден келген материалдар толып тұрады, олар тіл дамыту тренажерлары, ұсақ моториканы дамытатын альбомдар, логопедтерге арналған дидактикалық материалдар, логопедиялық карточкалар, т.б. Екіншіден, логопедиялық түзету жұмысында ұлттық педагогика элементтері ескерілмейді. Себебі, қазақ тілінде тәлім-тәрбие алатын бүлдіршіндер көбіне-көп орыс немесе шет ел педагогтарының технологияларының элементтерімен сусындайды. Әрине, бұл жағдайда баланың жеке және тілдік ерекшеліктері ескерілмейді және оқу-тәрбие барысындағы бүлдіршіндердің білім сапасының нәтижесінің көрсеткіші мүлдем басқа болуы мүмкін. Үшіншіден,

көптеген балабақшаларда жеке кабинеттер бөлініп, жабдықталмаған, көбінесе басқа пән мұғалімдерімен бірге қосарланған жағдайда, кабинетте сабақ жүргізу үшін кесте арқылы жұмыс істейді.

Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында кездесетін педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасын зерттеу алғаш К.Д. Ушинский еңбектерінен көрініс тапты. К.Д. Ушинский барлық халықтардың этномәдениеті жөнінде біркелкі ой-пікір қалыптасқан емес дей келіп, «Әр халықтың бала тәрбиелеу жөнінде өзіне тән жүйесі бар. Бір халықтың бала тәрбиесі жөніндегі озық ой-пікірі басқа халықтарға да өнеге бола алады. Сөйтіп ол барлық халықтарға ортақ рухани қазынаға айналады. Халықтық тәрбиеде озық үлгілерге сүйене отырып, тәрбиенің үлгісін жинақтауға болады. Бірақ ол тәрбиенің қаншама озық үлгісі болып саналғанымен дәл сол халықтың үлгісіне салып барлық халықты бірдей тәрбиелейміз деу мүмкін емес. Себебі әр халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі қаншама жақсы болғанымен, ол сол халыққа ғана тән тәрбие түрі болмақ. Бұл жерде әр халықтың бала тәрбиелеудегі өзіндік ұлттық ерекшелігі арқылы тәрбие ісінде оң нәтижеге қол

жеткізіледі» дейді.

Тарихқа көз жүгіртсек ата-бабаларымыз ұлттық тәрбиені өмірлік тәжірибелері, ойға түйгендері, бастан кешкендері, ұстанған қағидалары, тұжырымдары, жинаған әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ақыл-ойлары, тәрбие шежіресі халық педагогикасы болып саналады. Ұлттық педагогиканы логопедиялық түзету жұмыстарына енгізу – халық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында кездесетін педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Онда жұмбақтар, мақал-мәтелдер, санамақтар, тыйым сөздер, ертегілер, жаңылтпаштар, қазақтың ұлттық ойындары қамтылған. Сонымен қатар, «Жайлауда», «Ақ ботамен саяхат», «Қуыршақ Айшаны бесікке салу», т.б. сюжеттік-ролдік ойындары, мазмұны жағынан қимылға бай ертегілер балалардың сөздік қорын байытуға септігі зор («Арыстан мен тышқан», «Қу тұлкі», «Екі әтеш»). Әсіресе ертегілердегі қарапайым эмоционалдық мазмұны кейіпкерлерді (Қаңбақ шал, Мыстан кемпір, Алдар көсе, т.б.) есте сақтауға мүмкіндік береді. Грамматикалық категорияларды дұрыс қолдануға тақпақтарды жаттау және қайталау көмектеседі. Ал, ұлттық педагогика мақсаты жеке тұлғаның сана-сезімін, мінез-құлқын, ар-намысын қалыптастыру. Ол белгілі бір даму сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық сатыларға жеткенше ұрпақ тәрбиесіндегі бастау бұлақ болып саналатын халықтық педагогиканың ұлттық тәрбие жүйесіндегі алғашқы құрал қызметін атқарып келеді. Мұның бәрі балалардың жеке тұлға ретінде дамуына, қажетті ізгілік қасиеттерін бойына жинау арқылы ұлттық тәрбие беру үшін мән беріліп отыр. Балаларды ұлттық негізде тәрбиелеу үшін тәрбиелік шараларды жиі өткізу қажет. Осы себепті, аудандық білім бөлімі жоспарына сәйкес «Этнопедагогикалық қадам» жоба аясында логопедиялық түзету жұмысында өз жобамды құрдым. Жоба мақсаты, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту үшін педагогикалық қажетті ғылыми әдістемелік жасай отырып, оның ішінде мектеп жасына дейінгі

балаларды ұлтжандылық тәрбие беруге қолайлы орта жасау. Әлеуметтік жағынан мығым, білімді ортаны дайындау арқылы балалардың танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз ету. Осы мақсатта жоспар құрылып, мақсат-міндеттері айқындалған соң, материалдар жинақталып, талданды (дидактикалық ойындар, макеттер, үстел үсті ойындар, дамытушылық ойындар, мақал-мәтелдер картотекасы). Сонымен қатар, интеллектуалдық ойын, байқау, семинар-практикумдар, ұлттық ойын апталығы, вебинар, ата-аналармен Zoom платформасы арқылы диспут сияқты бірқатар жұмыстар атқарылды. Сонымен бірге, балаларға саналы тәрбие беру, оған ұлттық мағына бере келіп, халықтың тәлім тәрбиесі түрлерін көбірек насихаттап, ұрпақ бойына ізгілік, адамгершіліктің жақсы қасиеттерін жүрегіне ұялатсақ, олардың өз тіліне, Отанына, халқына деген сүйіспеншілігі артып, өз елінің әдет-ғұрыптарын бойына сіңіру мақсатында әртүрлі көрмелер, шағын мұражайлар ұйымдастырылып, ашық сабақтар, сайыстар өткізілді. Отандық ғалымдарымыз С.Қалиев пен М. Оразбаева еңбектерінде қазақ халқының салт дәстүрлеріне тоқтала келіп, үш жақтылығын көрсетті: ол ұлттық сезім, ұлттық дәстүр, ұлттық мінез. Осы үш ұлттық мәдени ерекшеліктің шарты болып есептеледі. Ұлттық сезім — баланың туған, өскен еліне, ана тіліне, ұлттық салт дәстүріне деген сүйіспеншілігін білдіреді. Балаларды ұлттық негізде тәрбиелеу жауапты іс. Саналы, сауатты халқымыздың барлық салт дәстүріне де әлем мәдениетіне де қанық, ел тізгінін берік ұстай білетін балаларды тәрбиелеу басты парыз. Баланың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып: шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелей аламыз. Мысалы, балалардың зейінін дамытуда өлеңдер, сұрамақтар, қызықтамалар, сахналық қойылымдар,

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

көріністер болса, ұлттық ойындардан «Көрші», «Даусынан таны», «Бұғынай», ауа райын табиғат құбылыстарына, жануарларға қарап болжау. Қиялды дамытуда өтірік өлеңдер, жұмбақтар, салт-дәстүрге байланысты суреттер арқылы әңгіме құрастыру, шеберлердің іс-әрекеттерін көрсету (кесте тігіп отырған қыз бала, ұршық иірген әже), ұлттық ойындардан «Ақ байпақ», «Жаңылма», «Қара сиыр» ойнатылды. Тілін дамытуда ертегі айту, әңгіме айту, ұлттық бұйымдар мен заттардың аттарын атау, сөзбен ойналатын ойындар «Сен тұр, сен шық», «Құстар қалай үн қатады?», «Сөз табу», «Қуырмаш», «Асау мәстек», жан-жануарлардың аттарын атау, оларға сипаттама беру. Саусақ бұлшықеттерін дамытуда өлең, тақпақтарды саусақ, қол арқылы көрсетіп айту, ою-өрнектер салу, өлшем бірліктерді қолмен көрсету, табиғи денелермен ойналатын ойындар «Күш сынасу», «Білектесу», жан-жануарлардың, төрт түліктің бейнелерін қол және саусақ арқылы көрсету. Есту қабілетін дамытуда фольклор жанрларын жаттау, ұлттық бұйымдардың аттарын есте сақтау арқылы

айту, халық әндерін, күйлерін тыңдау, әуенді ойындар «Қай аспатың үні?», «Даусынан біл», «Жануардың дыбысын айнытпай сал», үй жануарлары, түз жануарлары, құстардың аттарын жатқа айту, тізбектеп айту.

Бұл ретте ақын Мұқағали Мақатаев
«Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып өзіне қайтарамын», - деп жырласа, бізде ұзақ жылдар бойы бала тәрбиелеуде қалыптасқан өзіміздің іс-тәжірибемізден жинақтап, ұлттық тәрбиенің өнегелерін жаңа жағдайға бейімдеп, халқымыздың салт-дәстүрлерін шығармашылықпен меңгеріп, өңдеп, бір жүйеге келтіруге әрекет жасадық. Бұл еңбегімізді жаңалық деп айтудан аулақпыз. Себебі, ұлттық тәрбие ғасырлар бойы өмір сүріп, адамзаттың рухани азығы болып келеді. Қазіргі уақытта, халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, халық ауыз әдебиетін қолдану логопедиялық түзету жұмыстарында бағдарламаға сәйкес жүргізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2. Майғанова. Ш., Нысанбаева Г. Тәрбие хрестоматиясы. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы.- Алматы, 2001. 9 бөлім. 220 б.
3. Қалиев С., Оразбаева М., Смайлова М., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А., 2002.
4. Болдырев Н.И Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. -Алматы: Мектеп, 2000.





Харесова Нурпия Екпиновна

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «42 «Түймедақ»

балабақшасының жоғары санатты әдіскері

Email: nurpiya_68@mail.ru

АДАМГЕРШІЛІК-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ПРИНЦИПТЕРІ

*«Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен өз отбасымды,
туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, қадірлеймін»*

Ш.Уәлиханов

Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселелердің бірі.

Педагогикалық аспектіде елін-жерін, Отанын сүйетін, халқының тарихы мен мәдениетін құрметтейтін саналы азамат қалыптастыруды патриоттық тәрбие беру деп түсінемін. Білім беру үрдісінде сезімдердің, эмоциялардың, қарым-қатынастардың тұтастығы патриоттық тәрбие берудің қайнар көзі болып табылады. Балаларға тәрбие мен білім беруде, оларды дамытуда «ынтымақтастық миссиясына», білім беру үрдісінде өзара түсіністік және қолдау көрсетуге басым көңіл бөлдім. Педагогикалық үрдіс барысындағы басты ұстанымым: Сезімнен – қарым-қатынасқа. Қарым-қатынастан іс-қимылға! Рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Адамгершілік-патриоттық тәрбиені жүргізуде №42 «Түймедақ» балабақшасының педагогикалық ұжымы келесідей принциптерді қолданды:

1. Жеке тұлғаға бағытталған тілдесу принципі баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын және адамның моральдік бет бейнесінің дамуын қарастырады. Серіктестік, бірлескен іс-қимыл мен қарым-қатынас педагог пен баланың өзара тілдесуінің басым түрі.

2. Мәдени мақсаттылық принципі. Әртүрлі мәдениеттің «ашықтылығы», заманауи қоғамның мәдени жетістіктерімен таныстыру үшін жағдайлар жасау, әртүрлі танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.

3. Тәуелсіздік принципі. Балаға өзінің мәдени негіздерге деген көзқарасын дербес түрде анықтауға мүмкіндік береді: қабылдауға, еліктеуге, құрастыруға, жасауға, т.б.; мақсатты өз бетінше таңдай білуге, іс-қимылдың әдіс-тәсілдерін анықтай білуге, әрі қарай ол іс-қимылдың нәтижесін пайдалана білуге, өзін-өзі бағалай білуге мүмкіндік береді.

4. Рухани-шығармашылық бағыт принципі. Бұл ұстаным балаға мәдени ортамен қарым-қатынас барысында елестету, қиялдау, «жаңалық ашу» сияқты шығармашылық қабілеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бала бойында достық, адамгершілік, іскерлік, серіктестік, ынтымақтастық, бірлескен шығармашылық сияқты қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

5. Бала іс-қимылы түрлерінің шоғырлануы принципі. Шоғырлану принципін жүзеге асыру үшін білім беру ұйымын білім беру мазмұнымен, білім беруді жүзеге асыру әдістерімен, заттық дамытушы ортамен қамтамасыз ету қажет.

Осы принциптерді ескере отырып,

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

№42 «Түймедақ» балабақшасының ұжымы педагогикалық үрдісті үйлестіру мақсатында патриоттық тәрбиенің төмендегідей ережесін жасақтады:

1. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Баланың балабақшада өткен әрбір күні қуанышты күндерге, мейірімді достарға, көңілді ойындарға толы болу керек. Себебі, жас бүлдіршін бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімді ұялату үшін, алдымен отбасына, туған балабақшасына, туған қаласына деген бауырмалдық сезім қалыптастыру қажет.

2) Білім беру мазмұнын шоғырландыру (өз халқының және басқа халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрін бала бойына сіңіртетін білім беру мазмұнын жобалау) тақырыптық блок, тақырыптар;

3) Білім беру мазмұнын жүзеге асыруға жағдайлар жасақтау:

а) патриоттық тәрбие бойынша технологиялар;

ә) ересектер тобы балаларынамен патриоттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары;

б) интегративті құралдар, әдістер (сұрақтар, тапсырмалар, ситуациялар) және тәсілдер;

в) заттық-кеңістік орта, көрнекі құралдар мен материалдар.

нәтижесі:

а) интеллектуалдық, жеке-тұлғалық, физикалық сапалары;

ә) оқу қызметінің әмбебап алғышарттары;

б) тәрбиеленушілер бойында адамгершілік және азаматтық құндылықтардың қалыптасуы;

в) ұлттық-мемлекеттік құндылықтар негізінде қалыптасқан сана.

- білім беру кеңістігінің субъектілерінің (педагог, ата-ана, бала) сұраныстары ескерілген баланың дамуына арналған заттық-дамытушы ортаға деген бірыңғай талаптар. Заттық-дамытушы орта баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескеріле отырып құрастырылған, балаға өзінің дамуы барысында жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

- заттық-дамытушы ортаны толықтырып отыру баланың білім беру үрдісіне өз еркімен қосылуына, ойыннан оқу қызметіне ауысуына ықпал етеді, бала бойында дамуға, өзін жетілдіруге деген танымдық және әлеуметтік мотивация қалыптастырады.

- мониторинг жүйесін қолдану (психологиялық-педагогикалық диагностика): объективті және нақты мәлеметтер ала отырып, әртүрлі әдістерді үйлесімді қолдану (бақылау, әңгімелесу, сараптамалық бағалау, тестілеу).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Г. Нечаева, Т.А. Маркова «Балалар бақшасында адамгершілікке тәрбиелеу» орыс тілінен өңделген, Алматы «Мектеп»- 1980

2. «Бала мен балабақша» журналы №5, 2016

3. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1992.

4. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж., № 4 2008 ж.



Аубакирова Мерuert Саматовна

Қарағанды қаласы, «Алданыш» бөбекжайы» КМҚМ
әдіскері
aubakirova1974@list.ru

ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада мекетепке дейін ұйымда балаларға табиғатты таныстыра отырып, олардың қыр-сырын, әсемдігі мен көріктілігін көркем әдебиет, халық ауыз ертегілері арқылы ұштастыру туралы ой білдіріледі, іс-тәжірибеден мысалдар ұсынылады.

Түйін сөз. Тірі-өлі табиғат, қамқорлық, сенімділік, тұқым, аула, алаңқай.

«Табиғаттың бізге жұмбақ сырлары көп таңданар»
Мұхтар Шаханов.

Қазіргі қоғамның даму бағыты бүкіл білім беру ұйымының алдына жас жеткіншектердің ақыл-ойын, білім деңгейін жан-жақты дамыту мәселесін жүктеп отыр. Себебі егеменді еліміздің ертеңі жас балғынның болашақ білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді.

Тәрбие мен білім беру жүйесінің бастапқы буыны балабақша болғандықтан, балаларға берілетін алғашқы білім нәрі де осы табалдырықтан басталады. Ол ҚР МЖБС сай көрсетілгендей баланың өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, оның құбылыстарымен таныстырудан тұрады.

Адамзаттың қоршаған ортаға тәуелділігі – сол табиғаттың ен байлықтардың қайнар көзі және өмір сүру ортасы болғандығынан. Ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, адам бойында үш қабілет ерекше жаралған, олар – дене құрылысы, жан құмарлығы мен ой-парасаты. Осындай көзқарастың қалыптасуы мен даму тарихына көз жүгіртсек, оның адам баласының табиғатты танып-білуімен тікелей байланыстылығын аңғарамыз. Адам мен табиғаттың, табиғат пен қоғамның арасындағы қарым-қатынас өмір сүрудегі

аса қажетті алғы шарттар болып саналады, [1. 222б.]. Балаларға табиғат жайында берілетін ұғым мазмұны жыл мезгілінің ауысуына қарай өзгеріліп отырылады. Мұндағы мақсат – баланы өздерін қоршаған табиғатпен таныстыра отырып, ақыл-ойын дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорларын дамыту, табиғатты аялап, қамқорлыққа алу туралы білімдерін ұштастыру. Бала тілінің жетілгендігі ақыл-ойдың даму нәтижесінен туындайды және тіл мен ойдың өзара байланыста жүретіндігі дәлелденген. Мектеп жасына дейінгі баланың ойының және тілінің дамуы қоршаған ортаны, табиғатты қабылдауына байланысты. Жас баланың психологиялық ерекшелігі олардың ақыл-ойының нақты заттарды тікелей көру арқылы, онымен бірге күнделікті қарым-қатынас жасап бетпе-бет кездесу барысында және басты ерекшеліктерін сезіну мен қабылдау нәтижесінде дамиды, [2. 30б.]. Бала тікелей көзбен көріп сезген заттарын қабылдайды. Олай болса баланың сәби кезінен бастап кездестіріп сезіне білетін, оған бақылауға, көрсетуге ыңғайлы да тиімді табиғат заттары мен құбылыстары жатады. Бала алғаш жауған қарға алақанын тосып, оның

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

қасиетімен танысады. Қардың қалай қайдан пайда болғаны туралы, неге еритіні және тағы басқа қасиеттері баланы қызықтырады. Міне, осының бәрі бала табиғатына тән қасиет. Балаға қардың қасиетін айтып түсіндіру оқу іс-әрекетімен бірге серуен кезінде жүзеге аспақ. Бірінші күні қарды қатырып, бірнеше түрлі мүсін мұздақтар жасап, баланың табиғатқа деген, табиғаттың құбылысына деген қызығушылығы арттырсақ, екінші күні ол қарды балабақшаға алып кіріп, еріту тәжірибелерін жүргізуге болады. Ересектер тобында осы қардың катты, ұлпа, жылтыр, мамық, екенін далада бақылап, топқа кіргенде оны еріту арқылы таза-кір екені туралы тәжірибені көріп, бала қардың тағы бір қасиетін көріп, оны ауызға салуға болмайтыны туралы ақпараттың дәлеліне көзін жеткізеді. Ересек тобының бүлдіршіндерін өлі табиғатпен таныстыруда табиғатта заттардың бір қалыптан екінші қалыпқа өзгеретінін байқап, аязда су мұзға, жылы кезде мұз суға, су буға, керісінше бу суға айналуы туралы білімдері толыға түседі. «Егер де педагог бір нәрсені баланың есінде қалдыруды көздейтін болса, ол оқу әрекетінде көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолымен ұстау және сезім мүшелерін қолдану керек» деген екен К. Ушинский, [2. 306].

Балаларға қоршаған ортаны таныстыра отырып, оларға әртүрлі табиғат құбылысы мен табиғаттың кереметтілігі туралы әңгіме, ертегі оқып, бүлдіршіндердің білімі мен бірге тілін де дамытпақ. Бүлдіршіндерге «Ормандағы оқиға», «Жыл мезгілдері», «Он екі ай», «Табиғат сыры» тағы басқа әңгімелерді оқып, балалардың табиғаттан алатын әсерлерін, сөздік қорларын дамытамыз. Балалармен табиғат құбылысына байланысты мысал ертегілерді сахналап, жан-жануарлар мен жәндіктерді танып білуге үйренеді. «Шегірге мен құмырсқа» мысалын сахналау барысында, балалар жыл мезгіліне сай адамдар еңбек ету керектігін түсінеді. «Еңбек етсең ерінбей – тояды қарның тіленбей» деген мақалдың мағынасын ашып, мысалдағы қай кейіпкерді жақтап, қай кейіпкердің ісі дұрыс емес

екенін анықтап, білімі мен сөздік қорын молайтады. Балаларға көктем мезгілінде алғашқы қардың еруімен бірге топырақты құтыға салып, оған бірнеше дақылдар мен көкөністер тұқымын егіп, оның өсу қарқынын бақылатып, өсімдіктер мен дәнді-дақылдар да еңбек арқылы өсетінін түсіндіріп, ұзақ бақылауға деген бала бойындағы төзімділікті дамыту. Бақылағыштары дамып, күн сайын бақылау күнделігін белгілеу арқылы ой желісінен өткізу дәріптеледі. Қылтиып шыға бастаған өсімдікке деген қамқорлық сезімі оянып, ауладағы бау-бақшаны әзірлеп бала еңбектеніп, өзінің алдына мақсат қоя алуына ықпал жасаймыз. Жаз бойы өзі отырғызған өсімдігі, көкөнісі немесе жемісін күтіп бағады, ата-анасына мақтанады, өз ісіне деген құрмет пен мақтаныш, сенімділік пен қамқорлығы оянады. Бала бойында еңбектің нәтижесін бағалауға деген құрмет пайда болады. Табиғаттың өз ерекшелігі бар, балалар серуен кезінде аулада өсіп тұрған терек-талдармен танысады. Олардың қасиеттерін бақылайды. Мысалға: аула-алаңқайындағы бозқарағанның гүлдері хош иісті, түсі күлгін екенін, бойы аласа екенін түсінсе, аласа бойлы қарақат жемісі талының жапырағы жасыл, гүлі сары, хош иісті, жемісі қара түсті болғанда жеуге жарамды екенін, қарақат талы адам ағзасына келтіретін А,С, дәрумендеріне бай өсімдік екені туралы білімдері балалар түсіндіріледі. Күнделікті көріп жүрген табиғаттың осыншама сыйы бар екенін бала бойына сіңіре білу де тәрбиешімен ұштасады. Балаларға жауын-шашын, күннің күркіреуі туралы, жаңбырдан кейінгі әсем кемпірқосақтың шығуы, күнге көзілдіріксіз қарауға болмайтыны туралы білімді оқу іс-әрекетімен бірге серуен кезінде жүзеге асыруға болады.

Жаз мезгілінде балалармен бірге саябаққа саяхатқа шығып, ағаштар мен бұталардың, өсімдіктер мен көбелектердің әртүрлілігіне, соқпақ жол мен қара жолдың қасиеттерімен таныстырып, ой-өрістерін дамытуды жоспарлап, нәтижесіне жетуге болады. Күз мезгіліндегі саяхатта жапырақ түстерінің байлығын сезінсе, қыстыгүні қардың сықырлағанын, ағаштардағы қырау-

лар мен құстардың іздерін бақылауға болады. Қыс мезгілінде саяхатқа шығып, өздерінің кішкентай достары құстарға ұя сыйлап, құстардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейтеді. Қысқы еңбектің маңыздылығын, ауыл мен қала еңбек түрлерімен таныстырып, бүлдіршіндерді еңбексүйгіштікке тәрбиелейміз.

Балалардың балғын күлкісін шарықтату мақсатында ата-аналармен бірге «Құстарға ұя сыйла», «Менің кішкентай досыма» деген тақырыпта ұялар әзірлеп балабақша ауласына іліп, құстарға деген қамқорлық

сезімді ояту көзделеді. Табиғатты бақылау арқылы баланың қызығушылығы артып, оның құмын, суын, жәндігін, өсімдігі мен жануарларын көзбен көріп, қолмен ұстайды. Мақсатты түрде ұйымдастырылған жүйелі үрдіс кезінде ғана баланың қабылдауын, ойын, тілін, дамытуға болады.

Табиғат пен адам, егіз әлем ретінде, бірін-бірі күтуге, аялауға міндетті. Олар бір-біріне сый, құрмет жасауға тиіс болса, сол сыйластықтың бір түрі-адамның табиғатқа деген пейілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілешов Е., Әріпбекова Г. Алаштың ардағы. Тілдерді дамыту басқармасы «Руханият» орталығы. Астана – 2008.
2. Отбасы және балабақша. № 9-10. 1995.





Кушкинбаева Зинагуль Тлеккабыловна

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР» САЙЫСЫ

Мақсаты: ұлттық ойындар тарихын жандандыру, ұлттық құндылықтарын қадірлеу, патриоттық сезімін қалыптастыру. Ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.

Жүргізуші: Құрметті жарысқа қатысушылар және апайлар! «Ұлттық ойындар» сайысына қош келдіңіздер! Жарысқа қатысатын 4 ересек топ балаларын ортаға шақырып, Бай мен Алдаркөсе ауылына барамыз. «Қыран» тобы, «Тұлпар тобы», «Барыс» тобы, «Арлан» тобы. Балалар, қане, амандасып алайық. Алдаркөсе, балаларға қандай ұлттық ойындарды дайындап қойдыңыз?

Алдаркөсе: Ой, мен ұмытылып бара жатырған ұлттық ойындарды дайындап қойдым. Байеке, балалардың ойындарын тамашалап отырайық.

Жүргізуші: Сайысымыз 6 бөлімнен тұрады.

1. «Күш сынаспақ»
2. «Тауық күрес»
3. «Көкпар»
4. «Арқан тарту»
5. «Асық ату»
- «Теңге ілу»

Жүргізуші: Міне, балалар шықты алаңға, Жас спортшылар жеке-жеке команда. Ал, балалар өздерінді таныңдар, Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды -дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

1топ «Қыран»



Топ капитаны – Санжар

2топ «Тұлпар»

Топ капитаны – Рахман

3топ «Достық»

Топ капитаны- Али

4топ «Барыс»

Топ капитаны-Әділет

«Тұлпар» тобы

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсы ғой,





Озып шығу бір басқа
«Қыран» тобы
Босқа қарап тұрмайық,
Бағымызды сынайық
Намысты қолдан бермейік
Жарысты озып шығайық.
«Достық» тобы
Достық тобы алға,
Биіктерге самға.
Қарсыластан қалма,
Тек қана алға!
«Барыс» тобы
Біз барыспыз жеңілмейміз
Оңайлықпен берілмейміз
Асулардан өтеміз
Биік шынға жетеміз!

Жүргізуші: Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз. Бірінші сайысымыз «Күш сынаспақ»

Ойын шарты: Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. Екі бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқстырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Екінші сайысымыз: «Тауық күрес». Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді.

Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күресте 1- аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.

Үшінші сайысымыз: «Көкпар». Ойын шарты: Екі топтың балалары атқа мініп әуен ырғағымен айналып жүреді. Әуен тоқтаған кезде шеңбер ішінде жатқан қойды екінші шеңбер ішіне салу. Кім бірінші болып қойды салса, сол топ жеңіске жетеді.

Төртінші сайысымыз: «Арқан тарту». Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып кетсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Бесінші сайысымыз: «Асық ату» Ойын шарты: Ортаға асық тігіледі. Әр бала өздеріне асық таңдап алады. Тігілген асыққа мергендік танытып асықтарды атады. Қай топ асықты көп атса сол топ жеңіске жетеді.

Алтыншы сайысымыз: «Теңге ілу». Ойын шарты: Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке атқа мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп



МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ

қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Біздің топта ұлдар,

Тату – тәтті ойнаймыз.

Баршаңызға, бәріне,

Тек қуаныш сыйлаймыз – дей келе сайысымызды аяқтаймыз.

Қорытынды: Сайыс қорытындысын шығарып, балаларды мақтау марапаттау. Алған әсерлерімен бөлісу. Барлық сайысқа үлестерін қосқан тәрбиеші, ата-аналар, балаларға алғыс білдіру.



Пайдаланылғын әдебиеттер:

1. С.Г.Бәтібаева, Р.Қ.Байдекенова «Дене шынықтыру» әдістемелік құралы- 2013жыл.,
2. Ұлттық ойындар жинағы - 2006 жыл.





Мендгалиева Жеміс Нысанғалиқызы
Атырау облысы, Мақат ауданы,
«Болашақ» бөбекжай-балабақшасының
музыка жетекшісі

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ САЗ ӨНЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Қазақ халқы мәдениетінің аса маңызды элементтерінің бірі көптеген адамдардың өмірі мен тарихи тәжірибелерімен тиянақталған тарихи мұра іспеттес ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ертеден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Бала тәрбиесінде ұлттық ойындардың алатын орыны ерекше. Себебі бала айналасындағы жағдайлардың бәрін ойын арқылы қабылдайды. Сол арқылы тәрбиеленіп, өнерді де үйренеді. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелелеп, эстетикалық талғамы жоғары мәдениетті тұлға тәрбиелеудегі тендесі жоқ құрал.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сондықтан да балабақшадағы тәрбие жұмысын ұлттық дәстүрге сәйкес жүргізу басты міндетіміз болуы шарт.

Шаттық шеңбері: Біз ақылды баламыз, Өседі ой-санамыз. Ойнаймыз да ойлаймыз, Үйренуге құмармыз.

Музыка жетекшісі: балалар сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма?

Ендеше, менің бірнеше сұрақтарыма жауап берсеңдер ойынды бастаймыз.

Музыка жетекшісі: балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: қыс

Музыка жетекшісі: қыс мезгілінің ерекшеліктерін кім айтады?

Балалар: күн салқын, далада мұз қатады, қар жауады.

Музыка жетекшісі: балалар, шынымен жерге аппақ қар түсіпті. Мында аппақ қарлардың арасында бір сиқырлы сурет қиындылары түсіп қалыпты, құрастырып көреміз бе?

Балалар: асықтың суретін құрастырады.

Ойын: «Үш табан»

Мақсаты: Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру.

Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден үш табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.

МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ

Ойын: «Жел көбік»

Дыбысын табу: (шар жарылады)

Саз жетекшісі: бұл ненің дыбысы?

Балалар: шардың дыбысы

Мақсаты: Балаларды шеңберді сезіну, үлкен-кіші мағынасын айыру. Ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа баулу, ән мәтініне сай қимылдау дағдыларын дамыту.

Ойын барысы: балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші әндетеді. Балалар өлең мазмұнына сай қимылдар орындайды.

Саз жетекшісі: Көпіре көр көбік шар

Көпіре көр кеңіп шар

Осы күйі қал тұрып,

Кете көрмей жарылып.

Шеңбер кеңейеді.

Саз жетекшісі: Жел көбік жарылды дегенде, балалар қолдарын түсіріп, бір дауыспен «Тарс» деп тізерлеп отыра кетеді.

Тосын сәт: балалар бізге қонаққа Әділет келді. (қуыршақ-маникен).

Әділет: сәлем достар, сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: біздер ұлттық ойындар ойнап жатырмыз.

Әділет: менде сендермен ойнағым келеді бірақ, менің көңіл-күйім болмай тұр.

Саз жетекшісі: Әділет сен неге көңілсізсің?

Әділет: мен ойнап жүріп тақиямды жоғалтып алдым, сендер тақиямды тауып беруге көмектесесіңдер ме?

Балалар: ия, көмектесуге дайынбыз?

Ойын: «Тақия тастамақ»

Мақсаты: балаларды зеректікке байқампаздыққа тәрбилеу. Шапшаң қимылдау арқылы жеңімпаз болу шеберліктерін арттыру. Ұлттық киімдерді құрметтеуді насихаттау.

Шарты: Балалар көздерін жұмып, шеңбер бойымен отырады. Саз жетекшісі әуенмен шеңберді айналып жүреді. Әуен аяқталған кезде қолындағы тақияны кезкелген баланың артына қоя салады да, тақия қайда - дейді? Бала тақияны алып, Әділетке беру үшін жүгіре жөнеледі. Қалған балалар

тақиясы бар баланы қуады.

Ойын: «Айгөлек»



«Айгөлек» әні орындалады.

Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа баулып, ұжым болып ойнау үйрету. Достық қарым-қатынастарын дамытып, шапшаңдылық пен ептілік күш-жігерлерін дамыту.

Шарты: балалар екі топқа тең бөлініп тұрады. Кезек-кезек әндетіп бір-бірін шақырады.

Саз жетекшісі: Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Ақ терек пен көк терек,

Шауып алдым бәйтерек

Ана топтың ішінен

Бізге.....керек - деп балаларды ортаға ойынға шақырады.

1-ші топ: Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Ақ терек пен көк терек,

Шауып алдым бәйтерек

Ана топтың ішінен

Бізге.....керек.

2-ші топ: Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Ақ терек пен көк терек,

Шауып алдым бәйтерек

Ана топтың ішінен

Бізге.....керек.

Қорытынды: Ойын-сауық шарасын қорытындылай отырып, жеңімпаз топ анықталады. Белсенді балалардың аты аталып, марапатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Құрманбаев «Алматы» 2004 ж. «Ұлттық ойындар бүгіні мен келешегі»

2. А. С. Атабаев «Кітап» 2006 ж. «Ұлттық ойындар-халық мұрасы»



Аушекенова Данагуль Едыгеевна

Қарағанды қаласы
«Тілек» бөбекжайының
тәрбиешісі

БӘЙШЕШЕК ГҮЛІ (қойылым)

Аңдатпа. Бұл қойылымда балаларды табиғаттың ерекшеліктерін және орман тұрғындарын біліп тану үшін жасалған. Бәйшешек гүлінің қандай екенін бақылап және жалпы қоршаған орта табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.

«Жер жылыды, сен де жылы» дегендей
Күннің ыстық шұғыласына бөленбей
Қар астынан қылтияды бәйшешек
Тұрмақшы боп ешбір көзге еленбей
Т. Молдағалиев

Мақсаты: Балаларды табиғат ерекшеліктерін оның әсемдігін байқатып, бөлінген рөлдерді емін-еркін ойнай білуге үйрету. Қоршаған орта табиғатты аялап, сүйіп, таза ұстауға тәрбиелеу

Тәрбиеші: Қазір біз аналарымызға орманға гүлге барамыз. (Залға кіріп, қатарға тұрып, билеп, орманға келу). Балалар, міне біз орман алаңына келдік. Қараңдар, бәйшешек гүлдері гүлдепті. Егер біз жылдамырақ келісіп істесек, аналарымызға көп гүл жинап аламыз.

Тәрбиеші: Ой, бұл не? (Музыка қатты көрсетілетін әуен.)

Тәрбиеші: Біз орман алаңына гүлге келдік Анамызға гүл жинауға келдік.

Жасар: Көктем келді, алақай

Жаз шығарын хабарлап.

Далаға шық, балақай!

Жарқырайды бар аймақ.

Марат: Оңтүстікте бозторғай

Ән салады тербеліп

Бәйшешек пен жауқазын

Желкілдейді ержетіп.

Дауыс: Ормандағы жаңғырық дауыс. Бәрі орындыққа отырады. Музыка ойнайды.

Леший: Неге орманға келдіңдер

Басқа жоқтай жер

Айқайлап орманды көтердіңдер

Бәйшешек гүлін таптадыңдар.

Аружан: Мамамызға сыйлауға

Гүлге келдік орманға.

Леший: Ұзақ өмір сүрсемде

Мама дегенді білмеймін

Кім ол?

Ән: «Ана туралы жыр» орындайтындар: Әлішер, Абай, Ағыбай.

МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ

Леший: Мен әнді түсінбедім. 4 қыз: Сабина, Фатима, Алия, Алина жүгіріп шығып гүлдерді жұла бастайды. Әр ананың арманы

Оған гүл сыйлағаны.

Леший: (қорқып кетеді). Не істеп жатырсыңдар, тоқтатыңдар! Олай болса ендеше , мен бәріңді гүлге айналдырамын, босатпаймын ешкімді үйге.(бас киім кигізу)

Би: « Бәйшешектер » (бидің соңында бишілер гүл болып тұрып қалады)

Тәрбиеші: « Балаларымыз қайда »десе, аналарымызға не дейміз?

Фея: (музыка ойналады) Достар көрдім мен бәрін

Көмектесейін мен бүгін

Ояныңдар қыздар

Күлімдендер ұлдарға. (Оянып рахмет айтады)

Тәрбиеші: Балалар, енді біз аналарымызға қанша гүл керек болса, сонша гүл жинап, тере аламыз. Ұл балалар, келіңдер, көмектесіңдер.

Құрмет: Ой, бұл не? (Желдің дауысы)

Кикимора: Кім жұлып алды, бірінші гүл менікі.

Құрмет: Бұл мен – Қ.М., гүлді анама жұлып алдым.

Кикимора: мазақтап, күледі

Әлібек: Орманның кикиморасы, сен өте аямшақ, ашуланшақсың.

Кикимора: Алаңыңда орманның

Барлық жердің ханшайымымын

Қазір сендерді сиқырлап тастаймын

Тек алайын сендерді бір үрлеп.

Ерзат: Біз гүлдермен тек мамаларымызды құттықтап жіберейік.

Кикимора: Мен сендерді сыпайы, әртүсті құстар қылдырамын. (бас киім кигізу)

Би: «Құстар» Бота, Сабина, Әсем-ай, Аружан, Диана, Аяна. (құстар болып қалады)

Кикимора: Қорғайық біз ортаны

Қорғаған бізді орманды, - деп шығып кетеді.

Тәрбиеші: Мамаларға не дейміз,

Қайда десе баламыз.

Балалар: Мүмкін Феяны шақырамыз?

Дауыс: бейне таспаға жазылған дауыс.Каринаны шығарып жіберу

Құстар: Рахмет саған Фея дейміз Біз ешқашан көңілсіз болмаймыз.

Дауыс: жазылған дауыс естіледі.

Муз. Ойын: « Қоян секіріп келеді »

Қоян: мынау қайырымды Феядан. (бір құшақ гүлді тәрбиешіге береді)

Тәрбиеші: Ой, рахмет саған, қоян. Біздің аналарымыз қуанатын болды ғой. (қоян шығып кетеді).

Күн ұясына барады батып

Орманда кетуіміз мүмкін адасып

Қайтайық біз балабақшаға

Күлімдейік сүйікті анамызға

Музыка ойналады. Кикимора және Л. Кіреді.

Кикимора: Қара мыналарға

Бір құшақ гүл қолдарыңда

Босатпаймын мен ешкімді үйге.

Леший: Жарайды, Кика.

Тәрбиеші: Біз енді орманға келгенде гүлдерді жұлмауға ант береміз Біз сіздерге арнап ән салып берейік.

Тәрбиеші: Балалар, бәйшешек гүлін неге жұлуға рұқсат бермейтіндерін мен білемін. Енді, балалар, балабақшаға барайық. Аналарымыз бізді тосып қалған болар.Мерекелерімен құттықтап, феяның беріп жіберген гүлін сыйлап, қуанышқа бөлейік.



«Бақытты балалық шақ» атты балалардың асфальтқа сурет салу (сырттай) Республикалық байқауын қорытындысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы» РММ жоспарына сәйкес 2021 жылғы 02 маусымда «Бақытты балалық шақ» атты балалардың асфальтқа сурет салу (сырттай) республикалық байқауы өткізілді.

Байқауға 60 жұмыс 16 региондардан ұсынылды.

«Бақытты балалық шақ» республикалық байқауының қорытындысы номинациялар бойынша белгіленді:

«Ең тату команда»:



1. «Әрқашан күн сөнбесін» (Атырау облысы, Исатай ауданы, «Қарлығаш» бөбекжай бақшасы).

Орындаған: ересек «Наурыз» тобы балалары 4-5 жас), жетекшісі: Жолдыбаева Ғ.С.).



2. «Бақытты балалық шақ» (Алматы қаласы, «№187 бөбекжай-балабақшасы»).

Орындаған: ересек тобы (5 жас), жетекшісі: Мамытханова Ғ.М., Полищук М.В. Камалова А.И.).



3. «Дети - цветы жизни» Қостанай қаласы, № 4 бөбекжай бақшасы».

Орындаған: шығармашылық топ (5 жас), жетекшісі: Федорова О.С., Журавлева О.Ю.



4. «Бақытты балалар» (Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, «Айгөлек» бөбекжайы).

Орындаған: ұжымдық жұмыс (5 жас), жетекшісі: Тұрарова Қ.Ж.).



5. «Бақытты балалық шақ» (Алматы қаласы, №183 бөбекжай-балабақшасы).
Орындаған: мектепалды даярлық тобы (6 жас),
жетекшісі: Қалиакпарова Г.Ғ., Расулова А.).

«Шығармашылық орындау»:



1. «К мечте на алых парусах» (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, «Солнышко Тараза» жекеменшік бөбекжай-бақшасы).

Орындаған: Ғамзат Марлен (6 жас),
жетекшісі: Шуликина Н.Я.



2. «Менің сүйікті балабақшам» (Түркістан облысы, Отырар ауданы, «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы).
Орындаған: Әбілда Раяна (5 жас),
жетекшісі: Екейбаева М).



3. «Менің бақытты балалық шағым» (Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, № 20 көптілдікті дамыту орталығы сәбилер бақшасы.

Орындаған: Найманова Ариана (5 жас), жетекшісі: Камынина С.Е.).



«Раскрасим радугу». (ШҚО, Глубокое ауданы, «Пчёлка» бөбекжайы. Орындаған: Лошкарева Ангелина (4 жас), жетекшісі: Сбитнева Н.А.).



5. «Бақытты бал бала жүрегі» (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, №21 «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы.

Орындаған: Нұрбақытұлы Бекнұр (5жас), жетекшісі: Болат Айда Ерғалиқызы.

«Шығармашылық орындау»:



1. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнау» композиция. (Алматы қаласы, №152 бөбекжай-балабақшасы. Орындаған: мектепалды даярлық тобы (6 жас), жетекшісі: Қуанышова А, Дилдабекова П.)



2. «День сегодня необычный, замечательный, отличный».
(Павлодар облысы, Ақсу қаласы, №24 сәбилер бақшасы.
Орындаған: ересектер тобы (5-6 жас) жетекшісі:
Черкашина Е.М., Черепанова С.В., Замалутдинова С.В.)



3. «Менің бақытты жүрегім» (Жамбыл облысы, Меркі ауданы, А.Қосанұлы атындағы №18 жалпы орта білім беретін тірек мектебі.
Орындаған: Атабеков Мурагер (6 жас),
жетекшісі: Аманова М.Д.)



4. «Мен бақытты баламын»
(Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, №10 «Толқын» бөбекжайы.

Орындаған: Бабаев
Рифат (6 жас), жетекшісі:
Сисенғалиева Т.)

«Ерекше ойлау»:

1. «Бақытты балалық шақ» (Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Сыр бөбегі» бөбекжай-бақшасы.
Орындаған: Ғалым Айым (6 жас), жетекшісі:
Арызқұлова А.)





2. «Наш Казахстан глазами детей» (Қостанай облысы, Қостанай ауданы, «Сәулетай» бөбекжай бақшасы. Орындаған: «Гүлдәурен» шығармашылық тобы (5-6 жас), жетекшісі: Демчук И.С., Качелаева О.В.).



3. «Бақытты балалық шақ» (Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті Ж. Тәшенов атындағы орта мектебінің жанындағы «Күншуақ» шағын орталығы. Орындаған: Қайрат Айлим, жетекшісі: Смагулова Л.Б.).



4. «Әр қашан күн сөнбесін» (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Айзере-Айсауле» жекеменшік балабақшасы. Орындаған: ұжымдық жұмыс (6 жас), жетекшісі: Тайтелиева А.).



5. «Менің бақытты отбасым» (Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы. Орындаған: Серік Адия (6 жас), жетекшісі: Ақилбекова Ж.Е.)

«Позитивті көзқарас»:



1. «Түрлі - түсті тамшылар» (Алматы облысы, Қаратал ауданы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы. Орындаған: Серік Айзере (5 жас), жетекшісі: Қуатова Н.А.)



2. «Әлемдегі өзгерістер балалар арманы» (Атырау облысы, Атырау қаласы, №28 «Алмагүл» бөбекжай бақшасы. Орындаған: ересек тобының балалары (5-6) жас, жетекшісі: Утешова Г.Ф., Өтеулиева М.К)



3. «Бақытты балалық шақ» (БҚО, Теректі ауданы, «Ақбота» бөбекжайы. Орындаған: Киндербаев Даниль (4 жас), жетекшісі: Нугманова А.).



4. «Мое счастливое детство» (Ақмола облысы, Аршалы ауданы, «Светлячок» балабақшасы. Орындаған: Химченко Евгения (6 жас), жетекшісі: Жармухамбетова С.Т.).



5. «Бақытты балалық шақ» (СҚО, Шал-Ақын ауданы, «Балдаурен» шағын орталығы. Орындаған: Коккыз Рамазан (4 года), жетекшісі: Тарасенко А.В.).

«Ойдың өзіндік ерекшелігі»:



1. «Из чего же, из чего же, из чего же сделано наше детство!» (СҚО, Петропавл қаласы, «Алақай» балабақшасы, Орындаған: мектепалды даярлық тобы №12 (5- 6 лет), жетекшісі: Боровко И.С., Казмирчук Н.А.).



2. «Машина» (Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, «Атамекен» балабақшасы. Орындаған: Абдугаппар Даниал (5 жас), Жетекшісі: Саурбаева Н.Р.)



3. «Бақытты балалық шақ» (Алматы облысы, Талдықорған қаласы, №11 «Құлыншақ» аралас бөбекжай-бақшасы. Орындаған: ересек тобының балалары (5 жас), жетекшісі: Екибаева Ж.Т.).



4. «Бақытты балалық шағым – менің отбасым» (Ақмола облысы, Аршалы ауданы, «Қарлығаш» жекеменшік балабақшасы. Орындаған: Бастыбай Жанерке (5 жас), жетекшісі: Кенжалова Г.).



5. «Біз бақытты баламыз» (Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Бейнеу» санаторлық бөбекжайы. Орындаған: Қобылан Асылай (4 жас), жетекшісі: Қанжарова Ә.Б.).

«Көркемдік мәнерлілік»:



1. «Мен бақыттымын» (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №12 бөбекжай-бақшасы.

Орындаған: ересектер тобы (5 жас), жетекшісі: Мухутдинова Б.С.).



2. «Балалық шағымыздың бақытты сәттері» (СҚО, Тимирязев ауданы, «Радуга» бөбекжай-бақшасы. Орындаған: ересектер тобы «Күн» (4-5 жас), жетекшісі: Байлина Г.К.).



4. «Менің бақытты баламын» (Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, №16 «Ертегі» бөбекжайы. Орындаған: Нұржанұлы Бекарыс (6 жас), жетекшісі: Кемаладин А.С.).

«Ең жақсы көркемдік шешім»:



1. «Моя любимая семья» (Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Целинный жалпы білім беретін мектебі.

Орындаған: Николаева Мария (5 жас), жетекшісі: Камалова Р.Р).



2. «Әрқашан күн сөнбесін» (БҚО, Қаратөбе ауданы, «Аққозы» мектеп-бөбекжай бақшасы.

Орындаған: Бақытғали Нұрмухаммет, Бекберген Асылай, жетекшісі: Кеңес Н.)



3. «Радужная планета» (ШҚО, Глубокое ауданы, «Пчёлка» бөбекжайы.

Орындаған: мектепалды даярлық тобы «Сәулетай» (5-6 жас), жетекшісі: Амангельды А.К.).



4. «Мое солнечное детство» (Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Краснодон жалпы білім беретін мектебі.

Орындаған: Вихарев Матвей (5 жас), жетекшісі: Большакова Н.В.).

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы «БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» тақырыбындағы балалардың асфальтқа сурет салу республикалық сайысына қатысып, номинациялар бойынша жеңімпаз атанған барлық бүлдіршіндерімізді шын жүректен жеңістерімен құттықтайды!

Алдағы уақытта да үлкен шығармашылықпен, бұдан да биік асуларды алуларыңызға тілектеспіз.